

Қазақстан Республикасы ТЖМ Мәлік Ғабдуллин атындағы  
Азаматтық қорғау академиясы

**«ҒАЛЫМ МӘЛІК ҒАБДУЛЛИН ЖӘНЕ ЖАҢА  
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ»**

IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының  
мақалалар мен баяндамалар жинағы

15 қараша 2021 ж.

**ОӘЖ 378**  
**КБЖ 74.58**  
**Ғ 38**

**Ғ 38 Ғалым Мәлік Ғабдуллин және жаңа қазақстандық патриотизм.**  
IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының мақалалар мен баяндамалар жинағы. 2021 ж. 15 қараша. – Көкшетау: Қазақстан Республикасы ТЖМ Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы, 2021. – 240 б.

**Редакциялық алқа:**

*ф. э. д. С. Негимов; т. э. д. С. Д. Шәріпханов;*  
*ф.-м. э. к. К. Ж. Раимбеков; т. э. к. Қ. Қ. Карменов;*  
*филос. э. к. Э. Г. Шуматов; PhD докторы Қ. Ә. Нарбаев;*  
*ф. э. к. С. К. Қасымова.*

**ISBN 978-601-7978-37-2**

Конференцияның материалдары шығармашылық ахуал мен қызықты пікірталастар арқылы жастарды жаңа қазақстандық отансүйгіштік рухында тәрбиелеуде, жаңа шешімдер табуға, одан әрі қарай білімдерін жетілдіруге және даму келешегін табуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге сан қырлы талант иесі Мәлік Ғабдуллиннің ғалымдық болмысы, ғылыми өрісі сарқылмай, уақыт озған сайын, күн өткен сайын өзінің өміршеңдік сипатын жоғалтпай жаңғыра, жаңара, жарқырай түсу үшін жинақталған.

Жинақ ТЖМ қызметкерлеріне, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, магистранттарына, курсанттар мен студенттеріне арналған.

**ОӘЖ 378**  
**КБЖ 74.58**

**ISBN 978-601-7978-37-2**

© Қазақстан Республикасы ТЖМ  
Мәлік Ғабдуллин атындағы  
Азаматтық қорғау академиясы, 2021

**Приветственное слово  
Министра по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан  
генерал-майора Ильина Ю.В.**

**Уважаемые коллеги, участники и гости конференции!**

От имени Министерства по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан и себя лично приветствую участников IV-ой Международной научно-теоретической конференции «Ученый Малик Габдуллин и новый казахстанский патриотизм»!

Проведение активной воспитательно-патриотической работы среди личного состава органов гражданской защиты должно способствовать формированию мировоззренческих установок сотрудников, направленных на защиту интересов государства и личности. Поэтому не случайно одним из важнейших направлений воспитательной работы в системе гражданской защиты является гражданско-патриотическое воспитание.

Академия гражданской защиты имени Малика Габдуллина МЧС Республики Казахстан является единственным в Казахстане профильным образовательным учреждением, которая не только обеспечивает подготовку и переподготовку востребованных кадров для системы органов гражданской защиты, но и формирует образ будущего офицера – спасателя.

Символично, что в год празднования 30-летия Независимости Республики Казахстан нашему высшему учебному заведению присвоено имя Героя Советского союза – Малика Габдуллина, и был присвоен статус «Академии».

Воспитание высокого чувства патриотизма, верность профессиональному долгу, добросовестное выполнение служебных обязанностей, укрепление духовно-нравственных качеств – это и есть формирование мировоззренческой и активной гражданской позиции сотрудников органов гражданской защиты.

Убежден, что проведение конференции станет значимым вкладом в решении актуальных задач, связанных с формированием нового казахстанского патриотизма и будет способствовать выработке гражданско-мировоззренческих ориентиров и установок, как сотрудников системы гражданской защиты, так и граждан республики в целом, а также будет способствовать привлечению широкой общественности к проблематике конференции.

Желаю вам плодотворной работы и всего самого доброго!

**Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі**  
**М. Ғабдуллин атындағы**  
**Азаматтық қорғау академиясының бастығы,**  
**техника ғылымдарының докторы, профессор, полковник**  
**С.Д. Шәріпхановтың**

**АЛҒЫ СӨЗІ**

**Құрметті зиялы қауым, конференция қонақтары, әріптестер,  
курсанттар және конференция қатысушылары!**

Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толып отыр. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін айқындайтын маңызды белес. Тарих тұрғысынан алғанда, отыз жыл – көзді ашып жұмғандай қас-қағым сәт. Дегенмен, бұл көптеген халықтар үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады. Біз де осындай жолдан өтіп келеміз.

Тәуелсіздік – ата-бабаларымыздың ежелден келе жатқан арман-тілегі. Халқымыздың бостандыққа ұмтылысының және өшпес қайсар рухының арқасында тәуелсіздікке қол жеткіздік. Бұл күнге жеткен ұмытылмас оқиғалар – ел бостандығын қорғау соғыстары мен ұлт-азаттық көтерілістердің тарихымызда өшпес өнеге, өлмес мұра ретінде сақталғаны да рас. Елдің біртұтастығы мен тыныштығын сақтауға хан-сұлтандар, батырлар, қарапайым халықтың өзі де жандарын пида еткені ғажап емес.

Осы жыл тек мемлекетіміз үшін ғана емес, біздің оқу ордамыз үшін де айтулы өзгерістерге толы болды. Көкшетау техникалық институты Азаматтық қорғау академиясы болып, сондай-ақ «ер есімі – мәңгі ел есінде» демекші, академияға Ұлы Отан соғысының қаһарманы, академик-ғалым Мәлік Ғабдуллиннің есімі берілді. Бұл батыр бабамыздың есімін мәңгі ұлықтау әрекетіміздің бірі деп білемін.

М. Ғабдуллиннің есімін беру – бір күннің тарихы емес. 2018 жылы І конференция қатысушылары белгілі қоғам қайраткерлері мен ғалымдар Кеңес Одағының Батыры М. Ғабдуллиннің есімін институтқа беру туралы мәселені қозғап, оны резолюцияға мерзімін көрсете отырып қабылдаған болатын. Осы ретте Академияға М.Ғабдуллиннің есімін беру туралы құжаттары Төтенше жағдайлар министрі генерал-майор Ю.В. Ильиннің қолдауымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастикалық комиссияға жіберіліп, оңтайлы түрде шешімін тапты.

Өткен жылы коронавирустық инфекцияның пандемиясына байланысты конференция қашықтық форматында өткізілді. Конференцияның мәртебесін республикалықтан халықаралық деңгейге көтеру туралы шешім қабылданды. Резолюцияның осы тармағын біз бүгінгі күні орындап отырмыз.

Өскелең ұрпақтың бойында азаматтық және патриоттық сананы қалыптастыру – тәуелсіз мемлекет құрудың ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады. Отансүйгіштік пен Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін дарыту мен дамыту, әскери және әскери-арнаулы мекемелердің қызметінде, сонымен қатар азаматтық қорғау жүйесінде де ерекше өзектендіріледі.

Отансүйгіштікті тек бос жаңғырық түрінде ғана емес, нақты тарихи тұлғалармен байланыстырған жөн. Мәлік Ғабдуллин сияқты көрнекті тұлғалардың мысалында әскери-патриоттық тақырыпты таңдау, кездейсоқтық емес. Патриоттық-тәрбие жұмысы, әсіресе, жас ұрпақпен ерліктің, күштің, батылдықтың, адалдықтың және Отанға қызмет ету мысалдарынсыз мүмкін емес, әйтпесе ол абстрактылы-үстірт сипатқа ие болады.

Біздің даңқты жерлесіміз ерліктің, күштің, батылдықтың, адалдық пен Отанға қызмет етудің айқын үлгісі. Оның шығармашылығында қозғалған патриотизм және құндылық-дүниетанымдық бағдарларды қалыптастыру мәселелері бүгінгі күні де өзекті.

Биылғы конференцияға ғалымдар, сарапшылар, оқу орындарының оқытушылары мен қызметкерлері, қоғам қайраткерлері мен мемлекеттік мекемелердің өкілдері, студенттер мен курсанттар қатысып отыр. 100 тарта мақала келіп түсті, олардың ішінде 5 мақала шет мемлекет ғалымдарының жұмыстары.

Өткізіліп отырған конференция мазмұнды өтетініне сенім білдіремін. Барлық конференцияға қатысушыларға табысты еңбек, нәтижелі пікірталас, және жаңа серіктестік пен достық байланыстар орнатуға тілектеспін.

---

## ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС БАЯНДАМАЛАРЫ

---

*Бекет Момынқұл,  
«Бауыржантану» ғылыми-зерттеу орталығының штаттан тыс  
қызметкері, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі,  
Қазақстанның құрметті журналисі. Тараз қаласы*

### **БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ЖӘНЕ МӘЛІК ҒАБДУЛЛИН (Хаттарда, мақалаларда, стенограммаларда баяндалған тарих)**

Бауыржан Момышұлымен Мәлік Ғабдуллиннің таныстығы 1941 жылдың желтоқсанында басталды. Екеуі дивизияның екі полкінде болғандықтан бір-бірін көріп танымаған. 41-ші жылдың қарашасында Бауыржан 19-шы (бұрын 1073-ші) полктың командирі болып тағайындалады. Бірақ белгісіз себептерге байланысты сол жылдың аяғына таман 23-ші (бұрын 1075-ші) полк командирінің орынбасары етіп ауыстырылады. Дәл осы полкта Мәлік Ғабдуллин рота политругі етін. Екі ай болар-болмас уақыт өткенде Бауыржанды өз 19 полкіне бұрынғы қызметіне қайта тағайындайды. Сол екі айдың ішінде Бауыржанмен Мәлік танысады. Содан бастап Мәліктің тағдырында Бауыржан айтарлықтай роль атқарады. Тіпті Кеңес Одағының Батыры атағына Мәлікті ұсынып, алып та берген осы Бауыржан етін. Бұл жөнінде сәл төменірек баяндалады.

Баукеңе жазған бір хатында Мәлік: «...23 февраль күні Талғар полкына командир болып белгілендіңіз. Біз Сізді зор тілек құрметпен аттандырып салғанбыз. Жауға қарсы көптеген ұрыстар жүргіздіңіз. Февральдың бас кезінде полк шабуылға шыққан шақта, Капров біраз күн ауырып қалды да, барлық жауапкершілік Сізге жүктелді. Шабуылға шыққан полкты Сіз басқарып көптеген сәтті ұрыстар жүргіздіңіз. Капров басқарған полкта бірге болған кезде таныстық... Сізбен бірге қызметтес болдық», - деп жазады.

1944 жылдың қаңтарында Бауыржан елге оралып, емделіп жүргенде, Мухтар Ауезовтың бастамасымен Алматыда Қазақстан мен Ресейдің шығармашылық және ғылыми элитасына лекция оқығаны бар. Сол лекцияларда бір оқиғаны баяндайды. Ол Бородино деревнясы үшін ұрыс болатын. Полкке Трошково деревнясын басып алу тапсырылған. Дивизия басшыларының пайымдауынша, дәл осы деревнядан

Соколовоны қорғап жатқан неміс әскерлеріне азық-түлікпен оқ-дәрі жеткізіледі. Ал рекогносцировкада түйінді нүкте Бородино деревнясы болып шықты. Оған алты жол апарады екен. Демек, Соколовоның қорғаныс негізі осында болғаны. Сонымен Момышұлы полкінің алдында алты деревня тұр. Олар: Трошково, Бородино, Баркловица, Трохово, Кашино, Коншино. Дәл осы сәтте оған қатты ойлануға тура келді. Егер Трошковоны басып алса, бұйрық толығымен орындалмағаны болады. Бұйрықты орындау үшін алты деревняны да алу керек. Оған күші жетуі екі талай: қарамағында полктің жарты құрамы. Ал оның қарсы алдында жәй неміс әскері емес, іріктелген эсэстың «Мертвая голова» дивизиясының бөлімдері тұрды. Сонда жауды қалай жеңіп, алты деревняны босатуға болады? Бауыржан атап өткен лекцияларында бұл сұраққа былай жауап береді: «Тек басмашылардың тәсілімен!» Тәуекелге салып, сол түнде ол полкінің жарты құрамын алты топқа бөліп бір сәтте алты деревняға шабуыл жасаймыз деп шешім қабылдайды. Ойы сәтті аяқталады.

Бірақ жау қыстақтарды қайта басып алмақ ниетпен бірнеше рет шабуыл жасайды. Фашисттердің шабулдарының бірінде оққа ұшқан батальон комиссары Гусевтің орнына Мәліктің қол бастап жасаған ерлігі туралы Баукең былай жазады: «Қайдан келіп қалғанын қайдам, жалт қарасам қасымдағының біреуі Мәлік.

– Ойбай, Мәлік, аналарға тез жүгір. Қырылып қалмаса бастарын көтерсін. Келіп қалды ғой, – деп сөзімді аяқтағанша Мәлік автоматын серт ұстап, бұғып жатқан роталарға қарай тұра жөнелді. Жау басынып, айбынды келеді. Қаптап, жақындап келіп қалды... ал, кешеден бергінің барлығы зая кетті деген осы деп жүрегім сұлқ ете түсе берегенде оң жақтағы бір шоқыдан 5-6 автоматшылар жер астынан шыққандай, автоматтарын безілдете айқайлай тиісті. Бүйірден соғу қандай жаман: жау легінің сол қанаты жапырла құлай бастады. «Айналып кетейіндер...» деуге тілім келгенше жаудың оң бүйірінен Мәлік бастаған жиырма шақты адамдар атқылай қарсы шапты».

Холм қаласының маңында болған ұрыста Мәлік жаудың екі танкісін гранатамен жарып, 12 солдатын тұтқынға алды. Ұрыс кезінде алған жарақатына қарамастан жауға қарсы оқ боратты. Жас жігіттің ерлігінің арқасында полктің тағдыры шешілді десек артық етпес. Оны түсініп, бағалаған Бауыржан Мәлікті 22 ақпанда (1942 жыл) Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынады. Бұл ұсынысты дивизия командирі қолдағанымен, жоғары әскери командование еш себепсіз тоқтатып тастайды. Сол атақты Мәлікке бір жылдан соң Баукең жорға алып береді. Осы жөнінде Жамбыл облыстық «Ақ жол» газетінің 1995 жылдың 23 желтоқсанындағы санында «Батырдың беймәлім сырлары»

атты мақаласында тарих ғылымдарының докторы Көкіш Рысбайұлы былай деп жазады: «Жауды Мәскеу түбінен шегіндіргеннен кейінгі көктемгі шабуылға әзірлігімізге армия қолбасшысы риза болды, – деді Баукең. – Оны өзімнің КП-мда жақсылап сыйладым. Оған мүмкіндігіміз бар еді. Соның алдында атқосшы адъютант мініп жүрген атқа снаряд тиіп, ауыр жараланған болатын. Семіз еді, дереу сойғызып, аспазшым, өзбек жігітіне қазы-қартасын, ішек-қарынын бабына келтіріп пісіріп, офицерлермен солдаттарымды бір тойғызған едім. Содан қалғанын астырттым. Басқа да көңіл көтеретін бірдемелер бар еді. Соғыс жағдайындағы қонақжайлығымызға дән риза болған генерал машинасына мініп жатып:

– Бауыржан, маған қандай өтінішің бар? – деп сұрады. Мен Мәлік Ғабдуллиннің көрсеткен ерлігін төмен бағаланғанын айттым.

– Олай болса сен барлық награда құжаттарын қайтадан жазып, арнайы адаммен тікелей өзіме жеткіз. Ар жағын өзім білем, – деді де жүріп кетті. Айтқанын орындадым. Сөйтіп Мәлік көрсеткен ерлігі үшін лайықты наградасын алды. Бәріміз қатты құандық».

Бірақ Көкіш ағамыз бір қателік жіберген сияқты. Бауыржанның полкіне армия қолбасшысы келді дегенінде күмән бар. Біздің білімімізше, корпус командирі генерал-майор Михаил Кутузов келген. Осы кісіні Мәлікте таныған. Бауыржанға 1943 жылдың 26 мамырында жазған хатында былай дейді: «Кутузовта болдым. Ол кісі сіздің бақырауықты мақтамайды, надан екен деп боқтайды. «Бір көргенде дұрыс сияқты, ал анықтап, түсіне қарасаң, ішек-қарны толған надандық екен», – дейді Кутузов. Мен осы определениеге қосылдым. Бұлар оны орнынан босату туралы әңгіме көтерген екен».

Мәлікке Кеңес Одағының Батыры атағы қалай берілгені жөнінде профессор Мекемтас Мырзахметұлы былай баяндайды: «Баукеңнің мәлімдеуінше, бір генералды өз полкында жақсы күтіп, шығарып салыпты. Генерал кетерінде:

– Не сұрайсыңдар? – десе керек. Ол кезде көп командирлер қару-жарақ немесе қосымша әскер сұрайды екен. Ал, Баукең болса өз жауынгерлерінің ерлік істері жазылған пакетті генералға ұстатып тұрып:

– Жолдас генерал, осы пакетті тиісті орынға жеткізуіңізді сұраймын, – депті. Арадан көп уақыт өтпей Мәлік пен Төлегенге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді деген Баукең».

Баукеңнің осы сөздерін Мәлік Ғабдуллин 1943 жылы 12 ақпанда Бибіжамал анамызға жазған хатында растайды. Хатта Мәлік: «...Маған герой атағын берді. Бұл атаққа ұсынуда Баукеңнің еңбегі зор, оны айтып



болмаса, жазып бітіре алмаспын. Тірі болсақ, Баукең еңбегін ақтау өз алдына...»

Тіпті, Мәлік 1943 жылы 15 ақпанда Бауыржанға жазған хатында: «...Мен Мәскеуге келіп жатырмын (награданы майданның өзінде Пуркаев тапсырған 05.02.1943 ж.), бұл атаққа ие болуда менің қызметім аз, қызмет, жақсылық, істеген еңбек – сіздікі. Сіз болмасаңыз, ескерусіз қалған әңгіме еді ғой. Сізге көп рахмет, тірі болсам, жақсылыққа жақсылықпен жауап қайырылатыны сөзсіз. Тек тірі болайық», – деп жазған.

Сол қуанышты хабарды хат арқылы бірінші жеткізген де Баукең болған. Бұйрық шыққан соң үш күннен кейін 1943 жылы 3 ақпанында Баукең «Мәлікке» деп аталатын өлеңмен құттықтаған.

«Мәлікке!

Ел күйзелген кезінде,  
Ерлік еткен бауырым!  
Жау жағадан алғанда,  
Батырлық еткен бауырым!

Ел намысын құрметтеп,  
Ер намысын ізеттеп,  
Құтты болсын айтамын  
Шын жүректен, Мәлігім!

Қиядағы қырағы қаршығадай жас жүрегің кемеңгер ақылыңа жолдас болып, аманшылық арқасында елімізге аянбай еңбек етіп, халқымызды бұданда былай тағы да бірнеше рет абыройға еге етеді деп сенемін!

Қолыңды қысып, құшақтап, жылтыр кара торы бетіңнен сүюші ағаң Бауыржан!»

Осы хатқа Мәлік былай деп жауап қайтарған: «Ақыл-ойдың арнасынан шыққан асыл сөздеріңізбен шын жүректен құтты болсын айтып жазған ашық хатыңызды алдым. Бар жан-тәніммен риза болып отырмын. Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің деген осы. Тар жол, тайғақ кешу кезеңінде тас қамауды бұзып, темір қоршауды қирата шыққан кездерде, біздің үлгі алған адамымыз, ақылы мен адамгершілігіне, қайраты мен өжетіне сенген адамымыз да – Сіз едіңіз. Сіз – басшы, біз – қосшы болдық. Атақ үшін емес, ар-намыс үшін халық алдындағы борышты өтеу жолында да сізден үлгі алдық, Бауке. Сіздің дәрежеңіз артып, мәртебеңіз үстем бола беруіне шын көңілден тілектеспін. Ақыл мен қайраттың, адамшылық пен батырлықтың тұлғасы болған, Бауке, халқыңыздың рахаты мен шаттығы үшін

жасаңыз. Інілік сәлеммен қолыңызды қыстым, мойныңыздан құшақтап, бетіңізден сүйдім, Інііз, Мәлік!»

Екеуінің бір-біріне деген құрмет, бір-біріне ағалық-інілік көңілі сол хаттардан көрініп тұр. Әр хатын Мәлік «Ардақты Бауке» деп бастап, «құшақтап, қолыңызды қысып, бетіңізден сүйген жаман інііз, алақай бауырыңыз Мәлік» деп аяқтаса, Бауыржан хаттарын «Қарағым, қара тентегім – Мәлігім» деп еркелетіп бастаған.

Енді Бауыржанның Мәлік туралы айтып жазғандарының біразына назар аударайық. 1944 жылдың 8 желтоқсанында Мәскеу қаласы кеңес жазушыларының клубында «Волоколамск тасжолы» повесін талқылау өтті. Сол жиында Бауыржан Момышұлыға сөз берген. Сонда ол былай деді: «Мен жазып жүретін майдангермін. Соғыста бір топ майдангерлер бар, соғыстың тарихын жазатын. Қалтасында Жазушылар Одағының билеті болмаса да. Меніңше, олар жазушылар армиясының жаңа буыны. Әрине, олар әлі сөз шеберлігін меңгере қоймаған, бірақ дәл бүгінгі тарихтың тек кұәгерлері ғана емес, осы тарихты жасаушылар. Біразын өлтіріп те жатыр, кейбіреулері мүгедек болып қалды, кейбіреулері тірі қалып, жазып жүр. Жазып жүретін майдангерлердің біреуі менің жолдасым Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллин ортамызда отыр. Қазірдің өзінде ол оншақты жалпы дәптерлерді толтырып тастаған. Мынау соғыс аяқталғаннан кейін әдебиет майданында соғыс басталады. Сонда майдангерлердің, оның ішінде Мәлік Ғабдуллиннің жазбалары құнды деректерге айналады».

1961 жылы 27 маусымда үлкен салтанатты жиын болған, Қазақ ССР-нің 40-жылдығына байланысты. Сол жиында Бауыржан Момышұлы сөйлеп, Мәлік Ғабдуллинге мынандай мінездеме берген: «Бұрынғы рота политругі, Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллин еңбек майданында да ерлік көрсетіп, ғылым докторы аталды, РСФСР педагогика ғылымдары академиясының толық мүшесі болып сайланды. Қазір ол профессор, институт ректоры».

1975 жылы 14 қарашада «Лениншіл жас» газетінің 225 нөмірінде Бауыржанның «Еңіреген ер еді» атты мақаласы жарық көрген. Сол мақалада Баукең халқымыздың ардагер азаматы Мәлік Ғабдуллиннің алпыс жасқа толғанын өзінің көзінің тірісінде тойлай алмай отырмыз, бұл менің аға ретінде қабырғама қатты батады деп өкінішін білдіреді. «Батыр, жауынгер, жазушы, зерек ғалым, сипатты, салтанатты – көрерге түрі де бар, ұғарға ойы да бар інім еді. Сұрапыл соғыс жылдары сын сағаттарда оның ерліктеріне көзі тірі куәлердің бірі менмін. Мен оның ағасы да, комадирі болғанмын. Майдан алғы шебінде оның орасан ерліктеріне куә болғандарым да рас. Оларды мойындап, дер кезінде жазып та жүрдім».

Осы орайда Бауыржанның «Бір түннің оқиғасы» атты әңгімесіне назар аударайық. Момышұлы былай деп еске алады ол оқиғаны: «Бір түннің оқиғасы» деген ескермеді табаны суымастан 1942 жылы 22 февральда жазған болатынмын. Сол кезде Мәлік болмаса, Балтабек болмаса, Гундилович, Мамонов болмаса, мен жағдайға, мүмкін, терең түсінбес те едім, жазбас та едім... Сан кейіпкерлердің қақ ортасында Мәлік те бар».

Мәлік Ғабдуллин соғысқа кіргенде бар болғаны 25 жаста еді. Жастығына қарамастан политрук ретінде солдаттарды батылдыққа, адалдыққа тартып, көп жағдайда оларға қамқоршы бола білді. Алдыңғы шепте болды. Соғыста жинақтаған тәжірибесі бейбіт өмірінде Мәлік Ғабдуллиннің білікті ұстаз болуына ықпал етті. Ұлы Бауыржан жазғандай, ол «ел алдындағы азаматтық борышын тереңнен тебіреніп ұғынған азамат. Ар үшін арпалыс кезінде ажалмен бетпе-бет келіп, ол нағыз әскери тәлім алды. Шын мәніндегі қоян-қолтық шайқастың офицері атанып, абыройы көтерілді. Ол тек творчестволық ойлаудан туатын жай. Соны күн нұрындай бойына сіңіріп, ол педагог болды, көз жұмғанша оның осы асқақ тұғырдан, жас ұрпақты тәрбиелеу тұғырынан түскенін көргеніміз жоқ».

Міне, өстіп бір-бірін батыр деп, бауыр деп, құрметтеп өмір сүрді қазақтың екі сөнбес жұлдызы.

ӘОЖ 811.512

*А. Есжанова*

*Мәлік Ғабдуллин музейінің ғылыми қызметкері*

**ОТАНДЫ СҮЮ – БАТЫРЛЫҚҚА БАСТАР ЖОЛ**  
**(Қазақтың батыр ұлы Мәлік Ғабдуллин бойындағы**  
**ерлік рухтың қайнар көзі мен оның дәріптелуі туралы)**

Азияның кең байтақ даласында есте жоқ ескі замандардан бері еркін жайлаған түркілердің бүгінгі ұрпағы қазақ халқының күллі тарихы – ерлік пен батырлықтың шежіресі екендігіне қазақтың жүздеген батырлық жырларына қарап сенуге болады. «Жаңбыр жауса – жер ырысы, батыр туса – ел ырысы» деген қазақ халқы туған жері мен елін басқыншы жауларынан қорғау жолында жанқиярлықпен күрескен ерлерін әспеттеп, оны ұрпақтан ұрпаққа ұмыттырмай дәріптеп отырғандығының дәлелі де осы батырлар жыры. Батырлық эпостарды

зерттеуді бүкіл саналы ғұмырының арқауы етіп, осы жолда мол ғылыми мұра қалдырған филология ғылымдарының докторы Мәлік Ғабдуллиннің «қазақ ауыз әдебиетінде көлемі үлкенді-кішілі төрт жүзден астам ерлік жыры бар» [1] деп атап көрсеткен екен. Біз ғылыми мақаламыздың арқауын академик Мәлік Ғабдуллиннің осы анықтамасымен сабақтай отырып, батыр тұлғаның қан майданда өзі жасаған ерлік істеріне бастау болған түп негіз туралы қарастыратын боламыз.

Сонымен бірге Мәлік Ғабдуллиннің майданда көрсеткен ғажайып ерлігін дәріптеген қаруластары мен замандастарының, сол заманнан бүгінгі күнге дейінгі жазушылар мен ақындардың туындылары арқылы біз қарапайым ғылым адамының, бойынан табылған батырлық рухтың сырын ашуды мақсат ететін боламыз.

1941 жылы басталған Ұлы Отан соғысы 1418 күнге жалғасты. Адамзат тарихындағы ең ауыр осы бір қырғын шайқасқа Отанды қорғау үшін қазақ халқының жарты миллионнан астам ұл-қыздары аттанды. Қазақ жауынгерлері соғыстың бірінші күнінен бастап-ақ өздерінің қайтпас қайсарлығымен, төзімділігімен, ерен ерлігімен таныла білді. Кеңес жауынгерлері мен қолбасшыларын ғана емес, қарсы шептегі неміс-фашистерін де мойындата алғанындарына тарих куә. Қазақ баласының ерен ерлігіне осындай лайықты мысал бола алатын ерлердің бірі де бірегейі – Мәлік Ғабдуллин болғандығы анық. «Кеңес Одағының Батыры» атағына ие болған жүзден астам қазақтың арасында Мәлік Ғабдуллиннің орны ерекше. Оның да себебі бар: Мәлік Ғабдуллин – осы бір аса мәртебелі атаққа ең алғаш ие болған қазақ азаматы. Сондықтан да Мәлік Ғабдуллин мен Төлеген Тоқтаровқа Батыр атағы берілген күн – қан майданнан қажыған барша қазақ халқына күш-қуат сыйлаған күн болып тарихта қалды.

Мәлік Ғабдуллин аты аңызға айналған генерал-майор И.В. Панфиловтың басшылығымен Талғарда жасақталған 316-атқыштар дивизиясының 1075 полкінде ротаның саяси жетекшісі болып тағайындалды. 8 гвардиялық дивизиясының құрамында майданның ең шешуші шайқастарының бірі – ел астанасы Мәскеуді қорғауға қатысып, ерен ерліктің үлгісін көрсеткен атқыштар ротасының саяси жетекшісі Мәлік Ғабдуллин мен қатардағы жауынгер Төлеген Тоқтаровқа 1943 жылы Кеңес Одағының Батыр атағы берілісімен, бұқаралық ақпарат құралдары олардың ерлігін жан-жақты танытып, насихаттай бастайды. Қаламгерлер мен композиторлар олар туралы түрлі жанрлардағы туындыларын жарыққа шығарып, халық назарына ұсынғандарына сол заманда шыққан басылым беттеріндегі сарғайған тарих парақтары куә.

1943 жылы 30 қаңтарда Кеңес Одағының Батыры атағы берілгеннен кейін, алғашқы болып Мәлік Ғабдоллаұлының майдандас досы, ақылшы ағасы, қаһарман қолбасшы Бауыржан Момышұлы құттықтап:

«Ел күйзелген кезінде,  
Ерлік еткен, бауырым,  
Жау жағадан алғанда,  
Батырлық еткен, бауырым,  
Ел намысын құрметтеп,  
Ер намысын ардақтап,  
Құтты болсын айтамын,  
Шын жүректен, Мәлігім!» [2] -

деген жыр жолдарын арнады.

Сондай-ақ, Мәлік Ғабдуллиннің ерлік жолы туралы алғаш толымды еңбек жазғандардың бірі – Кеңес Одағының бас газеті «Правданың» әскери тілшісі, кейіннен әйгілі жазушы болған Борис Полевой. Газеттің арнайы тапсырмасы бойынша Мәлік Ғабдуллинмен кездесу үшін майдан даласына аттанады. Осы сапарының үлкен нәтижесі – «Эпостың тууы» атты көлемді очерк болады. Кеңес Одағы құрамындағы он бес республикаға түгел тарайтын беделді газет 1943 жылы 2 ақпаннан бұл очеркті жариялай бастаған. Бүкіл майдан даласы, тыл еңбеккерлері қазақ жігіті Мәліктің ерлігіне осылай қанық болады. Мәліктің батыр бейнесі барша кеңес халқына танылды. «... ол, Мәлік – батыр, әрі күшті, әрі ержүрек, дейді. Қыр түлкісіндей айлакер, ақбөкендей саққұлақ, жау дыбысын қырымнан біледі. Ақтұйғындай қырағы, бұққан жауды қиядан көреді. Болаттай қатты білектері неміс төбеттерін қырудан қалжыраған емес: қанша қырса, сонша күшейе береді. Үрейі ұшқан немістер Мәлікті көрген жерден-ақ зыта бастайды» [3], - деп жазуының өзі ұлтымыз үшін мақтаныш болатын.

Мәлік Ғабдуллиннің ерлігін жырлауға алғаш белсене атсалысқан өнер адамдары арасындағы ерекше бір толқын болғандығына сол жылдардағы баспасөз бен кітаптарды парақтау арқылы көз жеткіземіз. Бұлар – қазақ әдебиетінің ежелгі фольклорлық ұтқыр дәстүрін жалғастырушылар, халық ақындары болатын. Сол заманда Мәліктің ерлігін жырға қоспаған ақын жоқ шығар. Бұл аға толқынның басында жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың өзі тұр. Тоқсан алтыға келген қарт жырау өзіне сәлем бере келген Мәлік Ғабдуллинмен дидарласып, әңгімелесу сәтінде әйгілі «Арнау» жырын шығарады:

Батырым Мәлік беренім,  
Жүйрігім озған өренім.  
Халқы сүйген қалаулым,  
Жырымды саған төгемін...[4].

Осылай толғанып жырын төккен Жамбыл жыраудың игі өнегесін жалғастырғандардың қатарында Нұрпейіс Байғанин, Иса Байзақов, Доскей Әлімбаев, Шашубай Қошқарбаев, Сапарғали Әлімбетов, Жақсыбай Жантөбетов, көкшелік ақындар Қалия Жұбандықұлы, Шәкен Отызбаев және т.б. болды.

Халық ақыны Нұрпейіс Байғанин де Мәлік батырдың майдандағы ерлігіне сүйсіне шаттанып, ержүрек қазақтың ерлігін дәріштеген «Қаһарман ұлыма» атты ұзақ толғауын шығарады.

...Мәлігім, елдің ерісің,  
Ел намысы серігің.  
Ерліктің асқар белісің,  
Мақтанысың еліңнің.  
Сарыарқа самал жеріңнің,  
Атыңды балалар жаттауда,  
Ғасырлар бойы сақтауға [5].

Қазақ әдебиетіндегі ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің қатар өкілі болған әйгілі ақын Иса Байзақов Мәлік Ғабдуллиннің ерлік жолына арнап бір жиында табан аузында ұзақ поэма шығарған екен. Бірақ оның толық нұсқасы жетпеген. Бұл поэманың үзіндісінде ақын былай деп толғайды:

Отындай жанартаудың жалын шашып,  
Кеткендей сұсыменен жауды басып.  
Қазақтың Рүстемі – батыр Мәлік,  
Қаһарланса тау сілкер, судай тасып [2, 51 бет].

Мәлік Ғабдуллиннің майдандағы ерлігі туралы жазылған шығармалар арасында жазушы Сәбит Мұқановтың «Батыр бейнесі» очеркін, Саттар Сейітхазиннің «Қаһарман», Мыңбай Рәштің Батыр-дастан» поэмаларын, Әзілхан Нұршайықовтың «Тоғыз толғау» хикаятын ерекше атауға болады. Мәлік Ғабдуллиннің ерлік өнегесін тек қазақ ұлтынан шыққан қалам иелері ғана емес, барша кеңес елінің жазушылары мен журналистері жетпіс жылдан астам уақыт бойы әр қырынан толғаумен келеді. Батырдың майдандас досы Дмитрий Снегиннің «Алтын Жұлдызды асыл дос» мақаласы 1975 жылы «Қазақ әдебиеті» газетіне, әріптесі М. И. Ритманның «Наш Малик» мақаласы «Казахстанская правда» газетіне жарияланады.

Бұл жарияланымдардың барлығында да Мәлік батырдың көзсіз ерлігі жеріне жеткізе баяндалады. Сонымен қатар, батырды сол ерлікті жасауға деген мотив туралы да қарастырылады: «Мәлік Ғабдуллиннің бойынан табылған ерлік рух оның арғы бабаларында жатыр деуге болады. Оны батырдың өзінің сөзімен дәйектемекпіз: «Қарауылдың Құттымбет дейтін бұтағынан тараған қара қылды қақ жарған, Абылайды

хан көтерген Қанай би, тілге келсе құтқармайтын, білекке келсе, жығылмайтын айтқыш Бекболат, ақырған даусынан дұшпан сескенген Тілеу, Итқара сынды айбатты ерлер – менің ардақты бабаларым» [6, 32 бет]. Яғни, Мәлік батырдың ерлік рухы оның арғы ата-бабаларынан жалғасқан дәстүр екенін көреміз.

Мәлік Ғабдуллиннің арғы бабасы Қанай би Құттымбетұлы өз заманында Қазақ хандығының бір шаңырағы болған Ташкент қаласының бір қақпасына билік құрған екен. «Ханның қара сыбағасы» деген жыл сайынғы қаржылық түсімді Қанай ұрпақтары бірнеше ұрпақ бойына алып тұрған көрінеді. Мәлік Ғабдуллиннің арғы бабаларының бірі Итқара батыр да ел қорғап жүріп Жетісу жерінде ерлікпен қаза тапқан екен. Батыр бабаларының осындай игі дәстүрлерін, ерлік істерін балалық шағынан құлағына сіңіріп өскен жас Мәлік туған дала төсіндегі әрбір тау мен тастың тарихына да ден қойып, олар туралы шежірелерді көкірекке түйіп өскен екен. Мәліктанушы ғалым, Мәкеңнің соңғы төл шәкірті, профессор Серік Негимов былай деп атап көрсетеді: «Мәкең балалық шағында сері ағасы Бекенмен бірге Желтауда құс салып, аң аулап жүргенде, ондағы Кенесары-Наурызбай бекінісін аталарымның маған қалдырған блиндажы дейді екен» [6, 24 бет].

Міне, осындай ерлік рухты жырлауда халық ақындарымен қатар, қазақ әдебиетінің жаңа заман өкілдері де тартынып қалмапты. Мәліктің ержүректігін, қайтпас рухын танытуда олардың үлкен еңбегі бар.

Жалпы, түйіндей айтқанда, ерлік рухты жырлау, мәңгі есте қалдыру миссиясын алғаш атқарған Мәлік Ғабдуллиннің өзі екендігін атап өткеніміз жөн. «Сұрапыл жылдар» атты кітабының алғашқы басылымының алғысөзінде Мәлік Ғабдуллин былай деп жазады: «...Бұл кітапшада жазылған әңгімелер жазушының қиялынан туған көркем шығармашылық емес. Олар майданда өз көзімен көрген оқиғалар. Мен соларды окопта отырып, соғысып жүріп жаздым... Майданда жүрген қазақ жігіттері қазақ мақтаныш ететін іс істеуде. Олардың батырлық-ерліктері үлкен хикая, жыр болып жазылуы керек. Бұл – ақын, жазушылардың міндеті» [7].

Осы ретте қазақтың әйгілі ғалымы, Мәлік Ғабдуллиннің ұстазы Бейсембай Кенжебаевтың мына бір пікірін толықтай келтіре кетуді жөн санадық: «Қазақ халқының Ұлы Отан соғысы кезінде ер халық атанып, оның ұлы – қызының тамаша ерлік көрсетуі, Мәлік, Төлеген, Асқар, Әлікбай тағы басқалардың Советтер Союзының Батыры деген даңқты атаққа ие болуы кездейсоқ нәрсе емес, тарихи заңды нәрсе. Өйткені, қазақ ежелден ер халық, ерлік қазақ елінің ата – бабасынан келе жатқан дағдысы, ежелгі дәстүрі. Қазақ халқының тарихы жатқан ерлік, ерлік – қазақ халқының салты. Сондықтан, біздердің қай – қайсымыздың

болсын қазақтан тудым деп мақтануға, «Мен қазақ, қазақпын деп мақтанамын» (Сұлтанмахмұт) деуге толық правомыз бар. Қазақ халқы, оның ертедегі ерлері өз тұстарында ата-бабаларының туып-өскен жері, отаны Сарыарқа үшін күресіп, ерлік көрсетті. Қазақ халқы, оның ұлқызы өзінің отанын шексіз сүйеді. Осы сүю, ата – бабаларының ерлік бейнелері оларды батырлыққа, батырлық істер істеуге бастайды» [8].

Ендеше, біз де Мәлік Ғабдуллиннің майданда асқан ерлік көрсетуінің қайнар көзі – өз Отанын, туған жерін шексіз сүюде, ата-бабаларының ерлік дәстүріне деген адалдықта, мәрттікте жатқандығынан деп білеміз. Ерлікке, елдікке шақыратын игі дәстүрлер барында Мәліктей ел қорғаған ерлер шыға беретіндігіне сеніміміз зор.

### Әдебиеттер тізімі

1. М. Ғабдуллин Қобыланды батыр жырын зерттеудің ғылымдық мәселелері. Филология ғылымдарының кандидаты атағын алу үшін әзірленген ғылыми диссертация. – Алматы: ҚазССР ҒА, 1947.
2. Мәлік батыр жыры. – Көкшетау: Келешек-2030, 2012.
3. Б. Полевой. Эпостың тууы // «Правда», 2 февраль 1943.
4. Ж. Жабаев. Ел қадірін біл, балам: шығармалары. – Алматы: Жалын, 1996. – 542 б.
5. Н. Байғанин Таңдамалы: өлең, дастан, толғаулар. – Алматы: Жазушы, 1991. – 400 б.
6. С. Негимов. Мәлік Ғабдуллин. – Алматы: Санат, 2001.
7. М. Ғабдуллин Сұрапыл жылдар (Майдан хикаялары). – Алматы: Жазушы, 1972.
8. Б. Кенжебаев. Батырлық біздің дәстүріміз // Социалистік Қазақстан. 1943 ж. 25 февраль. ҚР МОМ № 2040 қор көшірмесі

ӘОЖ 94(574)

*Б. С. Айтмағанбетова*

*Көкшетау «Арна» жоғары колледжінің оқытушысы*

### **БАТЫРЛЫҚ БІЗДІҢ САЛТЫМЫЗ**

«Батырлық бізге айдаладан келген жоқ, батырлық біздің салтымыз» - дейді, батыр Мәлік Ғабдуллин қолжазбаларында. 1944 жылдың 26 сәуірінде қазақтың хас батыры Бауыржан Момышұлына



жазған хатында, «Сөз сарыны мынадай зой: Қазақ – қазақ болғалы көп ғасыр өтті. Оның барлық ерлік-батырлық салты бүгін гана пайда болған емес. Ол ертеден келе жатыр. Кешегі батыр бабаларымыз батырлықтың үлгілерін көрсетті зой. Ал бүгінгі қазақ жігіттері сол батыр бабаларының дәстүрін ілгері дамытуда»-деген [1].

Батырдың бұл сөзінен аңғаратынымыз, қазақ батырларының ерлігі сан ғасырлар куәсі, бүгінгіміз бен келешегіміз үшін ғибрат алар оқиғалар мен ел тағдырын өз тағдырынан биік қойған, ұлтының тұтастығын, жерінің бүтіндігін мұрат еткен ұлт қорғандары, қазақ батырлары екендіктерін баса айтқандығы.

Қазақ халқы намысты, жүректі, қайсар, батырлық қанында ойнаған ұлт. Сол ұлттың қорғаны – Батыр. Қалың бұқараның қамын жеген хандар мен батырларды үш дәуірге бөліп қарар болсақ, алғашқы дәуір Абылай хандық құрған заман десек, Абылай ханмен үзеңгілес болған Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек, Қарақалпақ Қылышбек, Шапырашты Наурызбай батырлар болғаны белгілі. Екінші тарихи дәуірге қазақ хандығының соңғы «ханы» Кенсары Қасымұлы заманы, Кенесарының қанды көйлек жолдастары, Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлы, Есет Көтібарұлы, Жанқожа Нұрмұханбетұлы, Иман Дулатұлы, Баубек Бекмырзаұлы, Жәуке Назарғұл және тағы басқа батырлар да болғаны тасқа қашалып тарих беттерінде жазылды.

1916 жылғы Ұлт азаттық көтеріліс кезеңін үшінші дәуір деп алайық. Ресей империясының іргесін шайқалтқан Ұлт-азаттық көтеріліс оты жер-жерде тұтанып, ірі қозғалыс ошақтары болған Жетісу, Ырғыз, Торғай, Қожаш, тағы басқа да көтерілістер халық мүддесін қорғады. Кеңестік дәуірдің саяси бұрмалануымен бүркемеленіп айтылмай қалған тарихи оқиғалар қаншама. Тарихи сыры мен деректері ашылмаған Қожаш көтерілісі солардың бірі еді. Ол қазіргі Ақмола облысына қарасты Ерейментау өңірі және Еңбекшілер ауданының жергілікті қауымы патша өкметінің мұздай қаруланған әскерімен қақтығысқан жойқын соғысы болатын. Көтерілістің қолбасшылары Сәтбай қажы мен Доштай қажыларды сол өңірдің жұртшылығы «хан» көтерді. Бұл көтерілістің соңында башпайы мен бақайшағына дейін қаруланған патша жасағы Доштай қажының соңынан ерген 500 әскерін жан-жағынан қоршауға алып, 400 дей әскерін қамауға тоғытып, тұтқыннан аман қалған жүзшақты әскері Торғай көтерілісінің қолбасшысы Амангелді батырға барып қосылған деседі.

1916 жылғы ұлт көтерілістің негізгі орталықтарының бірі Торғай уезі болды. Торғай уезінде 13 болыстан тұратын өкілдер патша жарлығына қарсы тосқауылдар қойып, 13 болыс өкілдері қатысқан

құрылтайшылардың шешімімен Әбдіғапар Жанбосыновты Торғай уезінің ханы етіп, Кенесарының сенімді серігі болған атақты Иман батырдың немересі Амангелді Имановты көтерілісшілердің сардары етіп сайлаған. Әбдіғапар ел билігін соғыс жағдайына бейімдеп, дала демократиясы негізінде құрып, өзін «хан» деп есептемей, «әмір» санады.

Бұрынғы әкімшілік бөліністер бойынша Торғай өңірінде қалыптасқан хандық биліктің территориялық аумағы Сыр бойы Қазалыға дейін бір шеті болса, енді бір шеті Атбасар, одан Ақтөбеден және Орынборға дейінгі аралықты алып жатты.

1916 жылғы ұлт азаттық көтерілістің көрнекті батырлары, көз мерген Кейкі батыр мен қол мерген Аманкелді батырдың ерлік жолы мен азапты өмірі тарихтан белгілі.

Кейкі Көкембайұлы 1871 жылы Қостанай облысының Битума деген жерінде дүниеге келіп, 1922 жылы Жалаулыда қызыл әскердің қолынан шаһид болады.

*«Қанды оқиға 1922 жылдың наурыз айында, Сүтемгеннің Жәкенінің қыстауында болған. Кейкінің қазасы ауыр әңгіме, ол жайлы қазір көп жазылып зерттеліп жатыр. Жалаулыдағы батырдың өлтірілген орынына тас қойылып, темірмен қоршалған. Ол жерде ешқандай сүйек жоқ. Кейкінің де, оның жұбайы Ақжан мен інісі Шұбардың да мәйіті қырдан өзенге құйылған жыраның бойына көмілген. Милициялардың ызғары марқұмдарды арулап жерлеуге де мүмкіндік бермеген»* деген нақты деректер бар [2].

Сол кезеңде Ресей патшалығы жала жауып, қанша жерден жау көріп, батырдың есімінің тарихта қалуына қомашаулық жасап, батырлығын дәріптеуге тыйым салса да, Кейкі мерген халық жүрегінде мәңгілікке сақталады. Кейкі батыр /Нұрмағанбет/ Көкембайұлы қазақтың теңдесіз батыры. Құралайды көзге атқан қасиет дарығын, жүз жылда бір туатын өр тұлға. Ол 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтерілісте батырлық, ерлік жасап, халқын жауға бермей сол үшін де ақтармен арпалысып, қызылдармен қырқысып өткен һас батыр.

Кейкі Күйік қопасындағы соғыста, Торғайға шабуыл және жазалаушы отрядқа қарсы соңғы ұрыс – Доғал-Үрпек шайқасында қайсарлықпен қарсы тұрып, ерекше ерлік көрсетіп, Ресей патшалығының қаһарына ұшыраған. Кейкі батыр 1919 жылы Амангелді Имановты тұтқындап, өлтіргеннен кейін қудалауға ұшырап, елден жырақтап, бой тасалауға мәжбүр болады. Бой тасалап қызыл әскердің көзіне түспеудің амалын ойлап жүрген Кейкі мергенге жала жабылып, бұқара халыққа түрлі бұрмаланған деректерді сол кездегі «Ақ жол» газеті арқылы жеткізе бастайды. «Ақ жол» газетінің 1922 жылғы, 6

мамырдағы 169 нөмірінде «Қазақстанда Торғай оязында аламаншы құрылды» деген желеумен жазылған мына бір дерекке көз салалық.

*«1920 жылдан бері қарай Торғай оязында бұрынғы заманнан белгілі қанды білек, жалаңаяқ ұры Кейкі Көкембаев деген бұзық шығып, қасына өзі секілді ұрыларды жиып алып, тыныш отырған халықты мазалап, малын алып, мүлкін талап жүретін еді. Бір кезде Кейкі Торғай оязындағы нағыз барып тұрған большевик болған. Бірақ «арамзаның құйрығы бір-ақ тұтам» дегендей арамдығы білініп, сонан соң большевиктен халықты құтқармақшы болып атқа мінген.*

*1921 жылы жазында Кейкіні ұстамақшы, ұясын таратпақшы болып Торғайдан һәм Атбасардан әскер шығып, Кейкіні ұстай алмаған. Тек бірсыпыра жолдастарын өлтіріп, тобын таратқан. Кейкі бір-екі жолдасымен қашып қолға түспей кеткен. Кейкінің маңына үкіметтің қыспағынан қашқан әр болыстың ұрылары жиылған. Мекені «Арыс» құмы болған. Ол жерде де халықты мазалай берген.*

*Осы өткен февраль басында Кейкіні ұстауға Торғайдың политбюросы тарапынан 10 шақты кісі жіберілген. Бастығы Александр Токарев. Бұл жолда Кейкіні алдаусыратып, ықтияры мен қаруын тастап келуі үшін Токаревті үгітші етіп жіберген.*

*Торғайдан барған отряд Арыс құмында Кейкінің тобымен кезігіп, келісімге келіп, ақыры Кейкі Торғайға келуі үшін қару-жарағын Токаревке береді. Бірақ Кейкі мерген қару-жарағын сенімге кіру үшін бергендігі сол күні байқалады.*

*Қалаға таяған соң Токарев бір жолдасы мен Кейкіні, оның қатыны мен інісін алып бірге келе жатқан отрядынан озады. Жолдың алыстығынан Торғайдан қырық шақырым жердегі бір ауылда түнейді. Сол арада Токарев жолдасты өлтіріп, қасындағы милиционерді тұтқын қылып, қаруын алып Кейкі кейін қарай қашады. Жолда ықтиярсыз ат мінеді, бірен-саран серік тауып алады. Кейкінің басқа он төрт жолдасын алып келе жатқан кейінгі отряд бұл жәйтті естіп, Торғайға лезде хабар жеткізеді. Тұтқындағы он төрт аламаншыны қалаға тапсырып, Кейкінің ізіне түсіп, Жыланышық өзенінің маңындағы Жалаулы деген жерде жасырынып жатқан жерінде қолға түсіріп, айуандықпен өлтіріледі. Өзімен бірге болған аяғы ауыр әйелін және інісі мен жаңадан қосылған екі жолдасын өлтіріп, баукеспеліктің тамырын кесіп келді.*

*Торғай еліне және ашаршылық кезіде төтенше жұт болып жүрген Кейкі еді. Енді бұл бұзықтан құтылды» - делінген [3].*

*Кейкі мерген 1922 жылы өлтірілгеннен кейін басын кесіп алады. Кесілген басты Торғайдың орталығына ұзын сырғауылға 30 күн іліп қоюының өзі, ұлттың рухын жығу, ықтыру болса, ақ патшаға қарсы*

келгендерінің алдыңнан шығатын жаза осылай болады деп, қалың бұқараның үрейін тудыру үшін жасағаны анық. «Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі» - демекші, батыр бабалар ерлігі мен рухын насихаттап дәріптеу ұрпақтың парызы, себебі қазақ батырлары барша халыққа ортақ. Жоғарыда келтірілген деректер, Кеңес үкметінің қылышынан қан тамып тұрған дәуірінде жазылған. Ал шындығында көтеріліс бүкіл қазақ халқының арман-мүддесі еді. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің қатысушыларының кедей табының ғана дүрлігуі емес, жалпыұлттық дүмпу екенін белгілі. Сол замандарда патша үкіметіне үміт артып, сатқындық жасап, патша билігіне ақпарат беріп отырған жандардың да болғанын жоққа шығара алмаймыз. Бірақ ондай опасыздар қай заманда да кездесетіні анық. Кей болыстардың теріс қылығы ұлт-азаттық көтерілістің рухын жығып, көлеңке түсіре алмайтыны белгілі.

«Батырлық біздің салтымыз» деп Мәлік Ғабдуллин айтқандай, батырлық қасиеті ұрпақтан ұрпаққа дарыған дара тұлғалар рухы әрқашан бірге жасай бермек.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Серік Тұрғынбеков. Кейкі батыр. 2017.
2. Ш. Байділдин. Кейкі батыр. 2014.
3. Кейкі батыр жайлы зерттеу құжаттары ғаламтор.

ӘОЖ 8-80-800

*А. Қ. Колпенова*

*Л. Н. Гумилев ат. Еуразия Ұлттық университеті, ҚР, Нұр-Сұлтан / Түркия, Малатья қ. Инөнү университеті, 2-курс докторанты*

### **КӨКШЕДЕН ШЫҚҚАН ТІЛШІ-ҒАЛЫМ А. ӘБДІРАХМАНҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ МҰРАЛАРЫ**

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Туған жер» бағдарламасын қолға алу ұсынылды. Бағдарлама туған жердің мәдениетінің дамуына үлес қосқан тұлғалардың мұрасын жаңғырту арқылы ұлттың мәдени-генетикалық кодын танытуымен мәнді. Бағдарламаның «әрбір өлкенің біртуар перзенттерін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс» деген идеясының негізінде

Көкше өңірінен шыққан тілші-ғалым Айтым Әбдірахманұлы Әбдірахмановтың ғылыми мұраларын зерделеу, біріншіден, ғалымның еңбектерін ғылым сүйер жастарға рухани мұра ретінде танытумен, екіншіден, тіліміздің зерттелу тарихын бағамдау, сол кезеңдегі тіл білімінің өзекті мәселелерін анықтау және осы мәселелер негізінде туған тұжырымдары мен теорияларын бүгінгі ғылыми ұстаныммен ұштастырып, жаңа қырынан танытуымен өзекті болып табылады. Мақаламызда А. Әбдірахмановтың терминология және топонимикаға қатысты еңбектеріне жалпы шолу жасап, талдауды мақсат етеміз.

Қазақ тілі лексикологиясының дамуына үлкен үлес қосқан ғалымдардың бірі – филология ғылымдарының докторы Айтым Әбдірахманұлы Әбдірахманов. Өмірінің соңына дейін Ғылым академиясының Тіл білімі институтында қызмет еткен ғалым негізінен лексикологияның топонимика саласын зерттеген. Сонымен қатар Айтым Әбдірахманұлының ғылыми-зерттеу мұраларының қомақты үлесі терминология және терминологиялық сөздіктер жасау мәселелеріне қатысты.

Ғалым Ш. Құрманбайұлы ХХ ғасырдың 50-жылдарының соңы мен 60-жылдардың бірінші жартысында терминология мәселесіне едәуір мән берілгендігін, Одақтық тіл саясатының ұлт тілдерінің өз заңдылықтарын сақтай отырып дамуына мүмкіндік бермей келгендігіне қарамастан, бұл кезеңнің ғылыми терминологияның қалыптасып, дамуымен ерекшеленетінін айтады. Бұл жетістікте ғалым Айтым Әбдірахманұлының да үлесі мол екендігін еңбектеріне, атқарған істеріне қарап бағамдаймыз.

Ғалым 1956 жылдан 1981 жылға дейін Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясына мүше болған, мемтерминкомның ғылыми хатшысы міндетін атқарған.

Ғалымдар Т. Жанұзақов пен Е. Жұбановтың деректері бойынша, А. Әбдірахманұлы құрастырған, мемлекеттік терминком бекіткен атаулардың ресми тізімдері 1976 және 1979 жылдары өз алдына кітап болып шыққан. Терминком жариялаған отыздан аса орысша-қазақша термин сөздіктерінің 20 кітапшасы А. Әбдірахмановтың редакциясымен жарық көрген, ал алты сөздікке ол авторластық құқығымен қатысқан. Ғалымның терминология мәселелері бойынша жазған түрліше зерттеу жұмыстары Москвада, Киевте, Алматыда құрастырылған әр алуан ғылыми жинақтарға енген. Сондай еңбектерінің бірі – академик Ә. Қайдармен бірлесіп жазған «Қазақ терминологиясы» атты көлемді очеркі 1987 жылы Москвада басылған жинақтан орын алған [1, 4].

Ғалымның терминология мәселелерін көтерген мақалаларының 1957 жылдардан бастап жарияланып тұрғанын еңбектерінің

библиографиялық көрсеткішінен аңғарамыз. Мәселен, «Мұнай терминологиясы туралы» (1957), «Өнеркәсіптік терминдер жайында» (1958), «Пікір таласы шындыққа жеткізеді» (1959), «О некоторых вопросах составления русско-казахских отраслевых терминологических словарей» (1960), «Вопросы терминологии: о принципах составления русско-казахских отраслевых словарей» (1961), «Мемлекеттік терминология комиссиясында», «Тіл мәдениеті және терминология» (1968), «Терминдерді дұрыс қолданайық» (1972), «Терминологиялық сөздіктерді аудармада пайдалану жөнінде» (1978), «Из опыта разработки и упорядочения терминологии в Казахстане» (1983), «Термин қалыптастыру тәжірибесінен» (1986) мақалаларынан ғалымның осы салада аянбай еңбек еткенін көреміз. Пікірімізді бір-екі мақаласын талдау арқылы нақтылай түсейік.

«Пікір таласы шындыққа жеткізеді» мақаласы 1959 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған. Ғалым мақаласында, біріншіден, жаңадан терминдер жасау, оларды қалыптастыру, тұрақты қолдану мәдени өмірдің қажеттілігінен туатынын және бұл мәселенің бүкіл халықтың қатысуымен шешілетінін айтады, «өйткені тілдің жасаушысы да, қолданушысы да – халық» [2]. Екіншіден, орыс тіліндегі немесе интернационалдық терминдерге қазақ тілінде балама табу керектігін, мүлдем табылмаған жағдайда ғана басқа тілдегі формасы алыну керектігін айтады. Мұның өзі термин жасаудағы А. Байтұрсынұлының ұстанымы екендігі баршамызға белгілі. Үшіншіден, *аялдама, басылым, шеберхана, көркемөнер, мүсінші, бейнелеу өнері, шешендік өнер* деген терминдерді қолданудан қашпау керек деген пікірінің орынды айтылғанын бүгінгі күн тұрғысынан бағамдай аламыз, өйткені сол кезде жаңадан енгізіліп жатқан терминдер бүгінде әдеби тілімізге әбден сіңісіп кеткен. Сол сияқты ғалымның телевизорды *телекөру немесе телекөрім* дегеннен де *теледидар* деп алсақ, құлаққа жағымды деген ұсынысының да жүзеге асқандығын білеміз. Төртіншіден, ғалым жаңа сөздерді қалай болса солай енгізе беруден де аулақ болу керектігін ескертеді. Мәселен, ғалым *заңқой (юрист), дүнияуи (материальный), степень (мәртебе), жинарман, жазыларман* деген терминдерді сынға алады. Әрине, бұл терминдердің қолданысқа енгендігінен ғалым сынының орынды болғанын бүгінде баршамыз пайымдай аламыз. Бесіншіден, терминологиялық сөздіктер шығару ісіне баспа орындары, ғылыми зерттеу мекемелері баса көңіл аударулары қажеттігін және терминком бекітіп берген сөздерді ғана қолдану керектігін ескертеді. Алтыншыдан, ғалым әр тілдің ішкі заңдылықтары сақталу керектігін ерекше атап, *аспирантка, докторантка, журналистка* деп *-ка* деген род көрсеткішін қосудың қазақ тіліне еш қажеттігі жоқтығын айтады [2, 3].

«Тіл мәдениеті және терминология» деп аталатын мақаласында ғалым термин жасау және қолдану тәжірибесінде қолайлы жақтармен бірге көптеген кемшіліктер мен олқылықтар, қиындықтар мен шалағайлықтардың да кездесетінін айтады. Мәселен, *қосымша құн* дегенді *түсер құн*, *тыңайтқыш* дегенді *құнарландырғыш*, *мырыш* терминінің орнына *тініке* деп өзгерту туралы ұсыныстарды қабылдаудың қажеттілігі жоқтығын ескертеді [3, 4]. Сонымен қатар ғалым баспасөз бетінде кездесетін емлелік, пунктуациялық қателерді де сынға алады. Тіл мәдениетінің үлкен бір саласы болып саналатын терминология жұмысын одан әрі жақсарту үшін атқарылуы қажет шараларды ұсынады. Ғалым А. Әбдірахманов: «Алдымен Мемлекеттік терминком бекіткен терминдерді баспасөз бетінде жариялап отырған жөн. Ал баспасөз бетіндегі терминдердің дұрыс, бұрыстығын қадағалап отыру үшін Тіл білімі институтының жанынан арнайы топ құрған мақұл. Терминологиялық, түсіндірме сөздіктер шығару ісін мұқият қолға алу қажет. Мемлекеттік терминкомның қызмет сферасы кеңейтіліп, тіл мәдениеті, сауаттылық мәселелерін қамтитын органға айналуы керек. Міне, осы шаралардың іске асырылуы ана тілімізді ардақтауға, тіл мәдениетін көтеруге, сөз қадірін бұдан да қастерлеуге жетелейді» [3, 4], – деп, қазақ тілінің маңызды мәселелерін көтереді. Жалпы ғалымның мақалаларынан аңғаратынымыз, терминология саласына қатысты қандай да бір мәселе болса, баспасөзде жарияланып, талқыға салынып, ортақ шешім шығарылып отырғанға ұқсайды. Ғалымның келесі мақаласы осы ойымызды дәлелдей түседі.

1972 жылы жарық көрген «Терминдерді дұрыс қолданайық» мақаласында ғалым А. Әбдірахманов мемтерминком бекіткен 40-қа жуық терминдер тізімін береді және Алматы қаласының орысша аталатын көшелер атауларын өзгертіп, Кеңес Одағының батырлары мен Еңбек ерлерінің атымен атау туралы шешімді жариялайды. Қазақ тіліндегі терминология, оның емлеге, аударма мен стилистикаға және жалпы тіл мәдениетіне қатысы туралы мәселелерге республикамыздың баспасөз органдары мен көпшілік қауым ат салысып отырса деген тілек білдіріп, терминологияға қатысты мәселелерді көпшіліктің назарына ұсынады [4, 4].

Бұл мақалаларынан ғалым А. Әбдірахмановты ана тілінің жанашыры ретінде танимыз. Ойымызды ғалымдар Т. Жанұзақұлы мен Е. Жұбанов пікірімен дәйектейік: «Ол – қазақ тілінің белсенді насихатшысы. Ана тіліміздің қамқоршысы, қазақ тіл білімінің еңбеккері Айтым Әбдірахманов зерттеулері – қазақ тіл біліміне қосылған елеулі үлес болумен бірге орта және жоғары оқу орындарында ана тілінен жүйелі білім беруге жарайтын пайдалы еңбектер. Әрине, ана тілін

ардақтаған азамат, ізденгіш әрі еңбекқор ғалым осы табыстарымен шектеліп қалмақ емес» [1, 4]. Шынында да, ғалым шығармашылық жолда шектеліп қалған жоқ, топонимикаға қатысты мақалалары мен монографиялары – осының дәлелі.

Жалпы ғалымның тіл білімінің кенжелеу дамыған топонимика саласының мәселелерімен студенттік шағынан айналысқаны Т. Жанұзақов пен Е. Жұбановтың естелік мақаласында айтылады. «Айтымға сонау студенттік шағында – 1948-49 оқу жылында – курстық жұмыс ретінде Қазақстанның жер-су атауларын жинастыру жөнінде тақырып берілген болатын. Айтым содан бергі өмірін негізінен осы бір ғана мәселеге арнады. Ол республикамыздың түкпір-түкпірінен топонимиялық мәліметтер жинады, сыры көмескіленген микротопонимдердің мағыналарын ашты» [1, 4]. Осы ізденістерінің нәтижесінде А. Әбдірахманов топонимика ғылымының негізін қалаған монографиялық еңбектері мен мақалаларын жарыққа шығарды.

Біз ғалымның 1953 – 1989 жылдар аралығында топонимика мәселесіне қатысты жарияланған мақалаларын мазмұнына қарай төмендегідей топтастырдық:

1) *Топонимика ғылымының ғылыми негіздері туралы мақалалары:* «Қазақстан топонимдерінің жасалуындағы лексика-морфологиялық құбылыстар» (1959), «Топонимика принциптері» (1964), «Отражение этнонимов в топонимике» (1965), «М. Қашқари және ономастика мәселелері» (1971), «Диалектология және топонимика» (1973), «Топонимика – жаңа ғылым саласы» (1978), «Қазақстан этнотопонимикасы» (1978), «Этнотопонимы Казахстана, связанные с Алтаем» (1979), «К вопросу о методах этимологического исследования топонимов Казахстана» (1984), «Халық қазынасы» (1986), «Древние этнонимы – источник изучения этногенеза казахов» (1987), «Қазақ тілі топонимдерінің тарихи-морфологиялық аспектілері» (1988), «Оңтүстік Орал және онымен көршілес аудандардың кейбір көне гидронимдерінің этимологиясы туралы» (1989);

2) *Топонимдердің этимологиясы туралы:* «Ақмола» атауының шығуы туралы» (1956), «Этимологические изыскания – основная задача в топонимике» (1962), «Кейбір этнотопонимдердің этимологиясы жайында» (1967), «Этимологическое исследование некоторых этнонимов, общих для узбекского и казахского народов» (1985), «Кейбір топонимдердің этимологиясы жайында» (1986), «Өзбекстанмен шекаралас Оңтүстік Қазақстан топонимдерінің этимологиясы туралы» (1987), «Қызылқұм топонимдері» (1989);

3) *Топонимдердің дұрыс жазылуы мен транскрипциясы туралы:* «Географиялық атаулардың орфографиясы жөнінде» (1953), «Қазақстан



жер-су аттарының дұрыс жазылуы мен транскрипциясының кейбір мәселелері жайында» (1955), «О топонимах Казахстана в словаре русской транскрипции географических названий» (1958), «Создать словарь географических названий» (1959), «Инструкция по русской передаче географических названий Казахской ССР» (1959), «Жер-су аттарының жазылуы» (1959), «Проблемы топонимики Востока» (1961), «Вопросы топонимики Казахстана» (1962), «Актуальные проблемы тюркской топонимики» (1989).

Ғалымның осы мақалаларына арқау болған мәселелердің жинақталып, жүйеленіп, көлемді монографияларға ұласып отырғандығын ғалым еңбектерін зерделеу арқылы бағамдаймыз.

А. Әбдірахманұлы 1954 жылы «Қазақстан топонимикасының кейбір мәселелері» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғаған. Оған дейін топонимикаға қатысты бір ғана еңбекті, географ-топонимист Ғ. Қоңқашбаевтың 1949 жылы география ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін қорғаған «Қазақтың халықтық географиялық терминдері» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясын атауға болады. Демек, А. Әбдірахманов – топонимиканы бірінші болып зерттеген тілші-ғалым.

1959 жылы А. Әбдірахмановтың диссертациялық еңбегі «Қазақстанның жер-су аттары» деген атаумен монография болып жарыққа шығады. Бұл монография – Қазақстан топонимдерін тарихи-лингвистикалық тұрғыда басқа туыстас тілдермен салыстыра зерттеген, топонимдерді лексика-семантикалық мағыналарына қарай топтастырған, топонимдердің жасалу жолын зерделеген тұңғыш еңбек. Монография төрт тараудан тұрады: бірінші тарауында топонимика ғылымының сипаттамасы беріледі, әдістері мен міндеттері аталады, жалпы топонимика ғылымының зерттелу тарихына шолу жасалады.

Екінші тарауында топонимдерді лексика-семантикалық мағынасына қарай топтастырады.

Еңбектің үшінші тарауында ғалым тарихи деректерге сүйене отырып, Қазақстан топонимдері жасалуының кезеңдерін анықтайды. Ғалым пікірлерін жинақтап, біз өз тарапымыздан бұл кезеңдерді төмендегіше жүйеледік:

1) біздің заманымызға дейін VI-IV ғ. – б.з. VII-VIII ғасырлар: Қазақстан аумағын мекендеген сақ тайпаларының жасаған атаулары;

2) VIII-XI ғ. – XIII ғасыр: арабтар жаулауына байланысты пайда болған араб, парсы атаулары. Мысалы: Сауран маңындағы Яныкентті арабтар ал-Қарьят, ал-Хадиси деп атайды немесе Фараб секілді атаулар;

3) XIII ғ. – XV ғасыр: монғолдардың енуіне байланысты монғол тіліндегі атаулар пайда болы. Мысалы: Қапшағай, Тарбағатай, Боролдай, т.б.;

4) XV –XVI ғ. бастап қазақтар этнографиялық біртұтас халық ретінде қалыптасқандықтан, сол кездердегі топонимдер қазақ топонимдері деп аталады. Қазақ топонимдері тек осы кезеңде жасала бастаған жоқ, әрине. Топонимдердің жасалуы қазақтың этникалық құрамына енген тайпалар тілімен де байланысты.

Төртінші тарау «Қазақстан топонимдерінің дұрыс жазылуы мен транскрипциясы туралы» деп аталады. Ғалым жер-су атауларының қазақ тілінде дұрыс жазылуына және айтылуына мән беру керектігін айрықша атап, мысалдармен дәйектейді.

Бұдан кейін ғалымның «Топонимика және этимология» (1975), «Қазақстанның этнотопонимикасы» (1979) атты монографиялары жарық көреді. Ғалым араға жылдар салып, 1991 жылы «Қазақстан топонимдерін тарихи-этимологиялық зерттеу» деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғаған. Ал ғалым О. А. Сұлтаньяевпен бірлесіп дайындаған «Көкшетау өңірінің жер-су атаулар сөздігі» 2015 жылы жарыққа шықты. Айтым Әбдірахманұлының осындай көлемді еңбектерімен бірге ғылыми-танымдық мақалалары да қазақ тіл білімінің ономастика саласының ғылыми қорынан үлкен орын алады.

Ғалым Айтым Әбдірахманұлының топонимика саласына қатысты ғылыми-зерттеу еңбектері, біріншіден, топонимика ғылымының даму бағытын айқындауымен, екіншіден, ұлттық код белгісін танытар маңыздылығымен құнды.

Қорытындылай келгенде, Айтым Әбдірахманұлының ғылыми-зерттеу мұралары – ұлттың рухани кеңістігін сабақтастырып жатар мәдени құндылық. Мәдени-рухани құндылықтарымызды танып, бағалаған сайын А. Әбдірахманұлының тіл жанашыры ретіндегі азаматтық тұлғасы, өз кезеңінің, бүгінгінің, болашақтың жастарына берген тағылымы арқылы ұстаздық тұлғасы, ғылымдағы ізі арқылы ғалымдық тұлғасы даралана түседі.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Жанұзақов Т., Жұбанов Е. Азамат ажары // Қазақстан мұғалімі. 1988. -№ 9. – 4-б.
2. Әбдірахманов А. Пікір таласы шындыққа жеткізеді // Қазақ әдебиеті. – 1959. – №1. – Б.2-3.
3. Әбдірахманов А. Тіл мәдениеті және терминология // Социалистік Қазақстан. – 1968. – № 239. – 4-б.
4. Әбдірахманов А. Терминдерді дұрыс қолданайық // Социалистік Қазақстан. – 1972. – № 23. – 4-б.

*Қ. Ә. Нарбаев, PhD докторы, қауымдастырылған профессор (доцент),  
запастағы азаматтық қорғау полковнигі  
ҚР ТЖМ М. Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы*

## **ӨМІР ШЫНДЫҒЫНДА ЕРЛІККЕ ЖЕТЕЛЕП ТӘРБИЕЛЕУ**

Патриоттық тәрбие беру мәселесі елімізде тыңнан көтеріліп жүрген мәселелердің бірі десек те болады. Патриоттық тәрбие, Отанын қорғау, елінің нағыз патриоты болу, халықтар достығы мәселелері Отан басына қысылтаяң кезең орнағанда өте өзекті болады. Осындай кезең ел басына Ұлы Отан соғысы кезінде туындады.

Ұлы Отан соғысындағы жеңіске Кеңес Одағы азаматтарының Отанына деген шынайы сүйіспеншіліктерінің арқасында жеткені мәлім. Бұл нағыз патриотизмнің көрінісі еді. Ұлы жеңіске жетуде халықтар достығының орнын ерекше атап кеткен жөн.

Майданда М. Ғабдуллин өмір мен өлімнің шекарасында қар жастанып, мұз төсеніп жүргенде жан дүниесін тебіrentкен ойларын, табандылық, төзімділік көрсеткен ерлердің өнегелі, батырлық іс-қимылдарын, жауынгерлердің сезімді селт еткізерлік сөздерін, «окопты – кабинет, жерді – орындық, тізесін – үстел» етіп, мүмкіндігінше, қаз-қалпында, суымай тұрғанда, ізінше қойын дәптеріне түсіріп отырған [1].

Соғыс кезінде тамаша үгітші болған, сөздің қас шебері Мәлік Ғабдуллин жауынгерлерді рухтандыра білген, онда ол жауға қарсы қолданылатын қарулы күштің бірі – халықтың данышпандық қаһарлы сөзі, халық поэзиясын толығымен қолданды. Бұған ол соғыс басталғанға дейін жазып, бірақ қорғап үлгермеген «Қобыланды батыр» жырын ғылымдық зерттеудің проблемалары» атты ғылыми еңбегінің септігі тигені сөзсіз деуге болады.

Халықтық жырлар Отанды сүюді, халыққа қызмет етуді сүйсіне жырлап бейнелейді. Эпос кейіпкерінің келешек жас ұрпақты патриотизм рухында тәрбиелеуде өнегелік жағы күшті екендігін, халық қашанда батырлар жырын тәрбиелік мәні бар мәнерлі құралдың есебінде пайдаланғанын зерттеп, батыр халқы мен отаны үшін ерлік жасайтынын, айтқан сөзде тұрушылық, намысқорлық, жолдастық-достықты сақтаулық сияқты қас батырға тән қасиеттерді бойына сіңірген.

Бәрінен де қымбатты өз отаны, өз халқы екенін, оны басқыншы жаудан қорғап алу – халқы үшін туған батырдың басты борышы екенін

түсінеді. Батыр атану, ерлік жасау – ел жұртын, халқын адал ниет, шын көңілмеген сүйгендігі екендігін біледі.

Біз тәрбиеде әр елдің салт-дәстүрлерімен қатар, олардың ана тілдеріне де көңіл бөлу керекпіз, орысша, қазақша, қырғызша, өзбекше, қалмақша, қарақалпақша, татарша еркін білетін тіл ғалымы Мәлік Ғабдуллин батырлық-ерлік туралы шығарылған эпостық жырларды ұлт жауынгерлерінің ана тілінде оқып бергенде жігіттердің көздері оттай жайнайтын. Күндізгі ұрыстарда шаршаған, кешкісін окоп ішінде демалып отырған жауынгерге батыр жырынан бір үзінді оқып жібергенінде, оған жырдың қатты әсер еткенін, одан ол бір түрлі күш-қуат алғандай болғанын талай рет көрген еді [2].

М. Ғабдуллин барлық ұлт өкілдерінің өжеттіліктерін, қайтпас қайраттылықтарын суреттейді. Тіпті, жаралы болған жігіттердің жарасына қарамай ұрысқа ұмтылуына қайран қалады. Алматыдан келген Воробьев басынан жаралы болды, көмек көрсетілгеннен кейін ұрыс жүріп жатқан жаққа қарай жүгіре жөнелді. Ал, аяғынан жараланған Каримов дейтін ұйғыр жігіті «жарамды тезірек байлап беріндер, қатардан қалмайын, жаудан кегімді алайын» дейді. Міне, өжет деп осыларды айт».

Жауынгерлердің ұрыс кездерінде жүрек қанымен жазып, өздері жақсы салтқа, ерлік дәстүрге айналдырған сан алуан ережелері бар. Солардың бірі – жауынгер жолдасың үшін жан аяма, өзің өлімге барсаң да, жолдасыңды ажалдан құтқар. Адам баласы үшін дүниедегі ең қымбат нәрсенің бірі – достық, жолдастық қой.

Достық, жолдастық дегендер адамның тіліне, ұлтына байланысты емес. Ол адамның адамгершілігіне, санасына байланысты.

Взвод командирі В. Карноухов жаралы болғанда жылжып бір воронкаға жата қалды. «Қой, менің бұлай бақылап тұрғаным жарамас. Жаралы жолдасқа көмек беріп, жәрдемдесу керек. Досқа достық ету керек. Ол үшін өлсең де арманың жоқ. Өлсең сен үшін кек алатын да – жақсы жолдастарың», – дедім де, окоптан атып тұрып, Карноуховқа қарай еңбектей жөнелдім (осындай жағдайда адам оқ тиеді-ау, өлемін, я жараланам-ау деп ойламайды ғой).

Өзіңе от тиседе, жаралы досың арқалап еңбектей-еңбектей өлім тырнағынан алып шығады. В. Карноухов құтқарып алғаны үшін рахмет айтқанда, –Саған жәрдем беру, достық, адамгершілік борышты өтеу міндетіміз ғой, – дедім.

Жеңістің кілті достықта екендігін жадына сақтаған М. Ғабдуллин. «Біз достық-ынтымағы жарасқан елдің адамдарымыз. Біздің елдегі ұлы табыстардың зор мақтанышпен айтатындай қайнар көзінің бірі осы достықта.

Халықтар достығын алға тұтқан Мәлік Ғабдуллин көптеген адамдардың ішінен үгітші майор Сергей Иванович Дубининді айрықша суреттейді. С. Дубинин қазақтармен кездесе қалса, «мен де қазақпын» дегенді мақтанышпен айтып жүреді. Олай деуіне де себебі болатын. Ол отызыншы жылдары «Правда» газетінің Қазақстандағы тілшісі болып, республиканың төрт бұрышын аралап шығады, қазақ халқының тарихын, өмірін, әдет-ғұрпын жетік біліп алады. Қазақтың қай ауылына барса да өзіне жақын дос, жақсы жолдас табады.

Сөз жоқ, ерлік пен батырлық адам баласына өздігінен бітетін қасиет емес. Ол адамдардың ұлтына да қарамайды. Ондай қасиет Отанын, халқын сүйген, оларға барлық ар-ұятымен беріле қызмет етуді мақсат еткен, сол үшін саналы түрде күрескен, айтарлықтай нәтижеге жеткен адамға ғана тән. Отанын, халқын шын сүйген адам ғана батырлық, ерлік істер жасай алады. Біздің елімізде «батыр» деген атақ адамның дене құрылысына, ұлтына қарап берілмейді.

Халық ұғымында қас батырға тән қасиеттің бірі – намысқорлық. Кеудесінде намыс оты жоқ адам батыр да, батыл да болмайды, ыңжық болады. Біз мұны майдан өмірінен де айқын көрдік.

Мәлік Ғабдуллин басқа ұлт өкілдерінің салт-дәстүрлерін қатты сыйлады. Басқа ұлт өкілдерінің салттарын сыйлау арқылы жеңіс үшін белгіленген әскери тәртіптен ауытқушылыққа жол да берді. Оның жауынгерлердің ұлттық ерекшеліктеріне аса зор мән бергені байқалады. Жауынгерлердің өз шаруасына осыларды тұтынатынына сүйіспеншілік құрметпен қараған абзал. Сонда оның ынтызарлық-құштарлығы, күш қуаты артады.

Орта Азия халықтарының дүние салған адамға құрмет көрсетіп, жерлеу дәстүрі бар. Егер ол жау қолынан қаза тапса, онда ел дұшпаннан кек алуға ант береді. Өзбек жауынгері Раманқұлов қаза тапқан ағасы Кашматты ұлттық дәстүр бойынша жерлеуге рұқсат алады. Жерлеуге өзбектер, түркімендер және тәжіктер жиналады. Жерлеу кезінде Раманқұлов кек алуға ант береді, жауды құртпайынша жаным жай, өзім де, жерім де тыныштық таппайтындығын айтса, қалғандары оны мақұлдайды. Олар соңғы қиян-кескі шайқаста асқан табандылық танытып, жанқиярлықпен соғысып, жаудан кектерін алады [3].

Татар мен башқұрт, қазақ пен өзбек, қырғыз бен түркімен және тәжік халықтарында әдет-ғұрып бойынша ұзын шаш пен ұзын тырнақ өсіруге болмайды. Ат толысқан жігіттіктің белгісі ретінде мұрт қояды. Бір взводтың командирі ұлттық ерекшелікті ескермей, қарақалпақ жауынгерлерінің мұртын алғызып тастайды. Оған олар қатты өкпелейді.

Ұрыс алдында бір жауынгер винтовканың құндағы мен қайсысын жақсылап майлайды. Бұлай істегенін тіпті орыс тілінде түсіндіріп те

айта алмайды. Кейін анықталғандай жауынгердің қаруы жақсы күйде, ал ортаазиялық аңшылардың дәстүрі бойынша мылтықтың сыртқы бөлігін майлау аңшыға ірі олжа әкеледі екен. Бұл істердің барлығына М. Ғабдуллин араласып, істің оң шешім табуға ат салысады.

Тіпті майданда жүргендеріне қарамастан, блиндажына жолдасы келсе, оның жасы не дәрежесі үлкен болса, үй иесі мықтап қызмет еткен. Мұндай жауынгерді барлығы сыйлайды, айтқан сөзін ұйып тыңдайды. Ұлттық ерекшеліктерді нәзік түсінген командир бауырлас ұлттардың арасында үгіт жұмыстарын жүргізгенде үлкенін тыңдап алып, үгіт жүргізетін болған.

Жау соғыс ашқанда көп ұлттан құралған Кеңес Одағында алғашқы ұрыстарымыздан кейін-ақ ұлт араздығы туып, ұлттар арасында өзара қырғын жанжал басталады деп жоспарлаған және бұған қатты сенген де болатын. Бірақ іс жүзінде олай болып шықпады. Кеңес Одағының көп ұлтты халқы жауға қарсы бір тілек, бір ұранмен аттанды, совет жерін мекендеген ұлттар арасындағы достық соғыс кезінде бұрынғысынан да нығая, бекіне түсті.

Бұған себеп болғандардың бірі Мәлік Ғабдуллиннің ұтымды қолданған үгіт-насихат жұмыстары деуге де болады. Жауынгерлердің әдеп-ғұрыптары мен ұлттық дәстүріне ден қойып, ақылмен пайдаланса, өз жұмысында жақсы нәтижеге жететіндігіне өмір тәжірибесі куә болды. Мұны көп ұлтты кеңес халқының достық-ынтымағының мызғымас беріктігінің айғағы дәлелдеп берді.

Біздің міндетіміз еліміздің көп ұлтты халықтары арасында орнаған достық ынтымақты жас жеткіншектерге үлгі-өнеге етіп тәрбиелеу.

### Әдебиеттер тізімі

1. Мәлік Ғабдуллин. Майдан очерктері – Алматы: Қазақтың мемлекеттік Көркем әдебиет баспасы, 1959. – 216 б.
2. Ғалым Мәлік Ғабдуллин және жаңа қазақстандық патриотизм. I Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының тезистері мен баяндамаларының жинағы. – Көкшетау, 2018. – 256 б.
3. Мәлік Ғабдуллин еңбектерінің он бір томдық жинағы. – Алматы, 2018. X том: Майдан әңгімелері және бейбіт заман естеліктері, публистикалық еңбектер. – 304 б.

*А. Ғ. Рахым, аға оқытушы*

*ҚР ТЖМ М. Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы*

## **КУРСАНТТАРҒА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МАЗМҰНЫ**

Барлық уақытта адамның Отанға деген көзқарасын көрсететін қоғамдық сананың ажырамас элементтерінің бірі болып табылатын патриотизм идеясы әр қоғамның рухани өмірінде басты орын алды және оның қызметінің маңызды құрамдас бөлігі болды. Қазіргі әлемде бұл идея ерекше мәнге ие.

Кез-келген елдің болашағы – оның жас ұрпағы деген тұжырым дәлелдер мен негіздемелерді қажет етпейді. Алайда, бүгінде жастарды дәстүрлі мағынада тек біздің қоғамның болашағы ретінде ғана қабылдау жеткіліксіз. Ол-қазіргі заманның ажырамас бөлігі және оны Қазақстанның болашағы үшін жауап беретін қазіргі қоғамның органикалық бөлігі ретінде бағалау қажет. Жастардың даму деңгейі, оның мәдениеті, білімділігі – мұның бәрі ХХІ ғасырдың стратегиялық ресурсы, табиғи немесе басқа әлеуетке қарағанда әлдеқайда құнды ресурс.

Қазіргі жастар жақын болашақта қоғамның саяси, экономикалық және ғылыми элитасының негізін құрайтынын ұмытпауымыз керек. Сондықтан қазақстандық қоғам дамуының табыстылығы жастардың тұлғалық бағдарлануына, қазақстандық мәдениеттің, тарихтың қандай құндылықтары оның тұлғасының дүниетанымдық негізін құрайтынына, оның азаматтық жауапкершілігінің деңгейі қандай болатынына байланысты болады.

Мұндай жағдайда жастарды тәрбиелеудің, оның руханилығын қалыптастырудың рөлі мен маңызы артады. Бұл процестің маңызды басымдықтарының бірі жастарды патриоттық тәрбиелеу, оның белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру және оның өз болашағы мен өз елінің болашағы үшін жауапкершілігін сезінуі болып табылады.

Жастарды тәрбиелеу жалпы қоғамды сақтау және дамыту талаптарына жауап беретін қоғамдық-тарихи заңды құбылыс болып табылатынын назарға ала отырып, қазақстандық жастарға патриоттық тәрбие беруді Қазақстандағы жаңғырту үдерістерінің табысты факторы ретінде қарау қажет. Осылайша, жастарды патриоттық тәрбиелеу мәселесі – ғылыми және практикалық маңызы бар өте өзекті мәселе.

«Патриотизм» ұғымының мәнін ашып, оның Қазақстан тарихынан

алар орны хақында зерттеулер жүргізген ғалымдар елімізде аз емес. Бұл кезекте қазақстандық ғалымдар А. Айталының, Р. Айтқалиевтің, Л. Ахметованың, Б. Әбдіғалиевтің, Р. Әбсаттаровтың, А. Бижановтың, Б. Берлібаевтың, К. Ғабдуллинаның, Ә. Қалмырзаевтың, С. Қозыбаевтың, Ғ. Меңлібаевтың, Д. Раевтың, тағы басқалардың еңбектерін тілге тиек етпей, кете алмаймыз.

Осы мәселемен шұғылданып жүрген ғалымдардың бірі Ә. Қалмырзаев былай дейді: «Патриотизм, отаншылдық сезім априорлық құбылыс емес, ананың құрсағынан даритын биологиялық құбылыс емес, бұл психологиялық саяси-әлеуметтік құбылыс [1].

Қазақстандық патриотизм туралы айтар болсақ, ол тек қазақтардың ғана өз Отанына сүйіспеншілігі емес, онда мекендеген бүкіл ұлт пен ұлыс өкілдерінің бәріне қатысты дүние» [2]. Оның тұжырымы бойынша, патриоттық сезім адамның туа біткен қасиеті емес, ол белгілі бір әлеуметтік, саяси, тарихи ортада ұзақ жылдар бойында қалыптасатын құбылыс. Өйткені ешкімді де осы елді сүй деп мәжбүрлеп, қолдан патриотизм жасай алмайды. Саяси-әлеуметтік, экономикалық негіздері толық қаланбаған жасанды отансүйгіштіктің ғұмыры қысқа, ертеңі бұлыңғыр.

Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру үрдісінде әрбір адамның мүдделілік сезімі факторына ерекше назар аударуымыз керек. Бұл орайда ғалым Ғ.Меңлібаевтың ой топшылаулары назар аударарлық. Ол патриотизм мен ұлтаралық қатынас мәдениетін саралап келіп, әрбір жеке адамның қоғамдық мүдде мен жеке мүдде арасалмағына қатысты пікірін білдіреді. «Адам бойына сіңген әлеуметтік және рухани құндылықтар рухани табандылықтың, ерлік пен батырлықтың, ізгіліктің бастауы бола отырып, Отан алдындағы борыш пен міндетті орындауда кездескен қиындықтарды батыл жеңуге құлшындырады. Ол үшін қоғам мүддесі, ұлттық мүдделер әркімнің өзінің, жеке басының мүддесі дәрежесінде қабылдануы керек» [3].

Жастардың патриоттық санасының қалыптасуына баса назар аудару, әдетте, кез-келген мемлекеттің тарихи дамуындағы бетбұрыс пен дағдарыс сәттерінде көрінеді. Бүгінгі таңда елімізде халықтың, әсіресе жас ұрпақтың азаматтық-патриоттық көңіл-күйінің маңыздылығын бағалау қиын. Патриотизм әлеуметтік сананың маңызды құрамдас бөлігі ретінде мемлекеттің өмір сүруі мен дамуының рухани, мәдени, әлеуметтік-экономикалық негіздерін әлсіретуге мүмкіндік бермейтін негізгі діңгегі болып табылады. Сондықтан да мемлекеттік саясат деңгейінде бүгінде патриот пен азаматты тәрбиелеудің басымдығы ұғынылады. «Қазақстан – біздің ортақ үйіміз, біздің өзіміз де, біздің бабаларымыз да осы жерді мекен етеді. Егер біз өзіміздің



елімізді, өзіміздің өмірімізді сынауды білер болсақ, осы жасампаздықпен жаңғыртып, бой көрсеткен әрбір тал шыбықты мәпелеп өсіріп отырмасақ, онда біз өзімізді нағыз патриот деп санай алмас едік», - деген Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың мемлекетіміздің келешегінің тұтқасын ұстайтын жастарды Отанына, атамекеніне шын берілгендік рухында тәрбиелеуден артық борыш жоқ екендігін атап көрсетті [4].

Дағдарыстарға, халықтың көпшілігінің өмір сүру деңгейінің күрт төмендеуіне, сыртқы араласуға, оппозициялық көңіл-күйді басатын тоталитарлық саяси режимдерге және кез-келген қарама-қайшылықты қудалауға байланысты бірқатар елдердегі тұрақсыз әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдай бүгінде экстремистік идеология мен террористік әрекеттің қарқынды таралуына негіз болып табылады.

Ашығын айту керек, қазіргі жастарда азаматтық бірегейлікті қалыптастыру қиын, өйткені елді реформалау кезеңінде идеологиялық негіздер әлсіреді, ұлттық құндылықтарға деген көзқарас өзгеруде, тарихи процесс пен ондағы жеке тұлғалардың рөлі туралы түсінік өз деңгейінде ұсынылмайды, еліктеуге лайықты үлгілер дұрыс насихатталмайды. Бүгінде бұл жалпы мемлекеттік проблема болып табылады.

Курсанттардың патриоттық тәрбиесінің мәні болашақ офицерлерде өз Отаны үшін мақтаныш сезімі мен оған деген адалдыққа, сондай-ақ оны қорғаудағы азаматтық парызын орындауға дайындыққа негізделген барабар азаматтық сәйкестік пен жоғары патриоттық сезімді қалыптастыру бойынша мақсатты іс-шараларды ұйымдастыру болып табылады. Осыған байланысты әскери білім беру мекемесінде әскери қызметшілерді сапалы жаңа негіздерде рухани - адамгершілік тәрбиелеуді ғана емес, сонымен бірге түбегейлі маңызды адамгершілік құндылықтар ретінде патриотизм мен азаматтықты жандандыруды қамтамасыз ететін технологиялық және экологиялық мүмкіндіктер құрылуы керек.

Патриотизмге тәрбиелеу процесінде шешілетін негізгі міндеттер:

- курсанттардың өзіне деген құндылық қатынасын, жоғары моральдық-адамгершілік мұраттар мен салауатты өмір салты дағдылары негізінде бақытты өмір сүру және өзін-өзі тану қажеттілігін қалыптастыру;

- курсанттардың қоғамға, оның рухани-адамгершілік және мәдени мұраттарына құндылық қатынасын қалыптастыру, ұлттық сана-сезімді қалыптастыру;

- курсанттардың мемлекетке, оның тарихына, мұраттарына, тұтастығы мен егемендігіне құндылық қатынасын қалыптастыру;

- курсанттардың әлеуметтік жауапкершілігінің көрінісі мен дамуына, негізгі қызмет түрлерінде нақты көрінісі бар белсенділікке жағдай жасау;

- әділеттілік сезімімен және адами және мемлекеттік құқық нормаларын нығайту мен қорғаудағы қажеттілікпен қатар, заңға бағынушылықты қалыптастыру және ұжымдық өмір нормаларын қабылдау үшін жағдайлар жасау;

- курсанттардың әскери, қоғамдық және мемлекеттік борышын орындауда өз қажеттіліктері мен мүдделерін білдіру үшін жағдай жасау [5].

Қойылған міндеттерді шешу курсанттарды патриоттық тәрбиелеудің мазмұндық ерекшелігін айқындауды талап етеді. Осы мақсатта патриоттық тәрбиенің жекелеген бағыттары, олардың ішінде: азаматтық, әскери-патриоттық, ұлттық-патриоттық, батырлық-патриоттық, азаматтық-патриоттық бағыттар қарастырылуы және талдануы мүмкін.

Азаматтық тәрбие патриоттық тәрбиенің бір бөлігі ретінде барлық нәрсенің негізі болып табылады. Азаматтық тәрбиенің мазмұны құқықтық мәдениетті дамыту, саналы азаматтық ұстанымды қалыптастыру, халықтың, ел мен мемлекеттің игілігі үшін ерікті және саналы қызмет етуге дайындықты қалыптастыру болып табылады.

Әскери-патриоттық тәрбие әскери тарих пен әскери дәстүрлерді меңгеруден, бейбіт уақытта да, соғыс уақытында да әскери борышқа адал болудан, тәртіптілік пен жауапкершілікті жоғары деңгейде қалыптастырудан тұратын патриоттық сананы қалыптастыруға бағытталған.

Патриоттық сананың дамуымен патриоттық тәрбиенің батырлық-патриоттық түрі де тікелей байланысты, оның мазмұны әскери кәсіптер мен әскери қызметті насихаттау, сарбаздар мен офицерлердің ерлігімен атап өтілген өткен және қазіргі заманның маңызды оқиғалары туралы ақпарат тарату болып табылады. Жұмыстың осы бағытының негізгі мақсаты тұлғаның тарихтағы рөлі және елдің қауіпсіздігін дамыту мен қолдауға өз үлесін қосу мүмкіндігіне деген сенімділік туралы түсінікті қалыптастыру болып табылады.

Курсанттарды ұлттық-патриоттық тәрбиелеудің мазмұндық аспектісі ұлттық мәдениетке құрметпен қарауды, өзінің кіші отанына деген сүйіспеншілікті, мақтанш сезімін қалыптастыру болып табылады, бұл оған кез келген ұлттық мұраның құндылығы мен бірегейлігін және өзіндік ерекшелігін түсінуге негізделген басқа мәдениеттер мен халықтардың өкілдеріне қатысты толерантты болуға мүмкіндік беретін дәйекті ұсыну болуға тиіс. Ұлттық-патриоттық

тәрбиенің мақсаты курсанттардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру болып табылады.

Азаматтық-патриоттық тәрбие азаматтық-құқықтық сана-сезімді қалыптастыруға бағытталған, оның мақсаты заңдарды, азаматтардың құқықтары мен міндеттерін терең және дәл білу, заңды құрметтеу және оны қызметте және тұрмыста іске асыруды қолдауға дайын болу негізінде жоғары адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру болып табылады [5].

Осылайша, курсанттардың патриоттық тәрбиесінің мазмұнында жұмыстың бірнеше өзара байланысты бағыттарын бөліп көрсетуге болады, олардың нақтыланған мазмұны оны мақсатты түрде ұйымдастыруға, әсер етудің тиісті құралдары мен әдістерін таңдауға мүмкіндік береді.

Патриоттық тәрбиелеуде білім беру жүйесі маңызды рөл атқарады. Өйткені, біріншіден, оқу кезеңінде жеке тұлғаның маңызды белгілері қалыптасады, екіншіден, қоғамның болашақ элитасы кәсіби білім мен тиісті білім алатын оқу орындарында.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Қалмырзаев Ә. Қазақстандық патриотизм қалай қалыптасады // Егемен Қазақстан. – 10 қаңтар. – 1998. – 25 б.
2. Раев Д. Қазақстандық патриотизм мен гуманизм // Ақиқат. – 2000. – № 89. – 8 б.
3. Есенгараев Е.Ж. Плюрализм и патриотизм // Индустриальная Караганда. – 2002. – № 183-185. – 25 окт.
4. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 33 б.
5. Азаматтық-патриоттық тәрбие-уақыт талабы. // Қазақстан мектебі (журнал) – 2011. – № 4. – 9 б.

---

## 1 секция. ҰРПАҚҚА МӘНГІ ӨНЕГЕ - МӘЛІК ГАБДУЛЛИН ЖӘНЕ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ

---

УДК 81-139

*И. М. Абишева*  
*Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова*

### ГЕРОИЗМ М. ГАБДУЛЛИНА И ФОРМИРОВАНИЕ НОВОГО КАЗАХСТАНСКОГО ПАТРИОТИЗМА

Слово «Патриотизм», «любовь к Родине» вновь обретает свое высокое значение. Ведь в современном мире невозможно представить себе настоящего гражданина, не ценящего свою родную землю и край своих предков. Между тем, необходимо отметить, что самой острой проблемой для общества и государства стало воспитание нового поколения казахстанцев – нового казахстанского патриотизма, так как только патриотическое воспитание молодежи должно составить одно из важнейших направлений государственной политики.

Послание Первого Президента – Елбасы народу Казахстана, является очередной вехой на пути к процветанию страны. Его стратегия модернизации страны, которую изложил Президент, особенно важна для молодежи.

Легендарный земляк, академик, Герой Советского Союза – Малик Габдуллин, имя которого особенно чтят казахстанцы. В его честь во многих городах республики названы центральные улицы. А в 1995 г. в Кокшетау в одном из старейших деревянных строений, некогда принадлежавшем купцу Баязитову, был открыт музей Малика Габдуллина. Несколько лет назад старинный особняк пришел в негодность. Из бюджета области были выделены средства на строительство нового здания музея, во дворе которого установили бюст из бронзы работы скульптора Сатыбалдина. Аул Койсалган Зерендинского района, где прошло детство героя и будущего профессора, ученого, писателя, еще в советское время был переименован в совхоз им. Малика Габдуллина. Казалось бы, жить и жить бы человеку, светлому ликом и душой, отмеченному Аллахом щедрыми талантами, рожденному для славы и признания. Однако в 58 лет его не стало.

Только со временем резкая тоска становится осознанной болью. Ушел человек, успевший так много, но способный еще больше одарить людей. Утрата еще тяжелее от понимания, что вместе с ним ушел в небытие целый мир опыта, накопленных и по-своему переосмысленных знаний, впечатлений, чувств. Перечитываешь его «Будни войны» и понимаешь: на войне не только убивают. На войне обретают друзей. Перед лицом смерти каждый становится самим собой, хочет он того или нет. Умеет понимать друга и разглядеть врага [1, с. 67].

Живой для живых, Малик Габдуллин оставил нам свое великолепное наследие. Он был и остался сыном своей земли, своего народа, высоким примером, достойным подражания. Образ человека и гражданина, патриота, воина, писателя волнует нас и поныне. Мы пропускаем через сердце, сознание весь его огромный и драгоценный опыт.

Наш земляк обладал удивительным умением – приходить по первому зову, когда Родине трудно. И без зова приходить, не имея права на опоздание. Умел слышать боль и радость в каждом биении сердца народного.

В современном мире вопросы гражданственности и патриотизма, нравственности и духовности, уважения и толерантности становятся стратегическими приоритетами общественного развития. Успешность общественного развития во многом определяется сформированностью гражданственности и сохранением исторической памяти.

Патриотизм выходит за рамки этнонационального содержания и формируется на основе гражданских и духовно-нравственных ценностей. Подлинный казахстанский патриотизм неотделим от следующих ценностей:

1. Веры в Казахстан, как в свободную страну;
2. Бескорыстное служение ее интересам;
3. Знание, уважение и гордость за ее историю;
4. Бережное уважение к культуре народов Республики Казахстан;
5. Преданности служения ее народу;
6. Уважение к государственной символике.

Сегодня требуются новые подходы к разработке методологии и теории воспитания, определение концептуальной ориентированной перспективы, которая позволила бы осознать, какого гражданина следует воспитывать, какие качества необходимо у него формировать.

Бесценным наследием для нас служат слова Батыра – Бауржана Момышулы о патриотизме: «Я выстрадал убеждение, что любовь к Родине начинается с любви к своим родителям, братьям, сестрам, аулу, городу, где родился и вырос, к своей нации. Я хотел бы, чтобы вся наша

многонациональная молодежь знала и всегда помнила об этом...» – таковы слова настоящего полководца Великой Отечественной Войны.

Творчество ученого, академика, писателя, общественного деятеля Малика Габдуллина, пропагандирует богатое духовное наследие, воспоминания современников, формирует в сознании молодого поколения образ великой личности, достойной подражания.

Основное место в творчестве М. Габдуллина занимают вопросы воспитания молодежи в русле патриотизма, они актуальны и сегодня, как в зеркале отражая идею нового казахстанского патриотизма,

Патриотизм как нравственное чувство, выражает стремление человека сделать свое Отечество более сильным, могучим, процветающим, выражает готовность человека выступить на его защиту.

Воспитание молодого поколения в духе патриотических традиций есть конкретное выражение нравственной преемственности поколений. Патриотизму нельзя научить, его необходимо воспитывать кропотливо и целеустремленно. В этой системе особо важно постоянно развивать у подрастающего поколения важнейшие ценности, такие как: любовь к Отечеству, своему народу, своему прошлому, верность присяге, а также уважение к государству с его атрибутами (Гимн, Герб и Флаг).

Известный писатель Дмитрий Снегин писал: «Стать Героем Советского Союза – это подвиг. Быть и оставаться им всегда и во всем – не меньший подвиг. Малик Габдуллин был таким» [2, с. 37].

Перемены в стране за последние годы побуждают к постоянному переосмыслению сущности патриотического воспитания, его места в общественно-политической жизни. Теперь главная задача состоит в возрождении в обществе чувства настоящего патриотизма, как важнейшей духовно-нравственной и социальной ценности, формировании гражданско-активных, социально значимых качеств, столь необходимых защитнику молодого государства.

В сознании народа образовалась «идеологическая» пропасть, когда старые идеалы рухнули, а новые еще не созданы. Понимая все это, Первый Президент страны, Лидер нации Н. А. Назарбаев в своей работе «К идейной консолидации общества» отмечает, что важнейшей идеологической задачей является воспитание казахстанского патриотизма, формирование ясного определения каждого гражданина: «...Необходимо выработать систему действий, которая помогла бы каждому человеку ощутить гордость за причастность к вашему государству, к его богатой и славной истории, к его будущему. И проблемы, и перспективы страны должны быть близки и понятны всем людям». А начинать надо с воспитания благоговейного отношения к

флагу, гербу, гимну страны, законопослушности, уважения к власти. Следует сделать так, чтобы каждый человек с детских лет усвоил простую по сути мысль: «Казахстан - мое Отечество, и я за него в ответе, как и оно за меня» [3, с. 17].

Служба в войсках Национальной гвардии – не просто сфера деятельности по обеспечению безопасности страны, но и профессия, требующая призвания, специальной подготовки, знаний, особых ценностных убеждений и качеств личности.

Новый казахстанский патриотизм воспринимается гражданами многонациональной и много конфессиональной страны как ценностный стержень, как смысл жизни! В нем сочетается личное, присущее каждому гражданину (независимо от национальной и религиозной принадлежности) и общественное, связанное с развитием могущества страны, её прогрессом. Патриотизм выражает отношение граждан к нашей Родине – Республики Казахстан. Стремление и готовность служить ей и защищать её. Это любовь к необъятным просторам страны, её природным богатствам, героическому прошлому, сегодняшним возродившимся ценностям, к народам, её населяющим, их национальному достоинству, культурам, традициям [4].

Мы должны укрепить основы свободного и терпимого общества. Где каждый казахстанец, какой бы нации и вероисповедания он не был, мог быть свободен в выборе обычаев, культуры и религии. Общества, где правоохранительные органы обеспечивают спокойствие и порядок, а бизнесмены имеют все возможности реализовать свои идеи.

Часть общего процесса патриотического воспитания является формирование и развитие высоких нравственных качеств, морального сознания, активной нравственной позиции в учебной, служебной и неслужебной деятельности. Для военнослужащих должно стать обычным, естественным строгое выполнение нормы общечеловеческой и профессиональной этики в конкретных условиях, также как непринятие аморального, безнравственного.

Необходимо назвать основные психолого-педагогические условия эффективности нравственного воспитания военнослужащих:

- единство слова и дела, нравственного просвещения военнослужащих и организации опыта уставного поведения;
- формирование нравственной мотивации действий, поведения;
- решение задач нравственного воспитания в коллективе, в условиях демократических начал и гласности;
- максимальная гуманизация, демократизация процесса воспитания, дифференцированный и индивидуальный подход к личному составу;

- личный пример командиров и формирование нравственных установок и отношений воспитуемых.

Имя Малика Габдуллина навечно вписано в летопись Великой Отечественной войны. Будущий академик, уходя на фронт, не знал, какой славный путь ему предстоит. Просто хотел честно исполнить свой долг перед Родиной и народом. И он его исполнил, навсегда оставив в памяти народа свое великое наследие.

### Список литературы

1. Габдуллин М. Будни войны. – Алма-ата, 1967.
2. Дулат Молдабаев. «Отан үшін отқа түс ...» 2015.
3. Постановление Президента Республики Казахстан народу Казахстана «Третья модернизация Казахстана: Глобальная конкурентоспособность» от 31 января 2017 года.
4. Статья Главы государства «План нации – Путь к казахстанской мечте».

УДК 37.032.2

*Н. А. Балабекова*

*Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова*

### **ГЕРОЯМИ РОЖДАЮТСЯ ИЛИ СТАНОВЯТСЯ? МАЛИК ГАБДУЛЛИН – УЧЁНЫЙ, ПЕДАГОГ, ГЕРОЙ, ПРИМЕР ДЛЯ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ**

В монографии Клары Кожакметовой выделены три этапа в развитии казахской этнопедагогике, отмечены имена людей, повлиявших на развитие науки. Среди известных личностей третьего этапа отмечено имя Малика Габдуллина.

Кто этот человек? В процессе изучения источников формируется представление об удивительно разностороннем, я бы даже сказала, счастливом человеке. Так много успеть, пройти войну, и не просто выжить, а стать победителем в неравных схватках, продолжить свое любимое дело после войны, иметь высокие награды, признания коллег и научной общественности, жить призванием и увековечить, таким образом, свое имя в истории народа.



Сам Малик Габдуллин делом своей жизни называет педагогическую работу и выбирает для исследования героические эпосы. Итоговая цель этого исследования понятна – воспитывать молодое поколение идеалами, образами великих людей, их подвигами и преданным служением народу.

На фронте для воспитания воинского духа и отваги солдат 316 стрелковой дивизии использует образы, выражения Кобланды-батыра, пословицы, поговорки, традиции казахского народа.

Удивительно, что Малик Габдуллин некогда сам вдохновленный и погруженный в изучение и распространение истории людей-символов, событий символов, сам в процессе своей жизни становится таковым и на данный момент является примером-идеалом настоящего сына своего народа. Именем Малика Габдуллина названы улицы, образовательные организации, построены памятники, созданы музеи. В ежедневной педагогической работе нужно продолжать освещать для молодёжи жизненный путь Героя Советского Союза, включать в планы воспитательной работы классные часы, семинары, конференции о Малике Габдуллине.



С точки зрения этнопедагогического подхода интересно оценить становление личности Малика Габдуллина, в народной среде, где воспитателями являются природа, традиции, песни, пословицы и поговорки, народные праздники и главные воспитатели – родственники героя. Так называемый культ родственников в традициях казахской народной педагогики.

Материалом для обобщения послужила публикация Аманжоловой Д. А., где изложены записи беседы с Маликом Габдуллином, 16 февраля 1943 года. Герой Советского Союза повествует о своем детстве, называя людей и события, оставивших глубокий след в памяти и душе.

Попробуем отследить формирование нравственной позиции героя, рост его интеллектуального потенциала с точки зрения педагогической науки, которая выделяет три фактора влияющих на формирование личности: наследственность, среду и воспитание.

Предки Малика Габдуллина не простые люди. Он являлся прямым потомком Каная Куттымбетулы – казахского бия, одного из предводителей казахов Среднего жуза, крупного полководца, главного советника Абылай хана и общественного деятеля XVIII века [1].

Цитируем слова Малика Габдуллина об отце: «Мой отец Елемесов Габдула был, по-нашему, образованный человек. Это значит, что он умел читать и писать, в то время как другие казахи этим не владели. Вот его преимущество. Он учил детей, правда, по-старому учил, по арабскому алфавиту. Раньше он был учителем, сейчас – колхозник рядовой» [2, с. 6].

На ум приходит выражение Бауржан Момышулы «От овцы рождаются овцы, от волков – волки». Другие народные пословицы повторяют эту мысль «От худого семени не жди доброго племени», «Каково семя таково и племя», «Отец рыбак и дети в воду смотрят» «Яблоко от яблони недалеко падает», «Из одного теста» и др. Народная мудрость демонстрирует педагогическую закономерность зависимости становления личности от наследственности.

Среда. Малик Габдуллин вырос в живописном уголке нашей Родины, Зерендинском районе Акмолинской области и сам в интервью описывает родной край следующим образом: «Что из себя представляет наша местность? Наша местность является второй Швейцарией. Знаменитый курорт Боровое находится там же. Кругом леса, поля, озера, горы, рудники. Растут преимущественно береза и сосна» [2, с. 6].

Писатель рассказывает о кочевом образе жизни казахов, где степняк близок к природе. В монографии Клары Кожахметовой «Казахская этнопедагогика, теория, практика» отмечены здоровые физические качества казаха-кочевника. Степняк устремляет свой взгляд в дальние просторы и потому имеет хорошее зрение, вынужден ориентироваться в степи по небу, рельефу, поведению животных и потому имеет хороший слух, много двигается и работает и потому имеет хорошее здоровье. Эти же черты казаха -кочевника выделены в портрете Малика Габдуллина в очерке Бориса Полевого «Рождение эпоса», опубликованном в газете «Правда» 25 апреля 1943 года: «Он поет, что Малик-батыр силен, смел, хитер, как степной лис, что у него ухо джейрана, который слышит врага за много верст, что у него глаза сокола, который видит врага, как бы тот ни прятался...» [3].

Няня Пушкина, Бабушка Зере Абая Кунанбаева, бабушка Кызтумас Бауыржан Момышулы, бабушка Малика Габдуллина с особой теплотой описаны в воспоминаниях этих легендарных людей. Детские впечатления Малика Габдуллина тесно связаны с бабушкой, которая рассказывала им сказки, пела песни, воспитывала гостеприимством, добрым словом, лаской. То, что называем гуманными методами воспитания, использовала мудрая женщина казахского аула. Вот как рассказывает об этом Герой Советского Союза: «Она сделала по воспитанию детей всего нашего аула очень много. Если мальчик-пацан нашего аула делает нехорошее дело, его надо воспитать, сказать, внушить ему, что это неправильно, нехорошо. Что она делает? Она уже сама сочиняет сказки. Был такой-то мальчик, с таким-то характером, не уважал стариков, не слушался и проч. Все материалы берет из жизни того мальчика, который нарушил «дисциплину», говоря по-нашему. Этот мальчик понимает, что речь идет не о каком-то мальчике, который когда-то существовал, а речь идет о нем, и покраснеет. Это был очень хороший метод. Это была аллегорическая, образная сказка» [2, с. 7].

«...Мы любили слушать о героях, о богатырях, об одноглазых драконах, о тех простых людях, которые побеждают темную силу одноглазого дракона. Есть сказки о том, как какой-то дракон появился на божий свет, делает затмение солнца и луны, а простой человек приходит и побеждает, создает счастье для людей. О таких героях мы очень уважали слушать. Она рассказывала со всей энергией, очень хорошее впечатление производили ее рассказы».

Силу гуманных методов народной педагогики выделяет в воспоминаниях Малик Габдуллин, повествуя об аульном человеке Утежане Искакове, который угостил, пошутил, спел песни и только потом сказал детям фразу, которую они запомнили на всю жизнь [2, с. 12].

Цитирую: «Его советы залегли в нашу душу. Бабушки в это время уже не было».

Читая эти строки, узнаю метод Амонашвили, называемый «момент истины». Какая мудрость, глубина, духовность человека!

Еще один фактор народного воспитания. Трудовые традиции народного воспитания содействовали становлению личности героя. Он единственный сын и помогает отцу по хозяйству, летом сенокос, дрова, охота с дядей, где он научился стрелять. В труде формируются выносливость, меткость, воля. Разве не эти качества проявит Малик Габдуллин на фронте?!

Герой Советского Союза характеризует себя хулиганом, драчуном «партия на партию» драться было любимым делом и в ауле, и в

казкоммуне. В этих столкновениях и формируется смелость, умение постоять за себя, дружеские отношения. Предполагаю и это легло в основу героического духа будущего военного комиссара.

Склонность к обучению проявляет Малик Габдуллин в подростковом возрасте и настаивает перед отцом уехать учиться, доказывая казахской пословицей «Силач может победить одного, а ученый может победить большие тысячи людей» [2, с. 15].

Наставления взрослых, особенно Сабита Муканова, значительно повлияли на его усердие, старания в учебе. Много читает, пишет, изучает русский язык, поступает в Казахский педагогический институт им. Абая и ставит цель поднять уровень казахской литературы, начинает писать диссертацию о Шокане Уалиханове.

На фронте постоянно делает заметки, и ставит перед собой задачу «...популяризировать военную науку, которой у казахов нет, показать, как казахи, которые раньше в войнах не участвовали, в армии не служили, вдруг проявляют образцы геройства. Надо было о них рассказать не только фронтовикам, но и тыловикам. С этой целью я собрал большое количество боевых эпизодов, документов, материалов, характеризующих подвиги семи товарищей. ... Писал о тех людях, которые своими боевыми подвигами прославили весь казахский народ». [2, с. 26]

Как видим, деятельность Малика Габдуллина и в условиях войны, и в условиях мира, и в молодом возрасте, и в зрелом направлена на продвижение казахской литературы, казахской этнопедагогике. Одухотворенный национальной гордостью, лучший армейский агитатор воспитывает бойцов поговорками, традициями, примерами исторических личностей как Абай, Джамбул, Исатай, Кенесары, Сырым, Амангельды и др.

В послевоенное время выбирает для себя главной педагогическую работу так как «...надо учить людей и самому учиться можно». Становится ректором КазПИ имени Абая, избирается депутатом Верховного совета СССР и др. Его научный труд «Казахский героический эпос» был удостоен премии имени Ш. Уалиханова в 1972 году.

Народная педагогика, советское образование, общественные организации, военный опыт – всё единым образом слилось в создании фигуры легендарной личности Малика Габдуллина. Необходимо подчеркнуть факторы народной педагогики в воспитании национального духа героя и не терять этот вековой мудрый опыт в воспитании современной молодежи.

## Список литературы

1. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
2. Аманжолова Д.А. «Я душой болею за литературу», из записи беседы с Героем Советского Союза М.Габдуллиным. 1943 г. [электронный ресурс] <http://futureruss.ru/wp-content/uploads/2017/05>
3. Серик Негимов, профессор ЕНУ им. Л. Гумилева, доктор филологических наук. Наш Малик // Казахстанская правда, февраль 2016.

ӘОЖ 94(574)

*А. Буланбаев, 2-ші курс студенті*  
*Ғылыми жетекшісі: А. Т. Каржавов*  
*Қ. И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу*  
*университеті*

### **МӘЛІК ҒАБДУЛЛИН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ БАТЫРЛЫҚ ПЕН ЖАУЫНГЕРЛІК РУХ**

Арқаның кербез сұлуы Көкшетау, Зеренді ауданы, Қойсалған ауылында дүниеге келген Мәлік Ғабдуллин ержүрек жауынгер ретінде де, сөз өнерін ардақтап кие тұтқан тұлға ретінде де ел есінде.

Кеңес Одағының Батыры, фольклортанушы, қоғам қайраткері, жазушы Мәлік Ғабдуллиннің сұрапыл соғыстың, лапылдаған оттың ішінде жүріп жазған шығармалары - өскелең ұрпаққа қалдырған үлгі-өнеге толы алтын мұра.

Тарихи әрі тәрбиелік мәнге толы, оқырман жүрегін баурап аларлықтай көркем жазылған автор еңбектері біздегі патриоттық сананы қалыптастыруда айтарлықтай рөл атқаратыны сөзсіз. «Менің майдандас достарым» (1947), «Алтын жұлдыз» (1948), «Майдан очерктері» (1949), «Сұрапыл жылдар» (1971) атты кітаптарында, очерктерінде Мәлік Ғабдуллин қатардағы жауынгер бейнесін, майдан өмірін суреттеп, Кеңес әскерлерінің Отан үшін ұлы соғыста жасаған ерліктерін ұлағаттайды. Осындай шығармаларында Ер-Мәлік Отанды, ел мен жерді, халық бақытын қорғау мәселелерімен қатар «қазақ баласы» бойында болатын ұлтжандылық, ар-намыс, абырой және батырлық қасиеттеріне база назар аударғандай.

Мәлік Ғабдуллин өзінің қан майданда жаумен арпалысумен қатар, өзінің сол қиын жағдайларда «қара жерді – орындық, тізесін – үстел» етіп жазған шығармалары жайында 1942 жылдың 12 мамырында Ғабит Мүсіреповке жазған хатында былай деп баяндайды: «Менің шатаспаған жерім аз деймін. Соғысқа енісімен күнделік жазуға кіріскем. Соңынан «Қазақ баласы» деген атпен көп нарсе жаздым. Көлемі 750 беттен артық, дәптер бетімен санағанда, мұнда Бауыржан Момышұлы, Мұқан Сламқұлов, Балтабек Жетпісбаев, Жалмұқанбет Бозжанов, Қазтау Сәдуақасов, Жұмажан Батталовтардың ісі, ерлігі және көптеген эпизодтар жиналды» [1].

Батырдың сол бір күндерде жазған күнделіктерінің көбісі бізге жетпесе де, бір жазбасында:

«Майданда болып, ондағы ерлік жасаған қазақ жігіттерінің батырлық істерін жазу, көпке таныстыру, айту керек-ақ. Осы істі қолға алып ем, онымды кейбір адамдар жек көріп, маған «ұлтшыл» атағын тағатын көрінеді. Не десе одесін, мен жазам, айтам. Түбінде тарих өзі аршып алар (9.05.45 жыл)», - деген екен. Бұл жерде біз жазушының талай телегей туындылардың жарық көруіне себеп болған ұлтжандылық, «қазақ баласына» деген өлшеусіз құштарлықты көре аламыз [1].

Армия Казахстана, как институт государства, предназначена для отражения всех видов военных угроз и обороне страны. Становым хребтом Вооруженных Сил являются офицеры, опирающиеся на своих первых помощников – сержантский корпус. Главной их деятельностью является грамотное и профессиональное управление вверенным им подчиненными войсками в мирное и военное время.

Управление войсками и силами является ключевой функцией командного состава. Способность командира, подготовить подчиненных и при необходимости вести с ними, плечом к плечу, военные действия, должна вырабатываться с первых дней военной службы. К сожалению, на сегодняшний день, в данной сфере имеются достаточно проблем.

Наследие Бауржана Момыш-Улы является базовой основой успешного управления командиром подчиненными на всех ее уровнях в мирное и военное время.

Президент Республики Казахстан К.К. Токаев в своем выступлении, в отношении государственного управления, отмечает [2]: «... ключевой вопрос успешного решения поставленных задач – эффективная система государственного управления...»

Серьезный вопрос – менталитет и стиль работы госслужащих. Они должны быть ориентированы на результат, а не на бесконечную переписку и перекладывание ответственности.

... В итоге, забюрократизированный процесс согласований приводит к принятию «выхолощенных» документов, ориентированных на формальную сторону исполнения поручений, а не на достижение реальных результатов.

... нужно ставить системные барьеры такому распространенному явлению, как пустой «креатив», прожектерство и тактика быстрых побед любыми способами.

Как правило, такие победы являются показухой... Поэтому требуется вдумчивое и конструктивное обсуждение, выработка практических решений...».

Военная служба является особым видом государственной службы и поднятые в выступлении проблемы государственного управления, характерны, в том числе и для военного управления.

Как отмечал в своей книге Заслуженный деятель Республики Казахстан, доктор военных наук, профессор, полковник в отставке К.С. Серикбаев «Обретенной независимости – надежную защиту» (размышления и критический анализ), 2009 года издания [3]: «... конечная цель реформирования ВС пока остается не достигнутой!... как принято говорить, есть причины объективные, и есть субъективные.

Прежде всего, трудные экономические условия, которые сложились в стране, полностью и всецело отразились на качестве Военной реформы. Это и составляет основу пробуксовки реформирования ВС. Вместе с тем, и в этих сложных условиях, на мой взгляд, можно было ряд задач решить более успешно.

К сожалению, это не удалось: во-первых, процесс реформирования ВС осуществлялся бессистемно, стихийно; во-вторых, некоторые решения принимались без детального и коллегиального обсуждения проблемы; в-третьих, при принятии решений исходили из принципа целесообразности только на день сегодняшний, без учета перспективы, в-четвертых, в подборе и расстановке кадров возобладал принцип личной преданности начальнику в ущерб профессиональной подготовленности офицера.

... самоизоляция вышестоящих начальников и не восприятие мнения даже своих непосредственных подчиненных; приверженность к старой практике «показухи» и камуфляжа недостатков; отторжение с последующим изгнанием из «системы» лиц, неудобных по образу мышления и действия, если даже они являлись профессионалами своего дела; и, наконец, нерачительное использование и так ограниченных ассигнований для армии.

Эти и другие негативные факты, зародившиеся почти с момента создания нашей армии, к сожалению, получили свое дальнейшее развитие ...».

Одним из путей решения проблем управления войсками является – наследие Бауржана Момыш-Улы. Его размышления, связанные в первую очередь с ОБЛИКОМ командира, сегодня являются, как никогда, актуальными и жизненно важными.

Б. Момыш-Улы в своей книге «Психология войны: Книга хроника» [4], по-военному кратко и лаконично дает определения ключевым понятиям, которые должен знать и понимать командир любого ранга и уровня:

**ВОЙНА** – частное и временное, но самое критическое явление в жизни человека. Она на долгие годы решает судьбу его родины, судьбу его народа. Народ бессмертен. Война – великий экзамен народной мощи и воли [4, с.5];

**ОСНОВА БОЕГОТОВНОСТИ И БОЕСПОСОБНОСТИ ВОЙСК** – боеготовность и боеспособность каждого отдельного солдата [4, с.73];

**ДИСЦИПЛИНА** – объединение всех сил, подчиненных на почве долга. Сознание чувства воина создается воспитанием у солдата желания отличиться безупречным выполнением служебных обязанностей, весельем, бодростью, подъемом энергии, опрятностью,

подтянутостью, как признаками внутренней собственности, внешним блеском, как признаком любви к чести, дисциплинированностью как признаком верности долгу, вежливостью, как признаком благородства, вспыльчивостью, как признаком решительности, задором, как признаком смелости, упрямством, как признаком воли и стойкости, самовлюбленностью, как признаком любви и чести [4, с. 63];

**СУБОРДИНАЦИЯ** – понятие двухстороннее: старший по чину должен уважать все качества младшего, как своего товарища по оружию, соотечественника, гражданина, человека и так далее, а не смотреть свысока, с пренебрежением – в этом сущность воинской воспитанности и культуры поведения офицера [4, с. 73];

**КОМАНДОВАТЬ** – значит диктовать, повелевать свою осмысленную волю, непреклонно проводить в жизнь свою творческую мысль, что в военной терминологии носит название – замысел решения [4, с. 14];

**УМ** – это сила, познающая предметы и явления. Он их тонко различает и определяет, то есть человек, вбирая впечатления чувствами своими, передавая их нервам, быстро обрабатывает их в мозгу, давая ясный ответ, представление или образ происходящего. Работа ума отражает душевное состояние человека [4, с. 51];

**МЫШЛЕНИЕ** – есть высшая ступень познания, отражение объективной действительности, связанная с последовательной отработкой впечатлений [4, с. 51];

**УВЕРЕННОСТЬ** – это ясное представление о предметах и явлениях, отчетливое понимание совершающегося и ясное представление о его последствиях. Уверенность порождает жажду успеха, поднимает энергию, отдает вполне определенные распоряжения или вызывает личное действие – стремление к немедленной деятельности [4, с. 51];

**ДОЛГ** – это высшее интеллектуальное понятие, вобравшее в себе ум, чувство, волю, совесть, честь, справедливость, правду, любовь, противопоставляя им противоположные явления в человеческой деятельности [4, с. 53];

**СОВЕСТЬ** – нравственное понятие, определяющее, что такое добро и зло, правда и ложь, справедливость и прочее. Это чувство душевного равновесия, регулирующее деятельность человека в зависимости от его представления об истине, правде и справедливости, определяющее, насколько выполнен или не выполнен долг, указывающее, от чего следует воздержаться, что надобно делать [4, с. 53];

**ВОЛЯ** – способность к самостоятельному здравому и разумному решению и проведению его в жизнь, то есть согласованные действия ума и чувств, подчинение последних первому [4, с. 62];

**ХРАБРОСТЬ** – умение вести себя на поле боя в строгом соответствии с занимаемой должностью, воинским званием, обстановкой в интересах выполнения задачи [4, с. 62];

**СОМНЕНИЕ** – есть колебание ума в результате неясного и неотчетливого представления, понимания и обработки впечатления. Сомнение есть разновидность боязни. Колебание на войне – весьма опасное, часто пагубное душевное состояние, не дающее возможности на что-нибудь решиться, что-то предпринять, доводящее часто до состояния растерянности, когда начинают путать и сбивать с толку и других [4, с. 51];

**НЕРЕШИТЕЛЬНОСТЬ** – колебание силы воли, доводящее до растерянности и бездействия. Устав требует и наставляет, что лучше принять какое-либо решение, чем не предпринимать ничего. Упрека заслуживает не тот, кто в стремлении уничтожить врага не достиг цели, а тот, кто, боясь ответственности, остался в бездействии и не использовал в нужный момент всех сил и средств для достижения победы [4, с. 62];

**СТРАХ** – чувство, вернее, состояние ожидания возможно смертельного исхода и прочих сильных неприятностей и физических страданий [4, с. 55];

**УЖАС** – последующий рост страха, парализующий сознание и чувства своей неожиданной внезапностью, доводящей человека до состояния остоленения, оцепенения, превращающий его в бесчувственное существо – живой труп, мускулы и нервы которого перестали служить, иначе говоря, полная дезорганизация человеческого «Я» [4, с.55];

**ПАНИКА** – распространение страха на толпу [4, с. 55] и другие.

Отдельно необходимо остановиться на требованиях к приказу от Бауржана Момыш-Улы. Пункты требования к приказу автора, и его комментарии по каждому из них, пронизаны глубоким смыслом. Для современного командира это основополагающие принципы при постановке задач подчиненным в любой обстановке.

**ТРЕБОВАНИЯ К ПРИКАЗУ** [4, с. 71]:

«1. Команда или приказ есть выражение воли командира, формула его решений. Нужно понять, насколько служебная необходимость требует отдачи именно такого, а не другого приказа. Нужно знать, все ли есть для проведения в жизнь этого приказа.

2. Возможно ли выполнить данный приказ и в данных условиях? Вот основное, что должен продумать командир, прежде чем отдать приказ, принять решение.

3. Обеспечено ли необходимыми силами и средствами выполнение приказа.

4. Расчет времени – сколько времени требуется для выполнения приказа. Расчет должен быть реальный, а не просто так – сделай это за пять минут.

5. Кому поручается выполнение этой задачи? Не каждому можно поручить выполнение приказа. Только после того, как убедишься, что выполнение приказа решит судьбу людей и что человек выполнит приказ, можно ему его поручить. Не каждый подчиненный способен на выполнение любого приказа.

6. Достаточно ли точно понято приказание исполнителем. Бойся доверяться ответу по заученной канцелярской форме «так точно».

7. Должны быть также обдуманы методы и способы выполнения приказа.

И следующий пункт – контроль. Надо обязательно проверять, как выполняется приказ, искажается ли он или соответствует задуманному. Ведь в бою не всегда делается так, как ты думаешь. Поэтому, отдавая приказ, нужно видеть его выполнение, корректировать его, тогда это будет называться приказом, а если пункты не соблюдены и не обдуманы – это формальность».

Правильное и глубоко осознанное понимание идей, как пишет сам Бауржан Момыш-Улы [4, с. 4]: «... Моя точка зрения по теоретическим и практическим вопросам войны...» и соблюдение командиром «требований к приказу», помогут в самых трудных условиях служебной деятельности.

Для многих стран мира, таких как, Израиль, Кубав их критические и судьбоносные времена, личный пример Бауржана Момыш-Улы, в самые напряженные годы Великой Отечественной войны, является образцом воли, мужества, долга, совести и преданного служения родине.

Наша совместная задача глубоко изучать и применять выдержанные годами идеи, мысли и требования Бауржана Момыш-Улы, адресованные будущему поколению защитников Республики Казахстан.

Таким образом, необходимо отметить, что произведения Бауржана Момыш-Улы, в настоящее время, когда военно-политическая обстановка в регионе становится все более не предсказуемой и нестабильной должны стать для командного состава и военнослужащих



Вооруженных Сил Республики Казахстан основой командирской подготовки.

Нам необходимо переосмыслить и адаптировать военные уставы и положения, связанные с подготовкой личного состава для ведения военных действий, особенно вопросы психологической готовности к участию в бою, опираясь на постулаты нашего легендарного Бауржана Момыш-Улы. Наверное, настало время не цитировать, а реально на военно-научной основе притворять их в жизнь.

### Список литературы

1 Материалы учебно-методического сбора с руководящим составом высших военно-учебных заведений министерств обороны государств – участников Содружества Независимых Государств по теме: «Обмен опытом между вузами в области образовательной и научно-исследовательской деятельности», 14-15 июля 2021 года. В режиме открытой видеоконференцсвязи.

2 Токаев К.К., Выступление на расширенном заседании Правительства Президента Республики Казахстан, 24 января 2020 года. – URL: <https://www.akorda.kz/ru/addresses> (дата обращения – 02.12.2020)

3 Серикбаев К. С., Обретенной независимости – надежную защиту (размышления и критический анализ), – Алматы: издательство «СаГа», 2009. – 448 с. илл.

4 Момыш-улы Б. Психология войны: Книга хроника/ Сост. Мырзахметов М. – Алма-ата: Казахстан, 1990. – 240 с. (Огненные годы).

ӘОЖ:811.512.122:801.7

*С. К. Қасымова<sup>1</sup>, к.ф.н., кафедра профессоры*

*А. С. Құлмағанбетова<sup>2</sup>, оқытушы*

<sup>1</sup>*ҚР ТЖМ Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы*

<sup>2</sup>*Ақмола облысы білім басқармасының «Білім-инновация» лицей-интернаты» Көкшетау, Қазақстан*

## **ОҚ –ДӘРІНІҢ ИІСІ СІҢГЕН ҚОЛЖАЗБАДАҒЫ ӘСКЕРИ ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ**

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғыларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі N 364 Жарлығына сәйкес әскери қызметші - Қазақстан Республикасының Конституциясын және басқа да нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ жалпыәскери жарғылардың талаптарын қатаң сақтауға, өз Отанының патриоты болуға, өзінің іс-қимылымен мемлекеттік биліктің беделін нығайтуға, мемлекеттің мүдделерін қорғауға, әскери қызметшілер арасындағы достықты нығайтуға, адал, тәртіпті, ержүрек болуға, әскери борышын өткеру кезінде дұрыс бастама танытуға т.б. деген секілді бірқатар талаптар мен міндеттер белгіленген [1]. Аталған Жарғы бойынша Әскери адамның болмыс бітімі қандай болуы керек екенін зерделей аламыз және соған сәйкес әскери адам тәрбиесінің қағидалары мен ерекшеліктерін қаққан қазықтай тұжырымдауға болады.

Әскери адамның тәрбиесі Қазақстан Республикасының Конституциясы негізінде, Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің үкімі, ҚР Үкіметінің жарлығы, Қорғаныс министрлігінің нормативтік құқықтық актілері мен ҚР Қарулы Күштерін тәрбиелеу тұжырымдамасы арқылы іске асады. Сондай-ақ әскери дәстүрге, патриотизмге және Қазақстан мемлекетінің халқына, ұлттарына деген қатынас, жалпыадамзаттық байлық, отандық және дүниежүзілік мәдениеттің үлгілерінде негізделген. Ал әскери ұжымды тәрбиелеу – Қарулы Күштердің барлық лауазымының басым бағыты.

Қазіргі уақытта әскери қызметшілерді тәрбиелеу мен оқытуды жетілдірудің негізгі құралы – әртүрлі тарихи кезеңдегі әскери мамандарды тәрбиелеу мен оқытудың теориясы мен тәжірибесін әскери-педагогикалық пікірлердің қалыптасуы мен дамуының динамикасы бар құнды ұлағаты мол әдебиеттерді зерделеу арқылы іске асыру өте өзекті деп санаймыз. Өйткені аталған үрдіс арқылы біз тек қана тәрбиелеу ғана емес сонымен бірге әскери қызметшілерді көркем шығарманы оқи отырып ой өрісімен тіл байлығын, сөз қадірін түсінерлік ойлау әрекетін дамыту, рухани дүниесін байыту, эстетикалық талғамын жетілдіру, адамгершілік қасиетін қалыптастыруға ықпал ете аламыз.

Осы ретте саналы ғұмырын ғылымға арнап, соңына талай құнды дүние қалдырған батыр да батыл бабамыз Мәлік Ғабдуллиннің эпистолярлық мұрасы, ғылыми тұрғыдан саралағанда мәдени-әдеби, тарихилығымен құнды екеніне біз талай жылдардан бері зерделеу барысында көз жеткіздік. Яғни Кеңес Одағының батыры, жазушы ғалым бабамыз ХХ ғасырдың өзінде «Ұлттық әскери кемел адам» моделін, концепциясын өзінің ғылыми еңбектерінде қазіргі қолданыстағы Жарғы талаптарына сай құрастырған. Осы концепцияны

біз болашақ ұрпақтың, жас сарбаздар мен офицерлердің санасына құйып, жеке құрамның әскери оқуы мен тәрбиесі үрдісінің педагогикалық аспектілері мен мәніне негізгі қағида ретінде насихаттауымыз қажет. Өйткені егеменді еліміздің саяси аренадағы келбеті – әскерінің күштілігіне де байланысты.

Сарбаздардың сөзді ұйып – ұғып тыңдауы үшін, соғыста нәтижелі жеңістерге жетуі үшін құлшыну мақсатында саяси жетекші Мәлік Ғабдуллин халықтың аңыздары мен философиялық толғамдарын мықтап қолданған. Ол әрдайым тапқыр салыстырулар жасап, былай дейді екен:

Әскери өнер тарихында тәртіптілік пен батырлықтың арасы бір-ақ қадам деген қағида бар, расында да тап осылай. Әрбір металшы тат темірді бүлдіретінін және машинаны істен шығаратынын жақсы түсінеді. Егер темірге титтей дақ түсетін болса, демек, машинаның мүлтіксіз жұмыс істеуіне нұқсан келтіреді. Тәртіпсіздікті темірге түскен дақ деуге болады [2]. Шынында тәртіптілік жинақтылықтан, тиянақтылықтан, ар-иманнан, ізгіліктен, тазалықтан туады. Осындай қасиеттер нағыз қаһарманның болмысын белгілейді.

Бабыр бабамыздың әр туындысын біз болашақ маман жас офицерлерге әскери тәрбие беруде көмекші құрал нұсқаулық ретінде қолдана аларымыз айдан анық. Мәселен, от пен өрттің ортасында жүріп екі тілде жазған «Қазақ баласы» атты қолжазбасында екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Бауыржан Момышұлы бастаған қазақ жауынгерлерінің жасаған ерліктері мен қаһармандық істері яғни майдан шындығы шынайы суреттелген. Ғалым аталған еңбегінде «Мен Ұлы Отан соғысының солдатпын. Осы соғыста ел-жұрты, халқы үшін, халқының бақыты үшін жанын аямай жаумен соғысқан бірнеше азаматтардың істерін жаздым. Бұл жазулар блиндажда, қара көлеңке үйде отырып жазылған сөздер еді. Тарсылдақ атыстың астында отырып жазылған сөздер еді. Мұндай жағдайлар көңілді, ойды бөле беретінін айтпасам да түсінікті.

Майданда жүрген қазақ жігіттері халқы мақтаныш ететін іс істеуде. Олардың батырлық ерліктері үлкен хикая, жыр болып жазылуы керек. Бұл – жазушы, ақындардың міндеті.

Ал мен майданда жүрген кейбір жолдастар жайында олардың азды-көпті ерлік еңбегін жаздым. Ал бұл жазылғандар олардың майданда істеген барлық ерліктерінің үштен бірі ғана. Олардың еңбегін жіпке тізгендей етіп толық жазу – соғыс біткеннен кейін бола жатар. Әзірге осымен қанағат еттім.

Біз қазақпыз. Әлденеше ғасырлар бойына мақтаныш болып келген батырлары бар елміз. Сол батырлардың ұрпағы майданда жүр. Бұл

батырлары барда қазақ халқы ешуақытта кем де, қор да болмақ емес. Қайта даңқы артып, мерейі үстем бола бермек. Бұған Ұлы Отан соғысы куә»-дейді [2]. Бұдан біз аталған шығарманың майданның қызу ұрыстарының арасында жазып, ұсынудағы Батыр бабамыздың мақсаты – ерлердің басынан кешкен оқиғаларын түгел шолу емес, бірнеше эпизодтарын ғана көрсету арқылы көркем суреттеудің орнына фактілер келтіре отырып, алапат соғыс сырын ашық айту, болашақ ұрпаққа патриоттық тәрбие беру болған. Қолжазбадағы осындай тәрбиелік мәні бар кейбір эпизодтарын алатын болсақ, Б.Момышұлы соғыстағы әскер қолбасшысының орны мен рөлін былайша айқындайды: «Солдат болу да оңай жұмыс емес, командирдің әскерді тәртіптендіруі де қиын іс. Ал, соғысу одан да ауыр. Командир бағыныштыларға ғана емес, ең алдымен өзіне қатаң талап қойғыш болуға тиіс. Әскер тәртібін қатаң сақтау, оны бағыныштылардың санасына сіңіру, әскери ант пен борышты орындау, жауынгерлерді жақсы қасиеттерге тәрбиелеп, оларды соғыс ісіне үйрету - командирдің қасиетті борышы. Командирдің қаталдығы барынша әділ болып, қызмет бабындағы қажеттілік пен нақты жағдайдың жалпы мүддесіне негізделуі тиіс. Командир ешқашанда солдат-жауынгердің адамдық қасиеттерін қорламауы керек». Оның тұжырымы бойынша: «...Ұрыс пен соғыс бұл ғылым ғана емес, сонымен қатар өнер. Командир бұл творчестволық еңбектің адамы». Бұл қанатты сөздерді ары қарай жалғастыра беруге болады. Қазіргі кезеңде біздің елімізде қазақстандық патриотизмді қалыптастыру және оны әрі қарай дамыту мәселесінің айтарлықтай өткір болып тұрғаны шындық. Осы ретте даңқты қолбасшының әскери өнері, ұрыс жүргізу айла-тәсілдері, әскерлерге басшылық ету мен оларды басқару қабілеті жоғары, тактика мен әскери стратегияда жаңашыл, әскери ойлауда артықшылыққа, басымдылыққа ие болды. Міне, сондықтан Бауыржан Момышұлының орасан зор соғыс тәжірибесі мен еңбектері Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет етіп жатқан әскери қызметшілер, офицерлер, командирлер мен сарбаздар үшін күнделікті басшылыққа алатын кітап, оқу құралы болуы керек екенін білеміз. Сонымен қатар аталған қолжазбадан қазіргі уақыттағы әскери ортадағы қарым-қатынас қағидаларына үлгі боларлық көптеген фактілер мен мысалдарды кездестіруге болады. Өзінің үлгі тұтар ағасы, қолбасшы ретінде жоғары әскери тәртіпті кемел адамның символы ретінде қабылдаған Б. Момышұлының әрбір іс-қимылымен ұлғатты сөздерін көркемдеп суреттеу арқылы мол мұра, әскери тәрбие концепциясын берген. Мәселен, Бауыржан батальонға келіп командирлік қызметіне кіріскенде әскер тәртібінің шеңберіне сыймайтын біраз жағдайлар көзге түсті. Бұл жағдайларға жол бермеу керек, қатал болу керек. Олай етпесе, ертеңгі күні майданға енгенде

батальон айбынды бұйрықтарды мүлтіксіз орындай алмайды. Бауыржан істі ең алдымен батальондағы кемшіліктерді, тәртіпсіздіктерді жоюдан бастады, қатал болды, өзіне бағынушыларға қатты талаптар қоя бастады.

Бауыржанның бұлай іске кірісуін кейбір командирлері жақтаған жоқтың. Олар: «Мынау қайтеді! Өзінің жаяу әскердің ісінен хабары жоқ екен», -деп күңкіл шығарды. Мұны Бауржан жақсы түсінді, аңғарды. Сондықтан, «балық басынан шіриді» болмасын деп, өзіне бағынатын командирлерді тәртіпке шақыру, сөйлесу керек болды.

Осы мақсатпен, ол батальон штабының бастығына бұйрық беріп - рота, взвод командирлерін шақырып алды да, мыналарды стройға тұрғызыңыз» деп бұйрық берді.

Бауыржан стройға жақындағанда командирлердің өзі стройға тұрмай қашқақтап жүргенін көрген ол:

- Сен неге стройға тұрмайсың? Строй – әскерде ардақты орын. Бар, тұр стройға! – деп бұйырды да стройдағы тұрған командирлерді көзімен шалып өтті де, оларға қарап сөйлей бастады:

- Командованиенің бұйрығы бойынша, мен осы батальонға командир болып тағайындалдым. Мені Бауыржан Момышұлы деп атайды, қазақ баласымын. Әскерге алынғанға дейін кім болғандарыңыз, қандай қызмет атқарғандарыңыз маған қажет емес. Сіздер – солдатсыздар, мен – офицермін. Мен-бұйырушы, айтқанымды орындаушымын, не істе десем, сіздер соны істейсіздер. Кімде – кім анау-мынау дейтін болса, қара басының қамын ойлайтын тілегі болса, ашып айтам: ол тілектеріңізді конвертке салып, хат арқылы әйелдеріңізге жіберіңіздер.

- Бауржан біраз сөйледі. Сторой «смирно» командасы бойынша тұр, оларға «вольно» деген команда бермеді. Біраздан соң ол орындыққа отырды, шылым тартты.

- Штаб начальнигі маған біт стақан су әкеп беріңізші!-деді комбат Бауржан.

- Штаб начальнигі бір қызметкерді суға жұмсай берген еді:

- Мен бұйрықты сізге бердім, өзіңіз барып әкелеіңіз,-деді ол.

Штаб начальнигі бір стақан су әкеп берді. Бауржан стақанға ернін тигізді де төге салды. Ол қайта орнынан тұрып, стройға қарап:

- Командир деген кім! Ол бұйырушы. Мұны біліп қойыңыздар. Ол талап қоюшы, қатал адам болу керек. Сен командирсің, кімге бұйрық берсең, сол адам өзі орындайтын болсын. Мен жаңа су әкел дегенде, оны бұйырушы екенімді көрсетейін дегендік емес, сынағандық.

-Бауыржан қатал сөйлеп әскерде темірдей қатал тәртіп болмайынша, жауынгерлік рух болмайтынын, өз бұйрығын орындата алмайтын командир сорлы адам екенін, солдат пен офицердің арасында көп айырма барлығын баса айтты. «Сен офицерсің, бұйырушысың, сонымен қатар қамқоршысың, олай болса әрбір бұйрығың әділ болсын» -деді [2]. Міне осындай сюжеттер мен нақты фактілерде терең толғамдар, сындарлы пікірлер мол. Өмір мектебінен өткен адамның бай тәжірибесі, үлгі өнегесі, ғибратты, нақыл сөздері кімге де болсын үлкен сабақ.

Қорыта келе айтарымыз Мәлік танушы филология ғылымдарының докторы С. Негимов айтқандай: «Мәліктің мәңгілігі – ішкі жан дүниесінің нұрлылығында. Ол – Әдеп пен Ақыл, кеңдік пен кемеңгерлік, тектілік пен ізгілік, батырлық пен ғалымдық, турашылдық пен дұрыстық, сыпайылық пен зиялылық, жақсылық пен жанашырлық. Ал осындай асыл қасиеттерге ие тұлғаның өмірі мен шығармашылығын насихаттау біз үшін үлкен парыз деп санаймыз.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі N 364 Жарлығы.
2. М. Ғабдуллин. «Қазақ баласы». – Көкшетау, 2020. – 416 б.
3. С. Негимов. «Мәлік Ғабдуллин». Филологиялық-деректанулық зерттеу. – Астана: Фолиант, 2015. – 424 б.

ӘОЖ 94(574)

*Мағазыұлы Санжар, ӨҚ-2113 оқу тобының курсанты*

*Жетекшісі: А. Ғ. Рахым, аға оқытушы*

*ҚР ТЖМ Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы*

#### **ҒҰМЫРЫ ҮЛГІ ҚАҢАРМАН**

Биыл Кеңес Одағының Батыры, ұлағатты ұстаз, қоғамқайраткері, академик-жазушы Мәлік Ғабдуллиннің туғанына 106 жыл толады.

Кезінде белгілі ғалым-сыншы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор Рахманқұл Бердібаев «Мәлік Ғабдуллин 60 жаста» деген мақаласында былай деп жазыпты: «Биылғы жыл – халқымыздың

қалаулы ұлы Мәлік Ғабдуллиннің жасының 60-қа толған мүшел тойы болса, екіншісі – Совет елінің Ұлы Отан соғысын жеңіспен аяқтағанына 30 жыл толу мейрамы. Бірақ өкінішке қарай, Мәкеңе тағдыр бұл екі тойды тойлауды жазбапты, мейірімсіз ажал оны арамыздан мезгілсіз алып кетті. Мәлік сынды аты аңызға айналған ардагер азамат, әрі қаһарман, әрі ғалым туралы бұл тұста айтылар әңгіме аз болмаса керек. Оның Ұлы Отан соғысында көрсеткен таңғажайып ерлігі жөнінде де естеліктер, көркем шығармалар жазылар, әдебиеттануға, фольклортануға сіңірген зерттеушілік еңбегі жайында да мақалалар, монографиялар туар. Ақырында Мәліктің қоғамдық қайраткер, үлгілі ұстаз, жастардың тәрбиешісі ретіндегі қызметтері де есепке алынар. Соның бәрі қосылып келіп, «Мәлікнама» атты Үлкен кітаптың тарауларын құрар» [1]. Бірнеше жыл бұрын айтылған сөздер бүгінде әлі де өзектілігін жойған жоқ. Шынымен де, бүгінгі таңда Мәлік Ғабдуллин туралы жазылмаған еңбек жоқ шығар. Оның ерлігі мен ерекше тұлғасы туралы әлі талай қалам тартылады да.

Осындай тұлғаның қай жерден, қай өлкеден екені бәріне де қызық. Ол Көкшетаудың Зеренді көлінің сыртындағы «Қойсалған» деген жерде, қазіргі Мәлік Ғабдуллин ауылында дүниеге келеді. Мәлік Ғабдуллин Арғын тайпасының Қарауыл руынан шыққан. Кедей шаруа отбасында туған. Мәліктанушы ғалым Серік Негимов жазушының балалық шағы туралы естеліктерінде былай дейді: «Мәлік көпбалалы отбасынан шыққан, бір үйде он бала болды: Мәлікпен бірге, 6 ұл, 3 қыз болды. Бауырлары мен шешесі Әлия бәрі 1932 жылы ашаршылықтың құрбаны болды. Аман қалғаны тек Мәлік қана».

Бір отбасының жалғыз тұяғы мектеп қабырғасын көрші ауылда, нағашыларының қолынан аттап, сол жерде біраз уақытқа дейін білім алады. Бірақ ашаршылықтың қасіретінен 1929 жылдан бастап балалар үйінде тәрбиеленеді. Бірақ бала Мәлік мойымады. Ол жастайынан өз-өзін әр түрлі қырынан таныта бастады. Ол тәкаппар, ақылды, қатарының алды болды. Оқу жағынан да озаттылығын көрсете біліп, ұстаздарының сүйікті оқушысына айналды. Сөйтіп 1931 жылы жеті жылдық мектепті тәмамдайды.

Мәлік Ғабдуллин барлық сабақтарды үздік оқып, қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. Ол ерекше ұйымдастырушылық қабілетімен әрі сөзге шешен тапқырлығымен танылады. Мектепті бітіргеннен кейін Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институтына оқуға түседі. Осы институтта оқып жүріп, әр-түрлі іс-шараларға қатысып өзін жан-жақты қырынан көрсете бастайды. Сол кезден-ақ оның әдебиетке қызығушылығы оянып, қазақ тілі мен әдебиетін зерттей бастады.

Ол 1936 жылы әскер қатарына барып, әскери борышын өтеп қайтқаннан кейін осы институттың аспирантурасында оқыды. Кейін өзінің ақындық қырын дамытып, мақал-мәтелдер жаза бастады.

Алайда, 1941 жылы Ұлы Отан соғысының басталуы оның әдебиетті зерттеуін тоқтатуға себеп болады. 1941- 1946 жылдары Кеңес әскерінің генерал И. Панфилов бастаған даңқты 8-гвардия дивизиясы сапында болып, Ұлы Отан соғысына қатысты. Ғабдуллиннің Ұлы Отан соғысындағы ерлік даңқы бүкіл одаққа әйгілі. Оның бұл ерлігі алғаш рет белгілі жазушы Б. Полевойдың "Правдада" жарияланған "Эпостың тууы" атты очеркінде баяндалды. Көптеген қазақ ақындары Ғабдуллинге арнап, өлең-жырлар шығарды [2].

Мәлік Ғабдуллин соғыс кезінде жауынгерлерге рухани күш қуат беріп, оларды демеп отырды. Ол тек қана тілімен қолдап қана қоймай, жаудың жолын бөгеп, көптеген ерліктер жасап, басқа жауынгерлерге үлгі бола білді. Ғабдуллин Екінші дүниежүзілік соғыста ең алғашқы көзге түскен батырлардың бірі болды. Оның есімі мен ерлігі халық арасында ауыздан-ауызға тарап, жайыла түсті.

Соғыс аяқталып, армиядан қайтқаннан кейін Ғабдуллин республиканың ғылыми-педагогикалық мекемелерінде қызмет атқарды. Қазақ КСР ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының директоры, Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры болды. 1963-1973 жылдары Қазақ КСР ғылым академиясының М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты фольклор бөлімінің меңгерушісі болды.

Мәлік Ғабдуллиннің әдебиетке қосқан үлесі де аз емес. Ол ғылыми-зерттеу саласында көп еңбек етті. "Қазақ халқының ауыз әдебиеті" (1958, 1964) атты күрделі монографиялық еңбегінде Ғабдуллин ауыз әдебиетін зерттеудің ғылыми-методологиялық негіздерін айқындап, қазақ ауыз әдебиетіндегі батырлар жыры, лиро-эпостық дастандар, айтыс өлеңдері, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ертегілер туралы жан-жақты терең ғылыми талдаулар жасады, олардың ғылымдық, тәлім-тәрбиелік мәнін ашып көрсетті. М. Ғабдуллиннің көркем шығармадағы тырнақ алды туындылары дивизиялық, майдандық газеттерде жарық көрді. Шығармалары жеке жинақ болып, соғыстан кейін жарияланды. "Менің майдандас достарым", "Алтын жұлдыз", "Майдан очерктері", "Сұрапыл жылдар" атты кітаптарына енген әңгіме, очерктерінде М. Ғабдуллин майдан өмірін суреттеп, жауынгер тұлғасын, кеңес өкіметінің адамдарының Ұлы Отан соғысы кезіндегі қаһармандық бейнесін суреттеді [2].

М. Ғабдуллин шығармашылығындағы негізгі тақырып – жастарды патриотизм арнасында тәрбиелеу мәселелері. "Ата-аналарға тәрбие



туралы кеңес" деген кітабында М. Ғабдуллин бесік жырынан бастап, батырлар жырына дейінгі халық поэзиясының тәрбиелік мәнін ашып, оны іс жүзінде пайдаланудың тәсілдерін көрсетеді. Сонымен бірге балаларды патриотизмге, шыншылдыққа тәрбиелеу, олардың болашаққа сенімін арттыру, жас баланы дұрыс сөйлеуге үйрету жөнінде ата-аналарға педагогтық кеңес береді.

Мәлік Ғабдуллин өте патриот, намысшыл, нағыз ер адам болған. Оған дәлел Мәлік Ғабдуллиннің қазақтың батыр қызы Мәншүк Мәметованың қазасынан кейін оған Кеңес Одағының батыры атағын бергізу үшін бар күшін салады. Ұлы Отан соғысына қатысқан Байуақ ардагер өз естелігінде жағдайды былайша есіне алады: «Мәлік Мәншүктің қазасын ести салысымен, дереу Невель қаласына келеді. «Мәншүкке не жасап жатырсыңдар?» деп жанындағы әскерлерге сауал жолдайды. Олар Мәншүкті екінші дәрежелі Отан соғысы орденіне ұсынғандарын айтады. Мәлік Ғабдуллин қатты ашуланып «Алматы мен Мәскеудің арасы мейлі, 4 мың-ақ шақырым болсын. Қазақтың жиырмаға жаңа толған қызы алыстан Отанымды, Мәскеуді қорғаймын деп келіп, қолына орыстың винтовкасын алып, соғысамын деуінің өзі ерлік емес пе? Дереву құжаттарын қайта дайындандар. Комсомолдың Орталық комитетінің бірінші хатшысы Михайловқа, болмаса маған Батыр атағын берген Калининнің өзіне барамын. Тіпті Ворошиловқа кірем. Одан түк шықпаса, менің Мәлік атым құрып кетсін, өзімнің жұлдызымды берем» деп қайтадан дайындалған құжаттарды алып кетеді». 6 ай өткен соң 1944 жылы 5 наурызда Мәншүк Мәметоваға Кеңес Одағының батыры атағы беріледі [3].

Мәлік Ғабдуллиннің алған жетістіктері өте көп. Соның ішінде атап өтерліктері: II-IV сайланған КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты. КСРО Жоғарғы Кеңесінің парламенттік тобының құрамында Финляндияда (1953), Бельгияда (1957), Югославияда (1957) болды. Ғабдуллин еңбекшілер депутаттарының Алматы облыстық, қалалық Кеңестерінің депутаттығына, Қазақстан КП Алматы облыстық, қалалық, Фрунзе аудандық комитеттерінің мүшелігіне бірнеше рет сайланды. Ленин ордені, Қызыл Ту, Еңбек Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз, Ұлы Отан соғысы ордендерімен марапатталған. «Қазақ халқының батырлар жыры» кітабы авторларының бірі.

«Ер есімі – ел есінде» демекші Мәлік Ғабдуллиннің есімі ешқашан ұмытылмасы анық. Алматыда тұрған үйі мен қызмет атқарған институтында батырға арнап мемориалды тақта орнатылған. Өзі туып-өскен аудандағы мектеп пен көше аттары Мәлік Ғабдуллиннің есімімен аталады. Көкшетауда батырға арналып арнайы мұражай ашылған. Нұр-

Сұлтан, Алматы және Көкшетау қалаларындағы көшелерге есімі берілген.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Отан үшін от кешкен ұлы жауынгерлеріміз туралы былай дейді: «Ұлы Отан соғысы адамзат тарихындағы ең қатыгез әрі қантөгісті соғыс ретінде бағаланады. Бұл фашизмге қарсы жалпыұлттық күрес болды. Мәскеу мен Сталинград түбіндегі қатыгез соғыста Курс пен Днепрде мыңдаған совет солдаттары өз бастарын қатерге тікті. Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигельдинов, Мәлік Ғабдуллин сынды Қазақстанның әскерлері де жеңіс үшін жан алысып, жан берісті. Біздің жерлестеріміздің есімі мен ерлігі біз үшін аса бағалы». Олай болса, біз, Қазақстан жастары, батыр ағамыздың ерліктерінен жігер алып, еліміздің патриоты болуға ұмтылайық!

### Әдебиеттер тізімі

1. Әрі қаһарман, әрі ғалым //Ана тілі (газет), 14 қаңтар 2015 жыл.
2. Ғабдуллин Мәлік Ғабдоллаұлы. Қазақстан ғалымдарының библиографиясы. – Алматы, 2011.
3. Негимов С.Н. Мәлік Ғабдуллин. Алтын жұлдыз. – Алматы: Ана тілі, 2005.

ӘОЖ 37.035

*Ә. Манас, 2-ші курс студенті*  
*Ғылыми жетекшісі: М. М. Шуматова*  
*Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау Университеті*

### ҰЛЫ ЖЕҢІС – МӘҢГІ МҰРА

*Рас қайғы-қасірет бар қаптаған,  
Ғұмырлар бар батқан және батпаған.  
Әкелгенмен әр адамға бір қайғы,  
Сол жылдарға қарғыс айту  
жат маған.  
Мұқағали Мақатаев [1].*

Ия, 1418 күнге созылған бұл соғыс – адамзат тарихындағы ұлы оқиға. Оның қайғысы мен қасіреті жаныңды түршіктіреді, әрі ерліктерге басыңды идіріп, таңғалдырады. Маңдайдың тері, көздің жасы, аққан

қанның арқасында жеткен Ұлы Жеңіске биыл 76 жыл толып отыр. Біз, тіпті, біздің ата-анамыз куә болмаған бұл жеңіс біздің бойымызға қуат беріп, адамдардың Отанына деген сезімін асқақтата түседі. Себебі, осы соғысқа аттанған әр азамат «Отанымды жау қолына бермеймін, жерімді қорғаймын» деп аттанып еді ғой.

Ұлы Жеңіс! Қаншама адамның өмірін қиды, талай шаңырақты ортасына түсірді. Әлемді жасқа булықтырған, түтін иісіне тұншықтырған қарғыс атқыр қу соғыс Отан үшін жан аямай арпалысқан қаншама аға-апаларымыздың өмірін қиды. Осы күнге дейін соғыста хабар-ошарсыз кеткен адамдар қаншама?!

Талай адам соғыстан кейін өзінің әкесін, атасын іздеп, қиын-қыстау күндерді бастан кешірген. Аналарымыз жесір, сәбилеріміз жетім қалып, ақ жүздерін қайғы басып, ащы зары мен мұңы дүниені күңіретті. Күрес жолында халқымыздың басынан өткерген небір қиындықтары мен қасіреттері, ерлеріміздің ерен ерлігі тарихқа жазылып, халық есінде мәңгілік сақталып қалды.

Туады ерлер ел үшін,

Өлмейді ісі мәңгілік.

Өшпейді абзал есімдер,

Ұрпаққа жетіп мәңгілік, - деп ақын ағамыз Жұбан Молдағалиев жырлағандай, батыр ағаларымыздың есімдері жас ұрпақ санасында мәңгілік сақталатынына кәміл сенемін [2].

Жеңіс бізге өздігінен келген жоқ. Оны елі, жері үшін отқа түскен ерлер ерлігі жеткізді. Қазақстаннан 1941-1945 жылдардағы қанды қырғынға 1,3 миллион ұл мен қыз аттанды, бәрі де жанқиярлықпен соғысты. 500-ден астамы елге Батыр атанып, аңызға айнала оралды. Содан бері зымырап 76 жыл өте шықты.

Отанын жаудан қорғау үшін көп ұлтты кеңес халқының ішінде қазақ халқы ерекше ерліктерімен, аңыздарымен жауға қарсы тұрды. Қазақстан жерінде жасақталған И. В. Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизия Москваны қорғауда тарихта болып көрмеген теңдессіз ерліктің үлгісін танытты.

Алматыда жасақталған генерал-майор И. Панфилов атындағы сегізінші қазақстандық гвардияшы атқыштар дивизиясы Кеңес Одағының астанасы – Москваны қорғау күндерінде Ұлы Отан соғысының тарихына мәңгі өшпейтін ерлік беттерін жазды. Москваны қайсарлықпен қорғаған 28 панфиловшы батырларды халқы ғұмыр бойы құрметтеп есте сақтайды. Қазақстандық жауынгерлер рейхстагқа шабуыл жасауға қатысты, оның шаңырағына Жеңіс туын алғашқы болып қазақ халқының даңқты ұлы Рақымжан Қошқарбаев қадаған болатын.

Осы соғыста өз Отанын қорғауға аттанған батыр аға-апаларымыз көп болды. Солардың ішінде Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Мәлік Ғабдуллин сынды батыр аға-апаларымыз елін, жерін сақтап қалу үшін үлкен еңбек сіңірді. Ұлы Отан соғысының шежіресіне Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлованың, Мәлік Ғабдуллиннің, Бауыржан Момышұлы мен Талғат Бигельдиновтың және көптеген жерлестеріміздің аттары алтын әріптермен жазылды. Украин жерінде Ұлы Отан соғысының аты аңызға айналған батыры С. Ковпактың партизандық бірлестігінде Қасым Қайсеновтың отряды болған еді.

«Ерсіз ел болмайды, елсіз ер болмайды» - дейді батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы [2]. Ұлы Отан соғысында ел күйреп, талай адам ажал құшты. Сол соғыста өзінің қайсар ерлігімен, қайратты мінезімен жауынгерлерге жігер берген бабаларға мың алғыс!

«Отан үшін отқа түс, күймейсің» деп ұран тастаған батыр атамыз, келер ұрпақтың болашағы үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, жеңіс туын тікті. Бауыржан ата бір естелігінде: «Мен – өзге ұлттарды құрметтеуші, өз ұлтын сүюші адаммын» - дейді [4]. Ержүрек батырдың кітаптарымен оқып танысқанымда, терең ойға қаламын. Отанға деген сүйіспеншілігінен, халқына деген махаббатынан, ұлттық биік рухынан қуат аламын.

Бауыржан атамыздың қаламынан шыққан «Москва үшін шайқас», «Қанмен жазылған кітап», «Ұшқан ұя», т. б. шығармаларды оқып шықтым. Оның шебер суреткерлігіне, адам психологиясын танып-білудегі сезімталдығына таң қаламын. Шығармаларында әр кейіпкер өзгеше бір әлем. Әр сөйлемде тұнып тұрған сыр жатыр. Бұларды оқып қана қоймай, жаттап, үлгі өнеге алуымыз керек деп есептеймін.

Өз Отанын жау қолына бермей, майданға аттанған батырлардың ішінде менің атам да бар еді. Ол кісінің есімі – Өмірзақов Медресін. Өкінішке орай ол кісі 2018 жылы 94 жасында дүниеден өтті. Атам бізге өзінің ерлігі туралы көп баяндайтын. Медресін атам – фашистік Германияны тізе бүктіріп, ұрпаққа бейбіт өмір сыйлаған батыр аталарымыздың бірі. 18-ге толмаған шағында соғысқа өзі сұранып барып, Сталинград түбіндегі шайқасқа қатысады, содан-соң Батыс Украинаны азат етуге аттанады. «Тек Жеңіске жету жолында мындаған майдандасымнан айырылғаным анық» – дейді атам. Киев жаудан тазарған соң, қырағылығымен көзге түскен атам әскери оқуға жіберілген. Атамның айтуы бойынша, Жеңісті Украинаның Винница қаласында қарсы алып, бөлімше командирі дәрежесін алған.

Ол тағы 5 жыл Отан қорғау саласында қызмет етіп, елге 8 жылдан кейін ғана оралған. Елге оралғаннан кейін темір жол саласында аянбай

тер төккен. Көзі тірісінде-ақ Жеңіс күні мерекесінде атаммен бірге мәңгілік алауды тамашалап, шеруге шығатынбыз, ал қазір сол жерден суретін ғана кездестіремін.

Жеңіс күні атама мектеп оқушылары да келіп, жеңіс күнімен құттықтап кететін. Мен де атамды туып өскен жерімізді жаудан азат ету үшін ерлік көрсеткенін мақтан тұтамын.

«Нақақ көз жасы мен нақақ төгілге қан ешқашан да ұмытылмауға тиіс емес!» [4] – деп тұңғыш елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, Отан үшін, туған елінің азаттығы, келешек ұрпақтың бақыты үшін қасықтай қанын, шыбын жанын пида еткен барлық ардагерлерге мың тағзым! Олардың тартқан тауқыметі мен қасіретін ұмытқанымыз жоқ.

Ұлы Отан соғысына қатынасушылар мен соғыс жылдарында тылда Ұлы Жеңіс үшін бар күш-қайратын аямай, ерлік еңбектің үлгісін көрсете білген ардагерлерге деген қамқорлық жылдан-жылға жақсара түсуде.

Бұл жеңісті көзіміз көрмесе де, жүрегімізде үлкен орын алады. Осындай азат, еркіндікті ту еткен елде өмір сүріп жатқаным үшін Ұлы Отан соғысында жер құшқан азаматтарға, Жеңісті алып келген ата-әжелерімізге айтар алғысым шексіз!

«Отан үшін отқа түс, күймейсің» - ұлы батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы айтқандай, Отан үшін жандарын қиған хас батырларымыздың есімі болашақ ұрпақтарының есінде мәңгіге қалары хақ.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. Алматы кітап баспасы, 2009.

2. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.

3. Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2002.

4. Жолдасбекұлы М. Елтұтқа: Ел тарихының әйгілі тұлғалары. – Астана: KUL TEGIN, 2001.

*А. Б. Мейрамова, магистр иностранной филологии,  
А. Е. Сұлтанбек, курсант 2-го курса  
Академия гражданской защиты имени М. Габдуллина МЧС РК*

## **ПРИМЕР ПАТРИОТИЗМА И ЧЕСТИ – САГАДАТ НУРМУГАМБЕТОВ**

Сагадат Нурмагамбетов - его имя знают все, военнослужащие берут с него пример, стремятся быть как он, в его честь был назван специализированный колледж «Жас-Улан», который расположен в столице нашей страны Казахстан. Герой Советского союза, народный герой Республики Казахстан и Первый генерал армии независимого Казахстана – Сагадат Нурмагамбетов. Про него известно далеко за пределами Казахстана, в странах бывшего Советского Союза. Он был одним из тех людей, кто владел литературной речью, идеальной чистотой мыслей, военной выправкой, командованием, овладел всеми хорошими качествами генерала армии. По нашему мнению, каждый гражданин нашей страны должен брать пример и восхищаться этим великолепным человеком. В свои 19 лет Сагадат был направлен в западную часть территории Советского Союза из далекой Акмолы, он покинул свою родину, мать и отца. А там уже с 1941 года армия третьего рейха захватывала много городов и несла угрозу захвата города Москвы. У многих возникает вопрос, почему он с малых лет покинул свой родимый край и направился в далекий край, на передовую той страшной войны. По – нашему мнению, это патриотизм, уважение и преданность своей родине. В те военные годы было тяжело многим народом. Молодые парни видели, что у многих из семей уходили отцы, деды, братья на войну, где их ждала смерть и голод, они не могли оставаться в стороне. Дети до совершеннолетия были задействованы на тыловых работах, на пример, на заводах, фабриках, помогая красной армии, а после совершеннолетия шли в военкомат и мобилизовались в ряды Красной армии и их направляли на линию фронта, защищать свою Родину. Наш народ активно помогал тем, кто был на фронте, защищал нашу страну на передовой [1, 2].

Во время Великой Отечественной войны Сагадат Нурмагамбетов потерял своего брата Сагита, который погиб в боях за город Псков. В 1942 году Сагадату направляют в военное училище, где он набирается опыта. Там он осваивал навыки командира, в которых нуждался Советский Союз во время войны. К тому времени положение на фронте

немного улучшилось, Красная армия вытеснила фашистов от столицы, и начинались решающие битвы за Сталинград и за Кавказ. После окончания обучения в 1943 году, Сагадат Нурмагамбетов был направлен на фронт и воевал до конца Великой Отечественной Войны, до самого 1945 года. На фронте он был в должности командира пулеметного взвода. Пулеметные взвода играли большую роль на фронте. В его 19 лет у молодого Сагадата была большая ответственность за линию фронта и за свой взвод. Он активно участвовал в освобождении территорий западной части СССР и восточной части Европы [3].

Более 75 лет прошло после окончания той кровопролитной войны, и мы все помним тех героев, которые оставили за собой яркое светлое будущее. Они не желали, чтобы будущее поколение видело, то что видели они, все мы знаем много разных планов фашистов на нашу родину. Начиная с 1944 года, наша армия провела много решающих боев в освобождении наших земель.

В возрасте 20 лет Сагадат уже вел точное командование и расчеты боев. 27 февраля 1945 года за образцовое выполнение боевых задач, за отличное командование в прорыве укреплений обороны на территории Польши, за проявленную отвагу и героизм Сагадату Нурмагамбетову было присвоено звание Героя Советского Союза и была вручена „Золотая звезда“. В апреле 1945 года наша армия штурмовала Берлин и победа приближалась с каждым днем. Батальон под командованием Сагадата штурмовал здание рейхканцелярии Гитлера. Двадцатилетнему командиру батальона была поручена такая большая ответственность. 8 мая 1945 года армия третьего рейха капитулировала и тем самым фашизм раз и навсегда исчез с лица земли. Война оставила за собой много потерь, разрушенные города и понадобилось много лет для восстановления [4].

После войны Сагадат Нурмагамбетов возвращается в родной Казахстан. О кровопролитной войне он напишет в книге «А в памяти нет тишины...». Уроки минувшей войны научили нас многому. Содержание книги показывает, что мы должны ценить свободу, мирное небо над головой, все, что завоевано старшим поколением для нас. Война изменила многих граждан нашей страны. Об этом также Сагадат Нурмагамбетов выпустит книги с воспоминаниями «Лицом к огню», «Мой передний край». Автор здесь доносит нам трудности войны, всю правду тех годов и говорит, что не нужно жить в прошлом, нужно идти вперед по мирному пути. Многие солдаты после тяжелой войны продолжали учебу, либо поступали. Сагадат Нурмагамбетов также поступает в вуз. Спустя год в 1946 году он проходит обучение в

военной академии имени Фрунзе. После уже направлялся в различные штабы на должности командира. Именно с 1950-х годов Сагадат начнет руководить и показать пример своим подчиненным. Был в должности старшего офицера в управлении штаба Туркестанского военного округа, был начальником разных полков нашей страны Казахской ССР. Это редко, когда офицер проходил войну и продолжал военное дело. Во время службы он дважды обучался на курсах Академии генерального штаба Вооруженных сил. В 1964 году при советской власти ему было присвоено звание «генерал-майора» и спустя 8 лет он получил очередное звание «генерала-лейтенанта». В 1974-1984 годах неоднократно избирался депутатом Верховного совета Казахской ССР, принимал участие в парадах, к примеру, в городе Фрунзе (Бишкек) [5].

В 1995 году Сагадат Нурмагамбетов ушел в отставку, но оставался советником Президента Казахстана. В 1999 году в городе Астана (сейчас Нур-Султан) республиканской школе «Жас Улан» было присвоено имя героя Советского Союза, Народного Героя Республики Казахстан Сагадата Нурмагамбетова.

В 2013 года 24 сентября Сагадат Нурмагамбетова не стало. Он был похоронен в городе Алматы. Сагадат Нурмагамбетов сделал большой вклад в развитие внутренних войск Республики Казахстан. Мы гордимся такими замечательными людьми, которые оставили неизгладимый след в истории нашей страны.

#### Список литературы

1. Борисенок Ю.А. Великая Победа и современность. К 65-летию Победы советского народа в Великой Отечественной войне. – М., 2010.
2. Великая Отечественная Война. Девствующая Армия. – М., 2005.
3. Великая Отечественная. История Великой Победы, 1941-1945гг. – М., 2005.
4. Великая Отечественная Война 1941-1945. – М., 2012.
5. Залесский К. Великая Отечественная война. Большая биографическая энциклопедия. – М., 2013.



*А. Мубараков, ӨҚ-2113 оқу тобының курсанты*  
*Жетекшісі А. Ғ. Рахым, аға оқытушы*  
*ҚР ТЖМ Мәлік Ғабдуллин ат. Азаматтық қорғау академиясы*

## **ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМЫМА НЕГІЗ БОЛҒАН ІРІ ТҰЛҒА**

Тіршілігің тұрмысыңмен мәнді емес,  
Өмір жалған, жетелейтін жанды елес!  
Мәңгілікке жетер азық жинасаң,  
Әттең өмір ешкімге де мәңгі емес!

\*\*\*

Жүректерге иман отын жандырсаң,  
Айналанды тамсаңдырып таң қылсаң,  
Бұл өмірде үлкен бақыт деп білем  
Артыңа із қалдырсаң...

деп, Нұрсұлтан Мейірбекұлы жырлағандай, өмірге келген алғашқы сәттен бастап, балалық бал дәуренімнің өмірге деген құштарлығымды оятар сәттерімде ұяда алған тәлім- тәрбиемнің әсері болды ма, не болмаса мектептегі жарқын ұстаздарымның жаныма шуақ күлкі сыйлап, өмірге шын қанаттандырғанының әсері ме, білмеймін, әйтеуір өмірге деген ерекше талпыныспен өсіп ер жеттім!

Өмірге ерекше көзқараспен қарай бастадым. Көп оқып, көп біле өмір сүрген ерекше қаһарман тұлғалар өмірлерімен таныса отырып, олардың үлкен еңбек және өмір жолдарынан танымдылық сабақ алғанымды несіне жасырайын. Өміріме ерекше әсер еткен сондай қаһарман тұлғалардың бірі- қазақ жазушысы, әдебиет зерттеуші, қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор, КСРО Педагогика ғылым академиясының академигі, Кеңес Одағының батыры, Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген ғылым қайраткері – Мәлік Ғабдуллин ағамыз болатын.

Мәлік ағамыздың өткен өмірі мені аса қызықтырды. Ең алдымен ол кісінің балалық шағын зерделеу, танысу мақсатымен өмір бастауына зер салдым.

Қарап отырсам, ол кісінің жастық шағының өзі де танымал адамдармен кездесуден, қызықты оқиғалармен басталған екен. «Өмірде жолың болсын десең, жақсы адамдармен бас қос» демейтін бе еді үлкен қариялар. Мәлік ағамызда дәл осылай өз өмірін бастаған екен. Мен ол туралы ерекше құлшыныспен біле түскім келді, мені шынайы қызықтырды.

Мәлік Ғабдуллин Арғын тайпасының Қарауыл руынан шыққан, кедей шаруа отбасында дүниеге келген екен. 14 жасында Мәлік Ғабдуллин сол кездегі қазақ елінің астанасы Алматыға оқуға аттанады. Ол алғашында ауыл шаруашылық институтының дайындық курсына білім алады. Бірақ кейін ойын өзгертіп, басқа мамандықты таңдайды. Мәлік Алматы ауыл шаруашылық институтында оқып жүрген кезінде Сәбит Мұқановтың ақылымен сол кездегі ҚазПИ, оның филология факультетіне оқуға ауысады. Алғашқы кезде жатын орын болмай, Сәкен Сейфуллиннің пәтерінде тұрады. Оқып жүріп бір күні баспаға келеді. Ауылдан келген бала кітаптың, газеттің қалай басылатынын көргісі келеді. Осылайша баспада Бейімбет Майлинмен танысады. Ол кісі сол баспаның басқарушысы екен. Екеуі біраз әңгемелескеннен кейін Бейімбет Майлин Мәліктің тегін бала емес екенін аңғарады. Баспаға жұмысқа шақырады. «Осында оқып, жұмыс істей бер», - дейді. Қателеспесем, Мәлікке айына 80 тиыннан ақша төлеп тұрды деп жазады М. Ғабдуллин атындағы музейдің директоры Құдайберді Мырзабек «Өмір жолы» деректі фильмінде [1].

Міне, осылайша Мәлік ағамыз ұлы тұлғалар Сәбит Мұқанов, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлиндермен кездесіп, үлкен өмір жолына, шындалу жолына бет алғанын көреміз.

Мәлік аға туралы зерделегенде оның батырлық, ерлік өмірін айтпай кетсем ағаттық болар!

Мәлік Ғабдуллин майданда Иван Панфилов атындағы 8-ші гвардиялық дивизияда шайқасады. 1942 жылы Новгород облысына қарасты Холм қаласының маңында болған ұрыста Мәлік әскерлердің біразына басшылық етеді. Ол басқарған сарбаздар фашистерге жойқын соққы береді. Әсіресе, Мәскеу түбіндегі шайқаста стратегиялық маңызы зор Бородино селосын жаудан тазартуда ерлігімен көзге түседі. «Немістер шабуыл жасаған сәтте Мәлік бастаған топ соғыстың алдыңғы шебінде болды. Олармен байланыс үзілді. Басшылықтан «кері шегініңдер» деген бұйрық болады. Бірақ алдыңғы шептегі әскерлер оны естімей, қоршауда қалып қояды. Кейін Мәлік ағамыз әскерімен бірге қоршауға түскенін еске алады. Ол барлық жауынгерлерді сапқа тұрғызып, «Шепті не бұзамыз, не өлеміз. Жауға берілуге болмайды» дейді. Осылайша Мәлік Ғабдуллин жау қоршауын бұзып шығады. Кескілескен ұрыстың нәтижесінде жаудың 2 танкісін гранатамен жарып, 12 солдатын тұтқынға алады. Ұрыс кезінде Мәліктің өзі жарақат алады. Соған қарамастан ол шабуылды тоқтатпайды. Осы ерлігі үшін КСРО жоғары кеңесі Президиумының жарлығымен 1943 жылы 30 қаңтарында Мәлікке «Кеңес Одағының Батыры» атағы берілді. Оған қоса Ленин ордені және «Алтын Жұлдыз» медалімен марапатталады. Не деген ерлік

десеңізші! Қарапайым қазақ жігітінің өз ұлтының рухын асқақтататын, шынайы ерлік жасағанын естіп бүкіл ел тебіренді десем артық айтқандық емес. Мәлік ағамның өмір жолынан биік адамгершілік пен асқақ батырлық рухты осылайша сезіндім, өз бойымда патриоттық рух оянды десем әбден болады. Бұл менің шын сөзім!

Мәлік Ғабдуллиннің әдебиет саласына қосқан үлесі де ұшан теңіз болған екен- ау! Педагог-жазушы ретінде ол жас ұрпақтың тәрбиесіне де ерекше көңіл бөлді. «Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес» деген кітабында М. Ғабдуллин бесік жырынан бастап батырлар жырына дейінгі халық поэзиясының тәрбиелік мәнін ашып, оны іс жүзінде пайдаланудың тәсілдерін көрсетті. Сонымен бірге балаларды патриотизмге, шыншылдыққа тәрбиелеу, олардың болашаққа сенімін арттыру, жас баланы дұрыс сөйлеуге үйрету жөнінде ата-аналарға педагогтық кеңес береді.

Ал мына бір қызық оқиғаны қалай айтпай кетуге болады. М. Ғабдуллин «Қазақ мақалының күші» эссесінде атақты Бауыржан Момышұлының бір сыпыра төлтума ғибратты сөздеріне назар аударып, дәптеріне сақтап, оны кейінгілерге өте шебер түрде жеткізеді [2]. Міне, нағыз адамгершілік деп осыны айтсаңыз да жеткілікті. Мәселен:

1. Намыста нанға сатпа.
2. Қырағының көзі де батыр, өзі де батыр.
3. Тәртіп тән үшін, ынтымақ жан үшін керек.
4. Тізе бүгіп тірі жүргеннен, тіке тұрып өлген артық.
5. Ана үшін аянба- ант ұрады, бала үшін аянба- бетің күйеді. Ел үшін аянба- ерлігіңе сын, жұрт үшін аянба- жігіттілігіңе сын.
6. Ел дегенде езіліп, жұрт дегенде- жұмылып істе.
7. Батыр батыр емес, батырларды бастаған батыр.

«Егер жазушы, не ақын болсам, көк күмбезді қағаз етіп, көкала дарияны сия етіп «Батыр Бауыржан» деген хикая жазған болар едім», - деген ер Мәліктің лала лебізінде телегей сыр жатыр-ау!

Мәлік ағамыздың өмірінің қай соқпағын алып қарасаң да тұңған тәрбие, ерлік пен батырлықты, даналық пен адамгершілікті, биік парасаттылықты көргендей боласыз! Осындай биік рухты, абзал азаматты өз өміріме үлгі етіп алып, жақсы адам болып қалыптасуыма игі әсері тиді ме деп ойлап қоям. Өзімнің ата-әжемнің жас кездерінде ел батыры атанған Мәлік ағамның өз өлкемізге (Атырау өлкесі) келіп, оқырмандармен кездескендігін естідім. Бұл 1969 жылы болса керек. Сол кездегі ауылдағы үлкен білім ордасы «Октябрьдің 40 жылдығы» (қазіргі жыр падишасы – Фариза Оңғарсынова атындағы) орта мектепке келіп, қалың оқырмандармен кездесіп, тау тұлғалы азаматтың биік рухты сөздерін тыңдау, есту- қандай ғанибет! Мен өзім көрмесем де ата-

әжемнің әңгімелерінен ел мәртебесін батыр Мәлік ағамыз осылайша бір көтеріп тастапты ғой. Ағамыздың биік азаматтығы мен қарапайымдылығына, кішіпейілділігіне қайран қалдым, тамсандым!

Мәлік ағамыз 1973 жылы 2 қаңтарда 58 жасына қараған шағында Алматы қаласында дүниеден озды.

Мәлік Ғабдуллиннің Алматыда тұрған үйі мен қызмет атқарған институтында батырға арнап мемориалды тақта орнатылған. Өзі туып-өскен аудандағы мектеп пен көше аттары Мәлік Ғабдуллиннің есімімен аталады. Көкшетауда батырға арнап арнайы мұражай ашылып, үлкен алаңда Мәлік ағамыздың ескерткішін орнатылған. Сонымен қоса, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен Төтенше жағдайлар министрлігінің Көкшетау техникалық институтына Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы мәртебесі берілгенін мақтан етеміз!

Иә, батыр ағамыз есімі жасай береді! Мен сияқты еліміздің түкпір-түкпіріндегі жастар ағамыздың өмірін, ерлік жолын өзіне бойтұмар етіп, биік мақсат жолына жетуге ту қылып ұстаған, болашақта ұстап, жалғастыра беретін қазақ жігіттерінің мол болатынына сенемін!

Мәлік батырдың өшпес ерлігі мен қайтпас қайсарлығын біздер, болашақ құтқарушылар, үлгі етеміз. Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясының курсанты атану бізге үлкен міндет пен зор жауапкершілік жүктейді. Сондықтан, абыройлы офицер болуға уәде беріп, ант етеміз!

#### Әдебиеттер тізімі

1. Негимов С.Н. Мәліктің мәңгілігі // Арқа ажары, 24 мамыр 2005 ж. – № 59.
2. Бауыржан мен Мәлік. Тағдырлы хаттар // Алаш айнасы, 28 сәуір 2015 ж.

*З. Негметжан, 2-ші курс студенті*  
*Ғылыми жетекшісі: М. М. Шуматова*  
*Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау Университеті*

## **ҚАЗАҚТЫҢ БАТЫР ҚЫЗДАРЫ – ӘЛИЯ МЕН МӘНШҮК**

«Қазақ батыры» десек кез-келген адамның көз алдына ержүрек, мықты, бүркіт сияқты қырағы жігіт елестейді. Бірақ соғыста әйел адамдардың да ерлік көрсеткенін білеміз. Солардың бірі батыр атағын арқалаған қазақтың нәзік қыздары – Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлова.

Мәншүк Мәметова Кеңес Одағының батыры атағын алған алғашқы қазақ қызы. Мәншүктің ата-анасы азан қойып берген есімі – Мәнсия. Анасы еркелетіп Моншағым дей бергеннен, Мәнсияның тілі келмей өзін Мәншүк деп кеткен. Осылайша, анасы еркелетіп атаған «Моншағым» Мәнсия да емес, Моншақ та емес Мәншүк болып аталып кетті. Кейіннен құжат толтырғанда да, ол есімін Мәншүк деп толтыра бастапты.

Соғыс майданында да осы аяулы есімін асқақтатып, тарихқа Батыр Мәншүк деген есіммен енеді. Ол 1922 жылдың қазан айында Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданында дүниеге келді. Мәнсияның балалық шағы Қазақ КСР-да, Жасқұс деп аталатын ауылда өтті. Отбасы нашар жағдайда өмір сүрді. Әкесі – Жиенғали қоймада күзетші ретінде жұмыс істеді, ал анасы – Тойшылша бала тәрбиесімен айналысты. Үш жасында Ұзақ уақыт перзент сүйе алмаған әкесінің немере інісі Ахмет пен Әмина Мәметовтер сүп-сүйкімді болған, тілі тәтті Мәншүкті асырап алады. Қыздарының білімді адамдардың отбасында тәрбиеленіп, қалалы жерде білім алуға мүмкіндігі бар екенін түсінген ата-ана Мәншүкті беруге келіседі. Осылайша, Ахмет мен әйелі Әмина үш жасар Мәншүкті бауырына басады.

Мәншүк 1931-1938 жылдары Алматы қаласындағы №28 мектепте білім алады. Осы жылдар ішінде Мәншүктің туған анасы мен әкесі бірінен кейін бірі көз жұмады. 1938 жылы дәрігер Ахмет Мәметовке «халық жауы» деген жала жабылып, ату жазасына кесіледі. Бұл қайғылы оқиға моншақтай қыздың жүрегінде өшпес жара қалдырады. Жайсыз оқиғадан кейін Мәншүк дәрігер болу арманынан бас тартып, жұмысшы факультетіне оқуға түседі.

Соғыс басталған жылы Мәншүк анасы Әминаның үйін тастап, жатақханаға көшеді. Небәрі 18 жастағы Мәншүк әкесінің атылып

кеткенін білмей, кеңес үкіметін қорғап, айдаудағы жақын адамын құтқару үшін майданға аттанады. Себебі, ол кезде қоғамда «Халық жауының» балалары өз еркімен майданға аттанса, ата-анасының бар жазасы кешіріледі» деген сөз тарады [1]. Осы сөз құлағына тигелі Мәншүк бір жыл бойы әскери комиссариатқа әскерге бару туралы өтініш жазады.

Қазақ қызы ақыры дегеніне жетіп, 1942 жылдың 13-ші тамызында Алматыда құрылған жасақпен соғыс алаңына аттанады. 1942 жылдың жаз айында Алматыдан аттанған бригаданың құрамында 4890 жауыңгер болса, оның арасында екі қазақ қызы болды. Ол дәрігер Мәриәм Сарлыбаева мен Мәншүк Мәметова еді.

Осы күні майданға аттанғандарды шығарып салуға қазақтың ұлы ақыны Жамбыл Жабаев та келген болатын. Мәншүкпен бірге майданға оның құрдастары Әзілхан Нұршайықов, Райымбек Байсейітов, Нұржан Құсайынов, Сұлтан Жиенбаев, Тахауи Ахтанов аттанды. 100-бригаданың командалық құрамында командир қызметінде Сақтаған Бәйішев, Асқар Закарин, Мәлік Ғабдуллин, Ыбырайым Сүлеменов, Әбілқайыр Баймолдин болды.

Әскердің қиындығын Мәншүк ерлермен қатар көрді – жер жорғалап, судан жүзіп, қалың ну ормандардан өтті, пулемет атып үйренді. 21-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының ең жақсы пулемет атқышы атағына ие болды. Мәншүк Мәметова жаумен шайқасып қана қоймай, санитарлық қызметті де шебер атқарды. Өлім аузында жатқан майдандастарына қолдан келгенше көмектесті.

Көп ұзамай пулеметшілер батальонына алынған Мәншүк бөлім командиріне дейін көтеріліп, сержант атағын алды. Осы батальон 1943 жылдың күз айында Изоча станциясын жау қолынан босатуға қатысты. Алайда кеңес әскері көп сарбазынан айырылып, кейін шегінеді. Мәншүк осы кезде «Сендер бара беріңдер. Мен кетсем, сендерді кім қорғайды?» - деп қалып қояды [2]. Осылайша қайтпас қайсар ару «Максим» пулеметімен жүздеген немістің көзін жойды. Сол қан майданда Мәншүк Мәметова 1943 жылдың 15 қазанында ерлікпен қаза тапты.

Кеңес Социалистік Республикалар Одағы Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен 1944 жылдың 1-ші наурызында неміс басқыншыларымен соғысу майданындағы қолбасшының әскери тапсырмаларын бұлжытпай орындағаны үшін, көрсеткен ерлігі үшін Мәншүк Мәметоваға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Батыр қыздың құрметіне Оңтүстік Қазақстан және Павлодар облысының еңбекшілері «Мәншүк атындағы танк колоннасын» құру үшін қаражат жинап, оған жасалған 26 танк майданға жіберілді. Батырдың туған жерінде, Орда ауылында, Орал қаласында мемориалдық

мұражай ашылды. Невель, Орал қалаларында ескерткіш орнатылып, Орал қаласындағы 30-мектепке Мәншүк Мәметова есімі берілді.

Қазақтың қайсар, ер мінезді қыздарының бірі Әлия Молдағұлова 1925 жылы 25 қазанда Ақтөбе облысының Қобды ауданы Бұлақ ауылында дүниеге келген. Әкесінің есімі Нұрмұхаммед Саркұлов, анасы Маржан Молдағұлова. 1933 жылы анасы қайтыс болғаннан кейін нағашы ағасы Әбубәкір Молдағұловтың отбасында тәрбиеленді. 1935 жылы Молдағұловтар отбасы Мәскеуге, ал кейінірек соғыс алдында Санкт-Петербургке көшеді. Отбасылық жағдайға байланысты ағайы Әлияны № 46 қалалық балалар үйіне береді. Осылайша, күздің сұрлы бір күнінде Ленинградтағы балалар үйіне 12 жасар қазақтың қараторы қызы түседі. 1941 жылдың қыркүйегінде Ленинград қоршауда қалады.

Әлия өзімен қатарлас оқушылармен бірге Невадағы қала төңірегіндегі қорғаныс бекіністерін салуға қатысады. Ол аянбай жұмыс істеп қана қоймай, басқаларды қолдап, жігерлендіреді. Қайсар мінезі үшін 1941 жылдың қарашасында Әлия Молдағұлова сол кезеңдегі жетекші жастар ұйымы – комсомол қатарына қабылданады.

1942 жылғы наурыз айында балалар үйі Ярославь облысына көшіріліп, Әлия мектепті сонда бітіреді. Ол сол жылы Рыбинск авиациялық техникумына қабылданып, онда 3 ай оқиды. Әлия оқып жүргенде майданға бірнеше рет сұранады, бірақ өтініші қабылданбайды. 25 қазанда Әлия 17 жасқа толып, тура бір айдан кейін «майданға аттануына байланысты» деген негіздемемен техникумнан шығарылады. Осы сәттен бастап Әлия Молдағұлованың қысқа болса да жарқын, қаһармандық жолы басталады.

Әлия Мәскеу түбіндегі Вешняки ауылында орналасқан мергендерді даярлайтын орталық мектептің алғашқы жасақталған тобына алынады. 1943 жылдың шілдесінде 22-ші армияның 54-ші арнайы атқыштар бригадасында мерген болып, әскери қызметін бастайды. Онымен бір полкте болған Я.К. Прокопенкованың естелігінен: «1943 жылдың тамызында біздің бригадаға мерген Әлия Молдағұлова келді. Қазақстаннан келген талдырмаш денелі және өте сүйкімді қыз. Ол бар-жоғы 18 жаста еді, бірақ қазан айына дейін оның есебінде 32 өлі фашист болды» [3].

Н.А. Матвееваның естелігінен: «Алдыңғы шепке шығу үшін оған біраз көз жасын төгу керек болды. Оған себеп сол баяғы оның жасы мен бойы болатын. Лия екеумізді төртінші батальонның бір взводуна орналастырды. Біз, мергендер, тапсырмаға жұппен баратынбыз, бізде алдын-ала дайындалған позициялар болатын. Сонда немістерді қарауылға түсіргенше отыратынбыз. Жаудың оғы мен миналары төніп жататын. Лия осындай сәттерде ержүректілік танытатын. Ол

фашистерді қырып қана қоймай, ұрыс алаңынан жараланғандарды сүйреп әкеліп алғашқы медициналық көмек көрсетіп жататын» [3].

1944 жылдың басында Псков облысында жұмыс істеген бригада Новосokolьники қаласының маңында салынып жатқан теміржол желісін істен шығару тапсырмасын алды. Жауынгерлер бірнеше рет қарсыластарға шабуыл жасап көрді, бірақ оларды жеңе алмады. Рота командирі қаза тапқанда, майданға бірінші болып, «Жауынгерлер, алға!» деп ұрандатып өзінің батырлығын көрсеткен Алия Молдағұлова болды. Жолда Алия қарсыластардың миналарын көріп, оларды гранатамен жарды. Бұл теміржолға дейінгі жолды ашып берді. Бірақ Әлияның қолына минаның сынығы тиіп жараланды. Қоян-қолтық ұрыс неміс траншеясында басталды, Әлия мұнда да басқа жауынгерлерден қалыс қалмады. Өкінішке орай, жаудың атқан оғы батыл патриот қыздың кеудесіне тиіп, бірнеше сағаттан кейін Әлия Молдағұлова қайтыс болады. Бірақ оның өлімі де ерлік болды.

Әлия ақырғы демі таусылғанша Отан үшін жанкешті ерлік көрсетті. Кеңес Социалистік Республикалар Одағы Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен 1944 жылдың 4-ші маусымында көрсеткен ерлігі үшін ефрейтор Әлия Нұрмұхаммедқызы Молдағұловаға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді [4].

Халық есінде. Әлияның өмірі қысқа да, ерлікке толы. Оның бейнесі халық есінде мәңгі сақталады. Әлияның есімі қазір де біздің арамызда – ескерткіштер, көше, мектеп, музейлер бар, ақындар жырын арнаса, сазгерлер әнін жазды, қыл қалам шеберлері Әлия бейнесін жасады.

Кеңес Одағының Батыры атағын алған қазақтың қос шынары, қос мақтанышы – Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлова екенін зор мақтанышпен айтамыз. Батыр қыздардың есімі халқымыздың жүрегінде мәңгілік болады.

Біз қазір «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманда» өмір сүріп жатырмыз. Осының бәрі – қасық қаны қалғанша соғысқан азаматтарымыздың арқасы. Ұлы Отан үшін жанын қиған ержүрек ағаларымыз бен әпкелеріміздің қаһармандық ісі ешуақытта ұмыт болмайды, мәңгі есте сақталады.

#### Әдебиеттер тізімі

1. «Совет Одағының қазақстандық батырлары». – Алматы: «Қазақстан» баспасы, 1969.
2. «Арулар отты жылдарда». «Қазақстан». – Алматы баспасы, 1975.
3. Хасан, С. «Қазақтың батыр қызы» // Айқын: Республикалық қоғамдық-саяси газет.
4. Қазақ-Совет Энциклопедиясы.



*Г. Райқұл, 2-ші курс студенті*  
*Ғылыми жетекшісі: М. М. Шуматова*  
*Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау Университеті*

## **ЖАУЫНГЕР ТҰЛҒАСЫ**

Тәуелсіздік – ата-бабаның аңсауы, ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең. Біз үшін тәуелсіздік – таңбасы таста, қаны қара жердің түбінде жатқан қасиетті сөз. Еліміз еркіндік алып, осынау бақытты да баға жетпес күнге жеткелі 30 жыл болды. Осы уақыт аралығында Қазақстан етек-жеңін жиып, шекарасын бекітіп, өз алдына дербес зайырлы ел болды.

Бұл азаттық жолында жанын беріп, қаншама қиындықтар мен ауыртпалықты өткерген ерен ерлеріміз бен ұлы жеңістің жемісі. Ұлы Жеңіс жолында, 1 418 тәулікке созылған қанды қырғында жау оғына кеудесін тосқан батырларымыз бұрыннан келе жатқан батырлық дәстүрді жалғастырды. Өйткені біздің түбіміз мықты еді, оны тарихтан білеміз. Ендігі кезекте біздің атқарар басты ісіміз Тәуелсіздіктің даңқын асқақтатқандай, тәуелсіздікке жету үшін атсалысқан батырларды ұлықтау. Бұл өз кезегінде болашақ ұрпаққа төл-тарихымызды танып-білуіне қызмет атқарады. Біздің тәуелсіз елдің ұрпақтары ұлттық батырлық үлгіні жоғары қойып, еңсесін тік ұстап, көк байрағымызды төбеден түсірмеуі тиіс. Сондықтан аңыз адам, Ұлы Отан соғысының қаһарманы, Кеңес Одағының Батыры, өшпес өнеге мен із қалдырған Бауыржан Момышұлының бізге қалдырып кеткен сарқылмас мирасы мен ерен еңбектері әрдайым жас ұрпаққа айтылып жүрсе, талай жасты қанаттандырып, отансүйгіштік қасиетін қалыптастырары сөзсіз.

Бауыржан Момышұлы – Кеңес одағының батыры, жазушы, екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, әскери қолбасшы, стратег және тактик. Батыс майданындағы 16 армияның 316 атқыштар полкінің және батальон командирі. Ұлы Отан соғысына генерал-майор И.В. Панфилов басқарған әйгілі дивизиясының құрамында 1941 жылдың қыркүйек айынан бастап қатысты.

Батальон командирі ретінде аға лейтенант Бауыржан Момышұлы Москва үшін шайқаста 207 рет ұрысқа қатысты. 1941 жылдың 16-18 қараша күндері вермахтың Мәскеу бағытында екінші мәрте жасаған жорығы кезінде аға лейтенант Момышұлы басқарған батальон дивизиядан қашықта, Матронино деревнясының жанында Волоколам тасжолында асқан ерлікпен ұрыс жүргізді. Білікті комбаттың

басшылығы арқасында 3 күн бойы фашистер шабуылын тойтарып, батальон үлкен шығынсыз, ұрысқа қабілетті жағдайда қоршаудан шығады [1].

Москваны қорғау ерлігінің шырқау биігі – Дубосеково разъезіндегі айқас. Небәрі 28 жауынгер жаудың 50 танкісі алдында айбат шегіп, аянбай шайқасты. Бұл – адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған, теңдесі жоқ жаппай ерлік болды. Бауыржан Момышұлы даңқты батыр ғана емес, өзіне тән стиль ерекшеліктері бар көрнекті жазушы. Ол қазақ әдебиетінде алғаш рет көптеген әскери терминдерді енгізіп, әскери ұғымдарды қалыптастыруға үлес қосқан бірден-бір тұлға.

«Москва үшін шайқас» атты кітабында Бауыржан Момышұлы былай жазады: «Ол күндер – қатал да қаһарлы күндер еді. Ұлы Октябрьдің жеңісі, ұлы халықтың намысы жолында қиян-кескі соғыс жүріп жатты. Социалистік революцияның, пролетарлық революцияның жеңісін осы бір қара түнек қауіптен қорғап аламыз ба, жоқ па? Әлде қалай болады деген арпалыстағы сағаты еді. Әр жүрек осылайша қинала соғып, әр жүзден мейірімсіз жауға қаһарлы айбат туды. Жұрттың бәрінің қабырғасы қайысты. Сондықтан да «жаным – арымның садағасы», деген ата дәстүрін ұстап, өлім қауіпіне бас байланды. Өйткені, «ар кіндігі – артымыздағы Москва еді» [2].

Сұрапыл соғыстың ауыр күндері, қатерлі қорғаныстағы ерлердің қайсарлығы, жау оғынан сескенбей шабуылға шыққан батырлардың ерлік істері бұл шығармада айқын көрсетіледі. Жастардың өнеге тұтар адамы көбейсін деп барлық қайтпас қайсарлық көрсеткен батырларды ұлықтады. Болашақ ұрпақ отаншыл, намысшыл болып батыр ағаларының жолын қуғанын қалады.

Батыр Бауыржан қазақ ауыз әдебиетімен сусындап, өлеңдерін қазақтың батырлық жырларына ұқсатып жазуға бейім. Сондай шығармаларының бірі «Досыма» поэмасы.

Қауіпке қарсы бел байлап,  
Бес есе күшті фашистпен  
Айқасқан жерде қарысып,  
Табан тірей күрестік.  
Халық үшін қан төгіп,  
Қимылдады мың батыр...  
Ата аруағы медет боп,  
Мыңға татып бір батыр.  
Атамекен, жер үшін,  
Қасиетті ел үшін,  
Болмай қалар кім батыр? [2]

Бұл поэмада Бауыржан Момышұлы Отанға деген сүйіспеншілікті уағыздап, күші басым жаудан жасқанбай, қасиетті Отан үшін, атамекен жер үшін арпалыса алысқан ерлерді мадақтайды. Майданда жүрген солдаттардың жаппай ерлік істерін, көкірегіндегі биік арман-мақсатын жыр етіп төгеді.

Момышұлы әскери адам болып қалыптасқанына қарамастан халық әдет-ғұрпын, халық өнегесін керемет білді. Өз шығармаларында халық нақыл сөздерін орайын тауып, орнымен орналастырып отыратын. Ол тіпті өзі мақал-мәтел шығаратын. «Отан үшін отқа түс, күймейсің», «Сен жаудан қашсаң, өмір сенен қашады», «Опасызда Отан жоқ, Отанда Опсызға орын жоқ», «Ердің туы – намыс», «Жауға жаныңды берсең де, сырыңды берме!» т.б. [2]. Әрине бұл сөздер майданда ауыр күндерді бастан өткізіп, алғы шепте қалың жаумен айқасып жатқан жауынгерлерге қаһармандық рух беріп, қанаттандырды.

Батыр Бауыржан туралы естеліктер ұшан-теңіз, солардың кейбіреуін назарға ұсынбасқа болмайды.

Тахауи Ахтанов: «Қалай дегенде де Бауыржан Момышұлының ел ұғымында толымды, жинақы, тұтас соғыс бейнесі қалыптасқан. Бұл – соғыс қаһарманы ғана емес, сонымен бірге жарқын да жалқы, қайта тумас азаматтың бейнесі. Оған енді жазушы Момышұлы деген атақты қосқанда алуан қырлы алып тұлғаның өзі шыға келер еді».

Дмитрий Снегин (майдандас досы): «Ол шыншыл, тік мінезді ашық-жарқын жан... Ол өз солдаттарын қатал, бірақ әкелік мейіріммен сүюші еді. Өз командирінің еркін орындау мен Отан алдындағы перзенттік борыштарын өтеу үшін гвардеецтер қажетті сәттерге өлімге барудан да тартынбайтынын білетін Бауыржан солдаттардың басын еш уақытта оққа орынсыз тосқан емес» [1].

Мамытбек Қалдыбаев: «Бауыржан аға өте сезімтал, жаны нәзік адам еді. Ол кісіні дөрекі дейтіндердің өзі дөрекі. Алла тағала неше қилы қасиеттерді үйіп берген табиғаттың таңғажайып перзенті. Жан-жақты болатын. Он алты қырлы десе де, артық етпейді. Суретші... Музыкант... Биші...Мергендігі өз алдына. Тастаяқты қалай ойнайтын еді! Сырт жұрт о кісіні қатал деп ойлауы мүмкін. Негізінде олай емес. «Мінезім бар көктемдей құбылмалы» деп өзі де айтып кеткендей, қайта өте мейірімді еді бұл кісі. Ал кейдегі «қаталдығы» надандық пен жалғандыққа, көлгірлік пен қулық-сұмдыққа жаны қастықтан туындап жататын. Сондай-ақ ондай мінезін қатігездіктен емес, қамқорлықтан туған қаталдық деуге болады» [3].

Бауыржан Момышұлының есімі Ұлы Отан соғысы майданында ерлік көрсеткен, от пен оқтың арасында жүрген қас батыр ғана емес,

жазушылық, ақындық, философиялық көзқарастарымен де танымал, аты шет елге де танымал аңыз адам.

Батыр Бауыржан өз халқының алдында, қаза тапқан майдандас достарының алдында мемлекеттік, адамгершілік парызын мүлтіксіз орындап, болашаққа үлкен үлгі өнеге мен аманат қалдырды.

Жас ұрпақ батырдың ерлік істері мен қалдырған өсиетін әрдайым жадында сақтауы тиіс. Ер есімі – мәңгі ел есінде!

### Әдебиеттер тізімі

1. Тоғысбаев Б. Сужикова А. Тарихи тұлғалар. Танымдық – көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған.– Алматы. Алматы кітап баспасы, 2009.

2. Б. Момышұлы. «Москва үшін шайқас». Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1964.

3. Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2002.

ӘОЖ 37.017

*А. А. Сағатай, 1-курс магистранты  
Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті*

### **СОЦИАЛИСТІК ЕҢБЕК ЕРІ АЙТПАЙ БЕКБОЛАТҰЛЫ ҚҰСАЙЫНОВ**

Адам баласын талай биіктерге жетелеп, өлшеусіз сый-құрметке бөлейтін, армандарының орындалуына себепші болатын нәрселердің бірі – еңбек. Қазақ халқы жастайынан тер төгіп, еңбек етудің, адал жолмен нан табудың маңызды екендігін балаларының құлағына құйып өсірген. Бұл жайлы ұлы ақын Абай Құнанбайұлы былай деген: «Адал еңбекпен мал іздемек – ол арлы адамның ісі».

Кішкентай кезінен адал іспен айналысып, елінің алдында жауапкершілікті сезіне білген баланың ел қамын ойлайтын азамат болып өсетіні сөзсіз. Бұл ретте Социалистік Еңбек Ері, Ақкөл ауданы Қараөзек ауылының тумасы Айтпай Құсайыновтың өмір жолы өскелең ұрпаққа үлгі болмақ.

Айтпай Бекболатұлының еңбек жолын тәрбие үдерісіне енгізе отырып, балаларға үлгі ету арқылы олардың адал, еңбексүйгіш,

жауапкершілігі жоғары тұлға ретінде қалыптасуына әсер етуге болады. Адамгершілікке жат әдет-қылықтар жайлаған қоғамда шынайы еңбекқорлықтың үлгісін өз ауылдастарының бейнесінде өсіп келе жатқан ұрпағына түсіндіру, насихаттау оқушылардың бойында еңбексүйгіштік сезімін, одан кейін еліне адал қызмет ету сезімін арттыратыны анық.

Айтпай Бекболатұлы Құсайынов 1936 жылы наурыздың төрті Ақмола облысы Ақкөл ауданындағы Қараөзек ауылында кедей шаруа отбасында дүниеге келген. Әкесі қайтыс болған кезде ол 14 жасқа да толмаған еді, ал анасы жиі ауыратын. Сол себепті бала кезден Ақмола облысы Алексеевка ауданының Калинин атындағы ұжымшарында түрлі жұмыстарды істеуге тура келді. Соғыстан кейінгі жылдары осы ауылдың бастауыш мектебінің төрт сыныбын бітірген. Мұғалімі Елеуов Карбай деген кісі болған.

Еңбек жолын он бес жасынан өгіз айдаушылықтан бастады. Кейін Қосқарағай тракторшылар курсы бітірген соң, тракторшының көмекшісі ретінде жұмысын жалғастырды. 1957 жылдан 1986 жылдың қазан айына дейін «Новорыбинский» совхозында механизатор болып еңбек етті. 1986 жылы денсаулығына байланысты зейнеткерлік демалысқа шықты. 1969 жылы ақпанның 12-і күні Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының № 5563 Жарлығы бойынша Айтпай Бекболатұлына Қазақ ССР социалистік ауыл шаруашылығының еңбек сіңірген механизаторы атағы берілген. Мемлекет А.Құсайыновтың еңбегін зор бағалап, ерен еңбегі үшін оған Социалистік Еңбек ері атағын берді. Ол «Ленин», екі «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерімен және екі медальмен марапатталды.

А. Б. Құсайынов 1976 жылдан бастап КПСС қатарында жүріп, жастарды өз тәжірибесіне баулыды, сөйтіп 300-ден астам шәкірт тәрбиеледі. Өмірінің соңғы күніне дейін адамдарға қамқоршылық жасаумен болды.

А. Б. Құсайынов Алексеев аудандық партия комитетінің мүшесі, СССР Жоғарғы Советінің халық депутаты болып сайланды. Ол Қазақстан Компартиясының XV съезіне делегат болып қатысты.

1979 жылы қаңтар айында Целиноград облысының XIX партия конференциясына, осы жылдың 13 наурызында Алматыда өткен тың игеруінің 25 жылдығына арналған Қазақстан суретшілермен өткен кездесуге, 1982 жылы Москва қаласында өткен ауылшаруашылық кәсіподағының XI съезіне қатысты [1, б. 5].

Айтпай Құсайынов жары Күлшатай апамен бақытты шаңырақ құрды, елдің қамын ойлайтын, еңбектің қадірін түсіне білетін адал ұл мен қыз өсірді.

Еңбек жолын 1952 жылы «Новорыбинский» ұжымшарында, кейін кеңшарында бастайды. 1954 жылы тың және тыңайған жерлерді игеруге белсенді ат салысады. Қазақстанда кеңес дәуірінде тың жерлерді игеру 1920 жылдардан басталды. Тың жылдарында саяси, әлеуметтік-экономикалық және демографиялық сипаттағы бірқатар өзгерістер жүзеге асты. 1953 пен 1958 жылдар аралығында Ақмола облысына 270 мыңға жуық адам келді. Тың игерушілер Кеңес Одағының әр түкпірінен – Мәскеуден, Ленинградтан, Украина, Эстония, Латвия, Белоруссия, Молдавиядан және т.б. келді. Ақмола облысы бұл жылдары халық мол шоғырланған аймақтың біріне, ауыл шаруашылық машина жасаудың ірі орталығына айналды. Тек қана 1953-1956 ж. облыста 3,5 млн га тың жерлер игерілді. 1958 ж. Ақмола облысы бойынша 221 млн 100 мың пұт дән, оның ішінде, 215 млн пұт бидай жиналды. 1958 жылдың қазанында Ақмола облысы Ленин орденімен марапатталды. Тың және тыңайған жерлерді игерудегі қаһармандық ерліктері үшін В.И. Акуленко, К. Алпысбаев, С.К. Галушак, С.А. Грузинцев, Г.Г. Зубков, Н.В. Карпухин, А.Б. Құсайынов, В. Ф. Макарин және басқалары Социалистік Еңбек Ерлері атағын алды. Тыңның игерілуі қаланың бұдан әрі дамуына ықпал етті [2, б. 8].

Айтпай Құсайынов 30 жылдан артық уақыт механизатор болып жұмыс істейді. Ол алдыңғы қатарлы механизатор бола тұра, өзінің еңбек жетістіктерін жылдан жылға жақсартып отырған: 1970 жылы ол 600 га, 1972 жылы 800 га, 1973 жылы 900 га бидай жинаған. Бес жылдың ішінде 15 тонна жанар-жағармай материалын, жөндеуде 2200 рубльді үнемдейді. Бүкілодақтық социалистік жарыста қол жеткізген жетістігі мен 1973 жылы қабылданған міндеттерді орындауда қажырлы еңбегі үшін Айтпай Бекболатұлы Құсайынов Социалистік Еңбек Ері жоғары атағына ие болды. ҚазКСР 9-шақырудағы Жоғары Кеңесінің депутаты, ордендермен және медальдармен марапатталған [3,б. 17].

Социалистік Еңбек Ері - шаруашылық пен мәдени құрылыстағы аса үздік жетістіктері үшін еңбекте ерекше көзге түсіп, өздерінің аса үздік жаңашыл қызметтерімен қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыруға, халық шаруашылығын өрге бастыруға, ғылым мен техниканы дамытуға, КСРО-ның күш-қуатын нығайтып, даңқын шығаруға ат салысқандары үшін ең жоғары құрметті атақ - Социалистік Еңбек Ері белгісін алған еңбеккерлер. Бұл атақ КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1938 жылғы 27 желтоқсанындағы Жарлығымен бекітілген [4, б. 102].

2000 жылғы 24 ақпанда Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қараөзек ауылы тұрғындарының және Ақкөл ауданының әкімі мен аудандық мәслихаттың ұсыныстарын, сондай-ақ облыстық

ономастикалық комиссияның шешімін негізге ала отырып, облыстық мәслихат және облыс әкімі Ақкөл ауданындағы Калинин орта мектебіне Социалистік Еңбек Ері Айтпай Бекболатұлы Құсайыновтың атын беруге шешім шығарды.

Еңбек тәрбиесі - тәрбиеленушілердің жалпы еңбектік біліктері мен қабілеттерін, еңбекке психологиялық дайындығын дамытуға, еңбекке және оның өнімдеріне жауапкершілікті қатынасты қалыптастыруға, мамандықты саналы таңдауға бағытталған тәрбиеші мен тәрбиеленушілердің бірлескен іс-әрекеті. Еңбек тәрбиесі - жасөспірімдерді еңбекқорлыққа, еңбекті құрметтеуге, еңбек мәдениетін үйренуге бейімдеп, олардың еңбек ету шеберлігі мен дағдысын қалыптастыруға бағытталған тәрбиенің бір саласы. Педагогика ғылымы еңбек тәрбиесін жас ұрпақты отбасы мен мектепте тәрбиелеудің жалпы үрдісінің бір бөлігі ретінде қарастырады. Оқушыларды еңбек етуге, еңбекқорлыққа баулу, оларға кәсіптік бағдар беру қазіргі таңда барлық оқу жүйесінде оқушы әрекетінің белсенділігін қамтамасыз етудің бір тәсілі болып табылады [5, б. 42].

Қазақтың халық педагогикасында еңбек тәрбиесі ерекше орын алады. Сәби кезінен бастап баланы еңбекқорлыққа тәрбиелеу маңызды. Сол себепті Ақмола облысы Ақкөл ауданы Қараөзек ауылындағы А. Құсайынов атындағы орта мектеп оқушыларына адал еңбек етудің шынайы үлгісін көрсеткен Айтпай Құсайынов сынды қарапайым ауыл адамының өмірін насихаттау арқылы оқушылардың бойында еңбексүйгіштік сезімін тәрбиелеу мақсатында тәрбие үдерісіне бағдарлама ұсынар едім:

Кезеңдері	Мақсаты мен міндеттері	Күтілетін нәтиже
1. «Айтпай Құсайынов – адал еңбек адамының үлгісі»	Мақсаты: Оқушыларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу Міндеттері: А.Құсайыновтың еңбек жолын насихаттау;	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Оқушылар бойында патриоттық сезімді қалыптастыру;</li> <li>▪ электронды кітапша жасау</li> </ul>
2. «Ауылым – алтын бесігім»	Мақсаты: туған жерге деген сүйіспеншілікті арттыру. Міндеттері: Қараөзек ауылының тарихымен, көрікті жерлерімен таныстыру; Ауылдың көрнекті жерлеріне шағын саяхат жасау; Белгілі ауыл тұрғындары жайлы мәлімет жинау.	

3. Қараөзек ауылының белді тұрғындарымен дәстүрлі кездесу	Мақсаты: оқушылардың өзіндік ой-пікірі бар тұлға етіп қалыптасуына үлес қосу Міндеттері: Ауылдың тұрғындарымен сұхбат жүргізу	
---	---	--

«Айтпай Құсайынов – адал еңбек адамының үлгісі» бағдарлама кезеңі аясында оқушылармен бірге мектеп мұражайына экскурсия жасалады, дөңгелек үстел, сайыстар өткізіледі. А. Құсайыновтың өмірі мен еңбек жолын түсіндіре отырып, адал еңбек етуге, жауапкершілікті сезіне білуге үйретеміз.

«Ауылым – алтын бесігім» кезеңі балаларға ауыл тарихымен танысуға, ауылдың атақты адамдары туралы мәлімет жинауға мүмкіндік береді.

Қараөзек ауылының белді тұрғындарымен дәстүрлі кездесу ұйымдастыру арқылы үлкендерді құрметтеуге, қарым-қатынас жасауға, үлкендердің әңгімесін тыңдау арқылы жақсы мен жаманды айыра білуге, тұлға болып қалыптасуына әсер етеді.

№	Іс-шара атауы	Мақсаты
<b>«Айтпай Құсайынов – адал еңбектің үлгісі»</b>		
1	«Социалистік Еңбек Ері Айтпай Бекболатұлы Құсайынов»	өмірі мен еңбек жолы туралы еске алу кеші
2	Мектеп мұражайына саяхат	туған жерді сүйеге, туған ауылының адамдарын құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында экскурсия
3	Айтпай Бекболатұлының еңбек жолы мен марапаттары	туған күніне орай еңбек жолы мен марапаттары туралы дөңгелек үстел
4	«Еңбек бәрін жеңбек»	Шығармашылық сайыс
<b>«Ауылым – алтын бесігім»</b>		
5	Ауылымның тарихы	ауыл тарихы туралы ауыл тұрғындарынан мәлімет жинау; жиналған мәліметтерді тіркеу
6	«Ер есімі ел есінде»	ауылдан шыққан соғыс ардагерлері туралы мәлімет жинап, электронды кітапша жасау
7	Қарттарым-асыл қазынам	ауыл ақсақалдарымен кездесіп, музыкалық кеш ұйымдастыру
<b>Қараөзек ауылының белді тұрғындарымен дәстүрлі кездесу</b>		
8	Ардагер ұстаздармен кездесу сұхбат	Оқушылардың ауыл адамдарымен сұхбаттасып, көкейінде жүрген



9	Ауыл ақсақалдарымен әңгіме-сұхбат	сауалдарын қою арқылы тұлға болып қалыптасуына әсер ету
10	Ауылдың белді адамдарымен кездесу	

Қазақ халқы талай қиын қыстау заманды басынан өткерсе, әр заман өз батырларын тудырып отырды. XX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген тынымсыз тер төгіп, үздіксіз еңбектің жемісін көрген Айтпай Құсайынов сияқты ерлерімізден алар өнегеміз мол.

### Пайдаланған әдебиеттер

1. Моншақтының інжу-маржандары // Ақкөл өмірі. – 17.04.2019 ж. – 8 б.
2. Қысқаша энциклопедия / Бас ред. Аяған Б. – Алматы, 1987.
3. Астана энциклопедиясы, 2012.
4. «Акмолинская область: их именами названы улицы» альманахы. – Көкшетау, 2012.
5. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / Бас ред. Е. Арын. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2006. – 482 б.

ӘОЖ 882-1

*С. А. Сағатаева, 1-курс магистранты*  
*Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті*

## **БАТЫРЛАР ЖЫРЫНДАҒЫ ТЕҢЕУЛЕРДІҢ КӨРКЕМДІК СИПАТЫ**

Қазақ халқы – сөз өнерін, тіл құдіретін жоғары бағалаған өр, шешен халық. Ал сөз өнеріне қойылатын негізгі талаптардың бірі – сөздің көркемдігі. Бұл тәсілді шебер меңгерген би-шешендер, жырау-жыршылар, ақын-жазушыларды халық құрмет тұтып, ерекше сый көрсеткен.

Сөз зергерлері сөзінің көркем, бедерлі болуы үшін әр түрлі көркемдегіш тәсілдерді орынды қолдана білді. Осындай көріктеу тәсілдерінің бірі – теңеу. Теңеу - ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затпен салыстыру арқылы көркем образ жасау құралы.

Теңеу дегеніміз – ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан, поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы [1, б. 7].

Тілтану, әдебиеттанудың алғашқы іргетасын қалаушы Ахмет Байтұрсынұлы 1926 жылы жарық көрген «Әдебиет танытқыш» еңбегінде теңеу туралы сөз еткен. Бұл еңбекте теңеуді шығарма тілінің өнді, ұнамды болуы үшін қойылатын бес шарттың (сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл анықтығы, тіл дәлдігі, тіл көрнектілігі) бірі тіл көрнектілігі әдістеріне жататын меңзеудің (көрнекілеу) бір түрі ретінде қарастырады. Ғалым теңеу туралы: «Көріктеу нәрсені айыра көрсетіп, айқын шығаруға жарағанмен, нәрсенің бейнесін сүгіреттеп көрсетуге күші жетпейді. Ондай орында белгісіздеу сипатты белгілі сипатқа, белгісіздеу нәрсені белгілі нәрсеге теңеп, көрнектеп, ашығырақ көрсетеміз» [2, б. 25], - деп, теңеуді екі түрге бөліп қарастырады: әншейін теңеу және әдейі теңеу. Күнделікті қолданылатын теңеулерді әншейін теңеулерге жатқызса, удай ащы, айдай жарық сөздеріндегі удай, айдай сөздерін әдейі теңеулер деп атайды.

Өзінің «Өлең сөздің теориясы» еңбегінде академик З. Ахметов бейнелі сөздер туралы айта келіп, теңеуге тоқталады да: «Поэзиялық шығармадағы теңеуді алсақ, мұнда мәселе салыстырылып отырған нәрселердің белгісіз немесе белгілілігінде емес, сол айтылған өзгешелік бұлардың бірінен екіншісінде айқынырақ, көрнектілеу екендігінде, салыстырудың өзінен көп мағына туатындығында» дейді [3, б. 189].

Ғалым М. Серғалиев «Теңеудің стилистикалық қызметі әр алуан. Бір ыңғайда, негізінен аз сөзге көп мағына сыйғызуды мақсат етсе, тағы бір жағдайда автордың астарлап сөйлеуіне мүмкіндік береді. Сол астарлап сөйлеудің өзі жинақылықтың арқасында болып отырады», - десе [4, б. 42], С.Негимов «Көркем теңеулер – көркемдік қиялдың жемісі. Қоршаған ортаны, табиғатты, тұрмыс – тіршілікті, шаруашылықты жетік білуде поэзия тілінің құлпыра түсуіне, оюлы, өрнекті сөздің, сырлы суретінің молая беруіне жойқын әсер етеді», - деп түйіндеген [5, б. 30].

Ғалымдардың барлығы да теңеудің семантикалық мәні, поэтикалық ерекшелігі бір затты немесе құбылысты екінші бір затқа немесе құбылысқа салыстыру екенін атап көрсетеді.

Теңеуді шығу тегінен бастап, стильдік қызметіне дейін зерттеп, тіл біліміне мол үлес қосқан А. Байтұрсынов, Қ. Жұмалиев, Т. Қоңыров, З. Ахметов, З. Қабдолов, М. Серғалиев, орыс ғалымдары А. Т. Рубайло,

А. Н. Веселовский, А. А. Потебня, Б. В. Томашевский т.б. еңбектерінің ғылыми маңыздылығы ерекше.

Профессор Т. Қоңыров теңеулердің структуралық жағынан үш элементтен тұратынын көрсетеді: предмет, образ, белгі. Мысалы:

*Теңіздей әлем қанған орда болар.*

Бұл мысалда «орда» - суреттеліп отырған зат, яғни предмет, «теңіздей»- образ, «әлем қанған» - белгі.

Теңеулердің жасалу жолына келетін болсақ, Академик Қ. Жұмалиев: «Теңеулердің көпшілігі зат есімге, есімше, етістікке жалғанған –тай, -тей, -дай, -дей, –ша, -ше, -дайын, -дейін жұрнақтары арқылы жасалады», - деп көрсеткен [6, б. 56].

Т. Қоңыров өзінен бұрын жазылған зерттеулерді негізге ала отырып, теңеулердің он түрлі жасалу жолын көрсетеді:

1) -дай, -дей, -тай, -тей, -дайын, -дейін, -тайын, -тейін жұрнақтарының көмегімен;

2) -ша, -ше жұрнағының көмегімен;

3) Шығыс септігі жалғауының (-нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен) көмегімен;

4) Секілді, сияқты, тәрізді, іспетті сөздерінің көмегімен;

5) Бейне сөзінің көмегімен;

6) Тең сөзінің көмегімен;

7) Ұқсас сөзінің көмегімен

8) Параллелизм тәсілінің көмегімен;

9) Аралас тәсілдің (бейне және -дай, -дей; бейне және секілді) көмегімен;

10) Қосалқы тәсілдер көмегімен [1, б. 11].

Батырлар жырында бір затты екінші бір затқа, бір құбылысты екінші бір құбылысқа салыстыру, ұқсас және сәйкес заттар мен құбылыстардың қасиеттерін бір-біріне балау қолдану арқылы салыстыра зерттеу оқырманға өзінің бұрыннан таныс нәрсесінің, таныс құбылыстарын тағы бір қырын тереңірек білуге жәрдемдеседі.

Профессор Т. Қоңыровтың жоғарыда айтылған теңеулердің жасалу жолдары туралы айтқан пікірлерін негізге ала отырып, батырлар жырындағы теңеулердің жасалу жолына тоқталайық:

1) -дай, -дей, -тай, -тей, -дайын, -дейін, -тайын, -тейін жұрнақтарының көмегімен; Мысалы:

*Дауылдай жалы суылдап,*

*Құйрығы құйындайын шуылдап [10].*

2) –ша, -ше жұрнағының көмегімен;

*Қолындағы шоқпармен*

*Допша қағып тастады [8].*

3) Сықылды, сияқты, сынды, іспетті сөздерінің көмегімен;  
*Тілекті бермес болар ма,  
Сіз сықылды асылдар! [10]*

4) Ұқсайды сөзінің көмегімен;  
*Күнді байқай қарасам,  
Күн жауарға ұқсайды,  
Айды бұлт қоршайды.  
Айды байқай қарасам,  
Түн жауарға ұқсайды! [10]*

5) Аралас тәсілдің (бейне және ұқсайды; бейне және секілді) көмегімен;  
*Әлемге жеткен даты бар,  
Бейне Ораққа ұқсайды [8].*

Тіл білімін зерттеуші, ғалым Т. Қоңыров теңеуді синтаксистік құрылымы жағынан алты топқа топтастырады:

- a) Жалаң теңеулер;
- b) Күрделі теңеулер;
- c) Толымды теңеулер;
- d) Толымсыз теңеулер;
- e) Бірыңғай теңеулер;
- f) Болымсыз теңеулер.

Жалаң теңеулерге тек теңеу құрушы мүшелердің қосындысынан ғана тұрып, белгілі бір заттың яки құбылыстың суретін жасайтын теңеулерді жатқызады. Бұл теңеулерде күрделі ой да, образ да болмайды. Мәселен:

*Аш күзендей бүгілді,  
Құртқа жаннан түңілді* [8].

Үзіндіде теңеу және теңеу элементтері ешқандай анықтауышсыз жалаң түрде келтірілген.

Күрделі теңеулерде не образ, не предмет немесе екеуі де өздеріне бүтіндей күрделі ойға негізделген теңеулік образдар жасалады. «Мұнда не образ, (көбіне образ) не предмет немесе екеуі де өздеріне бүтіндей күрделі ұғымды негіз етіп алады да, соның нәтижесінде күрделі ойға негізделген, шытырман суретке құрылған, эмоциялық-экспрессивтік әсері күшті теңеулік образдар жасалады», - дейді Т. Қоңыров [1, б. 23].

*Құбылып тұрған сағымдай  
Шабылып Шұбар терледі.*

«Алпамыс батыр» жырынан алынған бұл үзіндіде образ бен предмет жалаң болып қолданылса, белгісі (*құбылып тұрған*) образдың күрделі суретін жасап тұр.

Теңеу сөздердің келесі бір түрі - бірыңғай теңеулер. Бұл теңеулердің өзге теңеулерден басты айырмашылығы - олар бірдей морфологиялық тұлғада тұрып, бірдей синтаксистік қызмет атқарады. Ал лексика-семантикалық жағынан қарасақ, бірыңғай теңеулер, негізінен, бір объектінің жай-күйін көрсетеді. Теңеудің бұл түрі батырлар жырында кейіпкерді жан-жақты суреттеу мақсатында жиі кездеседі. Мысалы:

*Аузы үлкен ошақтай,*

*Азу тісі пышақтай.*

*Иегі бар сеңгердей,*

*Бір батыр болды сол күнде-ай [9].*

Теңеуді толымды және толымсыз деп бөлушілердің пікірінше, ең басты мәселе - теңеуге тән конструкцияның барлық бөліктерінің яғни предметтің, образдың, белгінің түгел болуы немесе болмауы. Мысалы:

*Қабағы тастай түйілген,*

*Лашын құстай шүйілген.*

«Ер Тарғын» жырынан алынған бұл үзіндіде теңеудің үш құрамдас бөлігі қамтылған: «қабағы» - предмет, «тастай» - образ, «түйілген» - белгі. Бұл - толымды теңеу.

Толымсыз теңеуде теңеуге тән үш компоненттің бірі түсіріліп беріледі. Мәселен, *Белі қылдай, беті айдай, Құртқаны оған көргізді*, - деген жолдардан байқағынымыз, «қылдай», «айдай» - образ, «белі», «беті» - объект, белгі жыр өлшеміне, мазмұнына сай түсіріліп айтылып тұр.

Т. Қоңыровтың классификациясына сүйене отырып, батырлар жырындағы теңеулерді сезім мүшелерімен қарым-қатынасына қарай бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады.

1) Көру теңеулері – заттардың, құбылыстардың сыртқы ұқсастықтарына байланысты теңелетін теңеулер. Мәселен,

*Қарт бурадай қамданып,*

*Қас батырдай шамданып [10].*

2) Есту теңеулері «суреттелміш заттың қандай дыбыс шығарғанын, ол дыбыстың қандай дыбысқа ұқсайтынын бейнелеп көрсетеді, дыбыс шығарушы объектінің ішкі мәніне үңіледі». Мысалы:

*Алтынды тоны жылт етіп,*

*Саулы інгендей ыңқылдап [10].*

3) Тері сезімі теңеулері - ауырлық пен жеңілдікті, қаттылық пен жұмсақтықты, суықтық пен ыстықты білдіретін теңеулер:

*Бет ажарын қарасаң,*

*Жазғы түскен сағымдай [10].*

4) Сезім-күй теңеулері адамның жан дүниесі арқылы

қабылданатын заттар мен құбылыстарға теңеу арқылы жасалады. Бұл теңеулер де бірнеше топқа бөлінеді:

а) образы да, предметі де деректі зат есімдер: *Екі көзі табақтай, Саптыаяқты қабақтай* [9].

ә) образы деректі, предметі дерексіз: *Бет ажарын қарасаң, Жазғы түскен сағымдай*. [10]

б) образы деректі қимыл-әрекетке негізделген теңеулер: *Бәйбіше келеді алаңдап, Жас бөрідей жалаңдап* [9].

Семантика-стилистикалық белгілері арқылы теңеулерді әр түрлі топтарға бөле қарастыру олардың бейнелі сөз ретінде тілдің басқа да осындай көркемдік құралдарымен, лексикалық бірліктерімен байланысу мүмкіндіктерінің мол екендігін байқатады, сондай-ақ теңеулердің семантика тудыру ерекшелігін, стилистикалық қызметін аша түсетіні сөзсіз.

Эпостық жырларда эпитеттік теңеулер, метафоралық теңеулер, градациялық теңеулер, гиперболалық теңеулер, литоталық теңеулер кездеседі.

«Метафоралық теңеулерде белгінің ауыс мағынада қолданылуы нәтижесінде жалпы теңеулік мағына өткірленіп, теңеулік образ айқындалып, теңеулік көркемдік ажарланып, құлпырып кетеді. Метафоралық теңеулерді дүниеге келтіретін нәрсе – ауыс мағынада қолданылатын белгі» [1, б. 439].

Т.Қоңыров метафоралық теңеудің басты белгісі ретінде теңеу белгілерінің көрсетіліп, олардың ауыспалы мағынада жұмсалып көрсетеді.

Метафоралық теңеулерге мысал келтірсек:

*Әлемді алды айбаты,*

*Қабыландай арсылдап* [9].

Теңеудің семантика-стилистикалық мәнін айқындайтын амалдардың келесі түрі - эпитеттік теңеулер. Олардың басты ерекшелігі теңеулердің құрамындағы эпитет теңеу болып тұрған сөздің бір белгісін, мөлшерін-қасиетін, түр-түсін, сынын айқындап тұрады да, жұрнақ жалғанбай не жекеше, не көпше түрде қолданылады. Образ не предмет, не белгіні көркем суреттеп көрсетеді. Мәселен, *Гүлбаршын сұлу айдай боп*. «Алпамыс батыр» жырынан алынған бұл мысалда теңеудің структуралық элементтерінің барлығы тура мағынасында жұмсалып тұр.

Теңеудің тағы бір түрі – градациялық теңеулер. «Бір теңеулік конструкцияның ішінде немесе бір образды ойдың бойында бірнеше теңеу болып, ол теңеулер суреттелміш заттың не оқиғаның қасиеттерін бірте-бірте асырып немесе бірте-бірте кемітіп, соның нәтижесінде оған

бейнелі сипат беріп, көркемдік ажар үстесе, онда мұндай теңеулерді градациялық теңеулер дейміз» [1, б. 143].

«Ер Тарғын» жырынан алынған үзіндіде:

*От орнындай тұяқтым,  
Омыртқаң бар отаудай.  
Жаурыныңа қарасам,  
Сыпыра шапқан тақтадай.  
Құйрығыңа болайын,  
Қынаптан шыққан қанжардай!  
Жалыңа сенің болайын,  
Күлтеленген жібектей!  
Шықшытыңа болайын,  
Оралып жатқан түбектей!*

Құбылыстың күйін немесе заттың ерекшелігін ұлғайтып не кішірейтіп сипаттайтын гиперболалық және литоталық теңеулер шығармаға экспрессивті-эмоционалды реңк үстемелеп, стилистикалық мәнде жұмсалады.

*Күрек тісі кетпендей,  
Кеңірдегінің тесігі  
Жүгімен түйе өткендей.*

«Алпамыс батыр» жырындағы Ұлтан құлдың бейнесін дәл сипаттау мақсатында гиперболалық теңеулерді қолданылған.

Ғалым Т. Қоңыров: «...гиперболалық теңеулердің эмоционалды-экспрессивті әсері орасан күшті болады да, олар тым жаман немесе өте әдемі деген ұғымдарды өзгеше өрнекпен, әсермен бейнелеп беру үшін қолданылады» деп айтқан болатын [2, б. 52].

Қорыта айтқанда, А. Құнанбайұлы он тоғызыншы қара сөзінде: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады» деген болатын. Сол себепті баланы сәби кезінен тәрбиелік маңызы жоғары халық даналығының кәусар бұлағынан, бейнелі сөз маржандарына толы батырлар жырынан сусындату керек. Сол кезде ғана әр бала ел қамын ойлайтын азамат болып қалыптасатыны сөзсіз.

## Әдебиеттер тізімі

1. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы: Мектеп, 1978. – 167 б.
2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.

3. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы, 1973. – 210 б.
4. Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. – Алматы: Мектеп, 1965. – 212 б.
5. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі. – Алматы: Ғылым, 1991. – 199 б.
6. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы, 1960.
7. Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы: Мектеп, 1966. – 206 б.
8. Қобыланды батыр. – Алматы: Алматыкітап, 2017. – 191 б.
9. Алпамыс батыр. – Алматы: Фолиант, 2019. – 176 б.
10. ЕрТарғын. Алматы: Алматы кітап, 2019. – 104 б.

ӘОЖ 37.017

*А. Тохтан, 2-курс студенті*  
*ғылыми жетекші: Г. Б. Ахметова, тарих магистрі*  
*Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау университеті*

## **ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ӘЙЕЛ ҰШҚЫШЫ ХИУАЗ ДОСПАНОВА**

Соғыс... Қару асынған боз жігіттер; ерлерше киінген бойжеткендер; отбасын ошақ қасына қалдырып, өзі бір қиянда от кешкен азаматтар; қолдары күстеніп, орамалы жолды тосқан әйелдер; әке мен шешеден тірі жетім сәбилер; жүздерін әжім басқан, көздері жастан, тілдері дұғадан құрғамаған кемпір-шалдар; қаралы қағаз үзілмеген қара ауыл; соғыс ережелерін білмесе де, бір-біріне ұрандаған солдаттар; елеусіз қалған батырлар. Бұл біз білетін, біз оқыған соғыстың бір көрінісі ғана. Ал соғыстың ерекше бір хикаясы "Түнгі мыстан" немесе "Қанатты қызды" естіген боларсыздар. Фашистер "түнгі мыстан" атап кеткен Хиуаз Доспанова – сұрапыл соғыс жылдарында әскери ұшақпен жауды жастандырып, Отан үшін от кешкен ержүрек, қайсар қыздардың бірі.

На самом деле, для получения знаний в наше время недостаточно средств натурального эксперимента. Как бы ни была сформирована прецизионная оборудование исследований, способы натурального эксперимента не всеисильны. Их познавательное влияние ограничено. В первую очередь, это связано с тем, что измерения, как правило, никак не считаются непосредственными. Косвенные сведения, полученные из измерений, требует количественной обрабатывания и интерпретации. Однако данная работа может быть выполнена только лишь на основе математических моделей, которые должны адекватно отображать итоги эксперимента.

К сожалению, в настоящее время не имеется математических моделей, описывающих с нужной точностью все без исключения многообразие замечаемых в эксперименте явлений [1].

**Моделирование** – это способ научного исследования явлений, действий, предметов, приборов либо систем (обобщенно – объектов исследований), базирующийся на построении также исследовании моделей с целью получения новейших знаний, совершенствования характеристик предметов исследований либо управления ими.

Данное научный метод исследования, при котором изучается не сам объект познания, но его изображение в виде так называемой модели, но результат исследования переносится с модели на объект. Единственный способ познания, когда исследование того или иного объекта выполняется с помощью исследования другого объекта, в каком-то взаимоотношении подобного первому, с последующим переносом на первый объект результатов изучения второго. Данный второй объект и называют моделью первого. Подобным способом, моделирование есть процесс построения модели или исследование объектов познания на их моделях.

Термин «модель» (с латинского *modulus*) вступило в повседневный язык. Модель – мера, пример, норма. Именно таким

образом называем мысленный, знаковый или материальный образ оригинала, то есть модель – «заместитель» оригинала в познании либо в практике.

Присутствие в исследовании сложных явлений, действий, предметов не получается учитывать полную совокупность всех компонентов и связей, характеризующих их качества. Модель возможно вообразить, как материальный объект либо образ, который упрощенно отображает наиболее значительные качества объекта исследования.

Таким способом, каждая модель постоянно проще реального объекта и отображает лишь доля его наиболее существенных черт, ключевых компонентов и связей. По этой причине для одного объекта исследования существует множество различных моделей. Тип модели зависит от выбранной цели моделирования.

Моделирование подразумевает создание и исследование моделей действительно существующих предметов, явлений, объектов с целью:

- определения либо усовершенствования их характеристик;
- рационализации методов их построения;
- управления также моделирования.

При помощи модели возможно определять и характеризовать компоненты исследуемого объекта и взаимосвязь между ними, предоставлять сведения об управлении объекта и прогнозировать его формирование.

Модель в чем-то схематизирует действия реальности, отвлекает от каких-то определенных качеств, по этой причине она постоянно применима для описания только отдельных сторон конкретных явлений при конкретных обстоятельствах. Одно и то же педагогическое явление возможно представить с помощью некоторых моделей.

Как известно, модель имеется разработанная либо выбранная исследователем система, воспроизводящая значительные для данной цели познания стороны исследуемого объекта также в силу этого находящаяся с ним в таком взаимоотношении замещения и сходства, что изучение ее служит опосредованным способом получения знания о данном объекте [2].

#### *По цели использования*

Согласно цели применения модели классифицируются:

- общенаучный исследование, в котором осуществляется исследование модели с использованием различных средств получения сведений об объекте, возможности влияния на ход процесса, с целью получения новых данных о предмете либо явлении;

- комплексные испытания и производственный эксперимент, использующие натурное испытание физического предмета для получения значительной достоверности об его свойствах;
- оптимизационные, связанные с нахождением подходящих характеристик системы.


*По области применения*

<b>Модели</b>				
<b>Учебные</b>	<b>Опытные</b>	<b>Научно-технические</b>	<b>Игровые</b>	<b>Имитационные</b>
наглядные пособия, обучающие программы, различные тренажеры	Модели - это уменьшенные или увеличенные копии проектируемого объекта. Их называют также натурными и используют для исследования объекта и прогнозирования его будущих характеристик: модель корабля испытывается в бассейне для определения устойчивости судна при качке.	создают для исследования процессов и явлений: ускоритель электронов, прибор, имитирующий разряд молнии, стенд для проверки телевизора	военные, экономические, спортивные, деловые игры	модели не просто отражают реальность с той или иной степенью точности, а имитируют ее. Эксперимент либо многократно повторяется, чтобы изучить и оценить последствия каких-либо действий на реальную обстановку, либо проводится одновременно со многими другими похожими объектами, но поставленными в разные условия. Подобный метод выбора правильного решения называется методом проб и ошибок

*Учет фактора времени*



*Виды моделирования*



**Материальным** - установлено называть моделирование, при котором действительному объекту противопоставляется его повышенная либо уменьшенная копия, допускающая исследование с помощью последующего перенесения свойств исследуемых действий и явлений с модели на объект на основе теории подобия.

**Идеальное моделирование** - базируется никак не на материальной аналогии предмета и модели, а на аналогии идеальной, мыслимой.

**Знаковое моделирование** – моделирование, применяющее в свойстве моделей знаковые переустройства какого-либо типа: схемы, графики, чертежи, формулы, наборы символов.

**Математическое моделирование** - данное моделирование, при котором изучение объекта выполняется с помощью модели, сформулированной на языке математики [3].

Итогом научного исследования считаются неизвестные ранее объективные знания о сущности наблюдаемого явления. Практические исследования проводятся с целью отражения реальности, включая описание явления, анализ и прогноз в целях выработки оптимального решения. В силу многоотраслевой структуры науки единые вопросы методологии получения знаний целесообразно рассматривать через категории философии, науки о бытии и познании, и прежде всего такие категории, как онтология, гносеология и логика. Подчеркнем, что целостность данных областей философии обогащает сущность метода научного исследования: онтологическая логика описывает связи явлений объективной реальности, гносеологическая – связи понятий, применяемых в познании сущности, также, в конечном итоге, сам термин логика формально устанавливает взаимосвязи в рассуждениях независимо к модели сущность-истина.

Абстрактную базу методологии является пункт философии, известный как онтология, изучающий бытие, его структуру и

закономерности. Онтологические понятия об объекте и есть окончательный итог познания действительности – новые знания, которые, однако, могут эволюционировать: они истинны в том смысле, что конкретны и относительны.

Модель онтологии официально можно представить в виде  $O = \langle X, R, F \rangle$ , где  $X$  – конечное множество понятий предметной области,  $R$  – конечное множество отношений между понятиями,  $F$  – конечное множество функций интерпретации. Содержательный анализ структуры взаимосвязи, как правило, осуществляют специалисты конкретной предметной области, но этого часто недостаточно: необходим формальный анализ, по эмпирическим сведениям, математическими способами.

### **Научная интерпретация.**

Под научной интерпретацией подразумевают совокупность связываемых с этим определением значений, смыслов. В моделировании, в частности, отражение онтологических представлений о действительности выражается через замещение познаваемой конкретности адекватной абстракцией, доступной научному осмыслению. Во следствии онтологической интерпретации предмету ставится в соответствие совокупность смыслов за исключением несущественных сторон объекта, его признаков. В качестве предмета может выступать само бытие и его формы, а также структура бытия, связи и свойства. Идеализация предмета на известных допущениях о действительности имеет новейший результат, обладающий своей сущностью, отличной от исходного объекта.

В общем виде процесс моделирования можно представить 4 этапами:

*Первый этап* построения модели подразумевает присутствие определенных знаний об объекте-оригинале. Познавательные способности модели обуславливаются этим, что модель отображает какие-либо существенные черты объекта-оригинала.

*Второй этап* характеризуется этим, что модель представляет, как самостоятельный объект изучения, когда одной из форм такого исследования считается осуществление «модельных» экспериментов. При этом изменяются требования использования модели и фиксируются приобретенные данные.

На *третьем этапе* исполняется перемещение знаний с модели на оригинал, исполняется корректировка знаний о модели с учетом свойств оригинала.

*Четвертый этап* – это фактический контроль получаемых с помощью моделей знаний и их применение для построения



обобщающей теории предмета, его преобразования или управления им [4].

Способы информационного моделирования были изобретены и в первый раз применены для построения прогнозов, связанных с научно-техническим прогрессом. В наше время эти способы все более и более используются при прогнозировании экономических процессов. Модель считается один с основных инструментов экономического прогнозирования, научного познания исследуемого процесса. Содержанием процесса моделирования считается конструирование модели на основе предварительного изучения объекта или процесса, выделения его существенных характеристик или признаков, теоретический и экспериментальный анализ модели, сопоставление итогов моделирования с фактическими сведениями об объекте или процессе, корректировка и уточнение модели. Система экономико-математических моделей экономического типа предназначается для описания относительно сложных процессов экономического или социального характера. Она предполагает собой систему формализованных соотношений, описывающих основные взаимосвязи элементов, образующих экономическую систему. Таким образом, под экономико-математической моделью подразумевается методика доведения до абсолютного, исчерпывающего описания процесса получения и обработки исходной информации и правил решения рассматриваемой задачи в достаточно широком классе определенных ситуации [5].

#### Список литературы

1. Максимов А.И., Методология научных исследований: учебное пособие [Электронный ресурс] – 18.10.2021. Режим доступа: <http://www.isc-ras.ru/sites/default/files/resourcessite/387/lecture2.pdf>.

2. Моделирование как метод исследования [Электронный ресурс] – 18.10.2021. Режим доступа: [https://studme.org/198764/pedagogika/modelirovanie\\_metod\\_issledovaniya](https://studme.org/198764/pedagogika/modelirovanie_metod_issledovaniya).

3. Моделирование как метод познания. Классификация и формы представления моделей [Электронный ресурс]. – 18.10.2021. Режим доступа: <https://www.altstu.ru/media/f/Tema-15-Modelirovanie.pdf>.

4. Моделирование как метод научных исследований [Электронный ресурс] – 18.10.2021. Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/modelirovanie-kak-metod-nauchnyh-issledovaniy/viewer>

5. Евразийский Союз Ученых [Электронный ресурс] – 18.10.2021.  
Режим доступа: <https://euroasia-science.ru/ekonomicheskie-nauki/nauchnye-issledovaniya-na-osnove-model/>

ӨӘЖ: 004.3

*Д. Ж. Өтепбай*

*Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті*

## **БҰЛТТЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

Бұлтты технологиялар – өркениет игіліктерінің бірі. Әлемнің әр екінші ғаламтор қолданушысы бұлтты технологияны деректерді сақтау және алмасу үшін қолданады, бірақ іс-жүзінде қалай және қаншалықты қауіпсіз екендігін көп адам біле бермейді.

Мысалға 1993 жылы Нью Йорк қаласында, Халықаралық сауда орталығына террористік шабуыл жасалған болатын. Террористердің жоспары бойынша ғимарат жарылып мыңдаған адамның көзі жойылу керек еді. Қуанышқа орай ғимарат жарылысқа шыдап орнында қалды. Теракт салдарынан 6 адам көз жұмып, мыңдаған адам жарақат алды. Сол жарылыс кезінде ғимарат ішінде 350 компания жұмыс жасап жатты. Жарылыстан кейін 150 компанияның бизнестері тоқтады. Себебі жарылыс салдарынан компаниялар серверлері біраз уақытқа тоқтап, жұмыс тоқтатылды. Дер кезінде ақпарат пен деректерге қол жеткізе алмаған компаниялар жұмысын тоқтатуға мәжбүр болды.

Бүгінде белсенді ғаламтор қолданушылары бір гаджетпен шектелмейді. Әр қайсысында смартфон және ноутбук немесе компьютер мен планшет бар. Кез-келген уақытта қандай да бір файл керек болған жағдайда, ал флеш-құрылғыларын немесе басқа да сақтау құрылғыларын алып жүргің келмеген кезде өте ыңғайлы. Дәл сондай жағдай жеке компьютерге қандай да бір ақпаратты, файлдарды, құжаттарды енгізу, өңдеу кезінде керек болады.

Бұлтты технологиялар – бұл компьютерлік программалар, есептегіш программалар, деректер, ақпараттар, құжаттар және т.б файлдарды нақты керек кезінде алу үшін өңделген деректер қоры.

Сондай-ақ виртуалды қоймаларға әлемнің кез-келген нүктесінен кіру мүмкіндігі. Ол үшін тек қана ғаламторға қосылу мүмкіндігі бар кез-келген құрылғы болса болғаны.

Қарапайым мысал электронды пошта секілді. Егер пошта қосымшасы компьютерге орнатылса, онда деректер компьютер жадысында сақталады. Егер қолданушы поштаны браузер арқылы қолданса, онда ол – бұлтты сервис.

Техникалық және де басқа да ақаулар кезінде сервиспен байланыс мүлдем жоғалады. Бұл оның басты кемшіліктерінің бірі болып саналады. Екінші кемшілік – ол тек қана ғаламтор желісімен ғана қолдана алуы. Артықшылығы әлдеқайда көп.

1. Виртуалды сервистер арқылы көптеген флеш-құрылғыларды қолданбайсыз. Флеш-құрылғыларда сақтауға болатын шектеулі орын болады, ол әрине әрдайым жетіспейді.

2. Лицензионды бағдарламалық қамтасыздандыруды сатып алудың қажеті жоқ.

3. Сервис бір мезгілде бір файлмен бірнеше жұмысшылардың жұмыс жасауына мүмкіндік береді.

4. Қолданушы қандай да бір ақпаратты кез-келген форматта сақтауына болады және сол ақпаратқа кез-келген құрылғы арқылы қол жеткізе алады. Арнайы құрылғыға тәуелділік жоқ.

5. Дәл осындай виртуалды сақтау қоймаларын қолдану арқылы, қатқыл дискте көп орын алмайды, компьютер жылдамдығын арттырады.

6. Виртуалды кеңселердің жұмысын әлдеқайда жеңілдетеді, шығындарды азайтады, қиын техникалық мәселелерді автоматты түрде шешеді.

7. Оларды әртүрлі платформаларда қолдануға болады.

Бұлтты технологиялар тарихы 1970 жылы американдық ғалым Джозеф Ликлайдер өз ойын айтқаннан басталды. Оның ойынша ғаламтордағы қолданушыларға ақпараттардан бөлек, программаларға қол жеткізуіне мүмкіндік жасау керек. Ұқсас ойды Джон Маккарти де ұсынған болатын, алайда бұл ойы жүзеге аса алмай 20 жыл уақытқа тоқтаған. 90-шы жылдарда ғаламтор желісінің өткізу қабілеті ұлғайды, бірақ профильді компаниялардың дайынсыздығынан жетістікке жете алмады. Уақыт өте келе бір фирма, қолданушыларға сайт арқылы бағдарламаларына қол жеткізуіне мүмкіндік берді. Сол фирма бірінші болып бағдарламалық қамтамасыздандыруға сервис ретінде кіруге мүмкіндік берді. 2002 жылы жаңа мүмкіндіктердің тиімділігін байқап, Amazon компаниясы қолданды. Оның веб-сервистері ақпараттарды сақтап және есептеу жүргізетін болған. 2006 жылы Amazon компаниясы қолданушыларға өзіндік бағдарламаларды қолдануға мүмкіндік берді. Келесі кезең болып Microsoft компаниясы ұсынған Google Apps платформасының іске қосылуы болып табылады. Техникалық даму,

бағдарламалық қамтамасыздандыру ашық код арқылы технологиялық шешімдердің ұлғаюына ықпал етті. Ресей мемлекетінде бұлтты технологиялар 2010 жылы пайда болды. Бастар алдында нарықтың жылдық көлемі:

- 15 млн. доллар – қоғамдық бұлттық жүйеде

- 5 млн. доллар – жеке бұлттық жүйеде

4 жылдан кейін бұл сандар 125 және 33 млн. доллар болып өзгерді.

Бұлтты жүйенің сұранысына қарай, баға тек қана өсуде.

Қазіргі таңда бұлтты жүйе нарық бағасы 1 млрд долларға жетті.

Түрлеріне тоқталып өтсек:

- Көпшілік. Бұл сервис түрі көптеген қолданушылар мен компанияларға қол жетімді. Қолданушылар бұлтты жүйені өзгертіп, басқара алмайды. Ол тек бұлтты жүйенің иесіне тиесілі.

- Жеке. Сервис бір ғана ұжымның басқарылуы мен қадағалануында. ИТ-инфрақұрылымы провайдер немесе тапсырушының меншігінде орналасқан.

- Гибридті. Бұл түрге жоғарыда айтылған 2 түрдің артықшылықтары тиесілі. Бұл сервис түрін, әдетте маусымдық белсенділігі бар ұжымдар қолданады. Өзіндік қуаты жетпегендіктен, арнайы бір уақытта сыртқы ресурстарды қолданады.

Бұлтты технологиялардың қолданылуы, қазірде бұлтты жүйе көптеген қызмет түрлерінде қолданысқа ие. Оның ішінде білім беру жүйесі, медицина, логистика, бизнес, банк саласы және т.б.

Қарапайым мысал ретінде алсақ ол – Google бұлттық технологиялық жүйесі. Google Drive орнатылғаннан кейін қолданушылар қандай да бір деректерін сақтау үшін қойма беріледі.

Google Doc және Word Online – документтермен жұмыс жасауға арналған толыққанды редакторлар.

Бұлтты технология білім беруде, компьютер мен жылдам интернет білім беру жүйесін, материалдың берілуін және басқа да тапсырмалардың шешілуін жетілдірді. Мысалы:

- Бұлтты жүйені пайдаланып қашықтан білім алу мүмкіндігі.

- Бірнеше оқушының немесе топтың ортақ бір проектпен айналыса алуы, ақпарат қоса алуы, өзгерте алуы, пікір қалдыра алуы.

- Электронды күнделіктер.

- Үйде білім алатын балаларға, үй жұмысының берілуі мен тексерілуі.

Медицинада, нақты әрі тез диагностика, дұрыс емдеу жолын таба білу, шынайы уақытта әріптестермен пікір алмасу. Бұл бұлтты жүйенің барлық мүмкіншіліктері емес.

Келешекте бұлтты технологиялар денсаулық сақтау бөлімінде жаңалық ашады деген үміт бар. Бұлтты жүйе арқылы науқас туралы ақпарат жинап, зертхана нәтижелерін диагностика жасайды. Қарапайым тілмен айтқанда науқастар әр ауруханада карта толтырмай, барлық ақпараттар бір жерде сақталатын болады.

Логистика саласындағы бұлтты жүйе жіберуші, қабылдаушы, тасымалдаушы, оператор сынды жұмыскерлерді бір тізімге біріктіреді. Сервис жол маршрутын бақылауға, бір-бірімен хабар алмасуға, қай жерде болмасын жедел түрде мәселелерді шешуге мүмкіншілік береді. Онлайн-сервистер де тендер алаңы, мердігер таңдау алаңы, қалған тауарға анализ жасап, тасымалдау ақпараттарын сақтау ретінде қолданылады.

Банктер саласында бұлтты жүйенің қолданылуы арқасында, қаржылық жұмыстарды автоматты түрде шешуге және жоғарыда айтылған есептерді аз шығынмен шығаруға тиімді.

Бизнес саласы жаңашылдыққа ашық және белсенді түрде жедел желі орталықтары мен виртуалды кеңселерді ашуда. Виртуалды кеңсе қызметкерлері белгілі бір жерге немесе компьютерге байлаулы емес, соның арқасында кеңсені жалға алуда немесе коммуналды қызметтерде ақша үнемделеді. Барлық дисктер, папкалар, программалар және басқа да деректер бұлтты жүйеде сақталады.

Мысал ретінде ғаламтор-дүкендерді айта кетсек болады. Ғаламтор-дүкендермен тағы да басқа сервистерге тұтынушылар тарапынан келген жүктемені көтере алмауда. Сонымен қатар жүктеме уақытын алдын ала болжау мүмкін емес. Жыл бойы маусымдық өзгеріс бола тұрып, кенеттен сұраныстың азаюы немесе көбеюі орын алып қалады. Оған қоса арнайы болып тұратын біркүндік акциялар мен жеңілдік күндері, оңайлықпен сайттың құлауына себеп болады. Мысалға 2018 жылы сайт жұмысы Walmart, Lululemon мен Ulta брендтерінде бұзылған. Ал J. Crew бренді 5 сағат тұрақсыздықтың салдарынан 775 мың доллар шығынға ұшырады.

Өзіндік орталықтарда үлкен жүктемелерді қабылдай алатын инфрақұрылым құру қиын әрі қымбат. Ол үшін сатылым күндері ұлғайған кездерге арнап, қосымша серверлер сатып алу керек. Ол серверлер тек сатылым күні күшейген кезде ғана жұмыс істейді, бірақ сервер қызметін жай күндері жасалуы керек, алайда оның өзі де шығын. Сонымен қатар, қосымша серверлер инфрақұрылымның құламауына кепілдік бере алмайды, өйткені алдын ала қай кезде қандай сатылым болатынын болжау білу керек, ал ол әр кезде бола бермейді.

Бұл мәселенің шешімі бұлтты жүйеде бар. Ол - автоматты ұлғаю. Бұлтты жүйелер тұтынушы тапсырыстарын бөлек-бөлек орталықтар

арасында бөледі. Сонымен қатар виртуалды ресурстардың қуатын провайдерлерден тұтынып, жүктеме күшіне қарай автоматты түрде ұлғайып, кемиді. Қарапайым тілмен айтқанда, жеңілдік күндері ғаламтор-дүкендер тоқтаусыз тапсырыс қабылдай береді. Жай күндері тұтынатын қуат күші азайып, компания тұтынбайтын қуат күші үшін артық шығын төлемейді.

Мысалы Lamoda ғаламтор-дүкенінде жеңілдіктер кезеңіндегі жүктеме, жай күндерге қарағанда 5 есе ұлғаяды. Data Insight агенттігінің санағы бойынша жай күндері Lamoda күніне 30 мыңға жуық тапсырыс қабылдайды. Компанияда бірқалыпты жұмыс күнін қамтамасыз ету үшін, қуат қоймасы керек екенін түсінді.

Қауіпсіздік, бұлтты жүйенің қауіпсіздігі – әр провайдердің ерекше назар аударатын тұсы. Кері жағдайда тұтынушыларынан айырылып қалады. ИТ – инфраструктурасы көптеген деректерді немесе жеке адамның ақпараттарын сақтау үшін қолданатындықтан, сенімді түрде қорғалу керек. ИТ-мамандары деректерді сақтайтын неғұрлым көптеген қиын сақтау әдістерін құрастырған сайын, соғұрлым жаңа кибершабуыл түрлері шығып жатыр.

Қауіпсіздік сервер түріне байланысты: виртуалды немесе белгіленген.

Виртуалды серверлер деректерді бір орта салада сақтайды. Жасырын кодты дұрыс термеген жағдайда, басқа адамдардың деректеріне түсіп қалу ықтималдығы бар.

Белгіленген серверлер одан да жақсы қорғалған және функционалды ортаны құруға мүмкіндік береді. Операциондық жүйе мен программалық қамтамасыздандыруды өз қалауымен таңдап, орнатуға мүмкіндік береді.

Сервер қызметшілері арнайы криптографиялық софт арқылы ақпараттарды шифрлайды. Деректерге тек пароль арқылы қол жеткізуге болады. Парольды қолданушының өзі ойлап табады.

Деректердің сақталу кепілдігі ретінде, әр күн сайын көшірім жасалады. Серверден компьютерге немесе керісінше жіберілетін каналдар, бұзып кіре алмас үшін бірнеше сенімді программалармен қорғалған.

Қорыта келе, бұлтты жүйелер – электронды құжаттармен заманауи және перспективалық тұрғыда жұмыс жасау мүмкіндігі. Шет елде және де біздің елімізде белсенді түрде дамуда.

Бұл мақалада бұлтты жүйе туралы жалпы түсінік туралы қарастырдық, оның артықшылықтары мен кемшіліктері туралы да қозғадық. Құжат жұмысы барысындаға қауіпсіздік, әр түрлі қорғау әдістерін қарастырдық.

Бұлтты жүйелер көптеген артықшылықтары арқасында құжаттармен жұмысты жеңілдетеді. Бұл өте ыңғайлы, тез әрі дұрыс жұмыс істейді, бірігіп жұмыс жасау мүмкіндігі және де кез-келген жерден және кез-келген құрылғы арқылы жұмыс істей аламыз.

Ұзақ мерзімді болжау бойынша, компаниялардың бұлтты жүйеге ауысуы, бәсекелестерін озып кетіп, нарық сұранысына тез орнығуына көмектеседі.

#### Қолданылған әдебиеттер

1. <https://qwizz.ru/облачные-технологии/>
2. <https://www.kaspersky.ru/resource-center/threats/what-is-cloud-security>
3. <https://mcs.mail.ru/blog/oblachnyj-rynok-v-2020-godu>
4. Explain the Cloud like I'm 10 кітабы – автор Тодд Хофф

ӘОЖ 35.378.61

*Ж. Халидолда, әскери ғылыми докторы, профессор*

*А. Т. Бердибеков, (PhD) философия докторы*

*Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы*

*Ұлттық қорғаныс университеті, Нұр-Сұлтан*

### **АЗАМАТЫМЫЗДЫҢ ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕСІ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ ҚАМТЫМАТСЫЗДАНДЫРУДЫҢ БІР БӨЛІГІ**

XXI жаһандану ғасырында дүниежүзілік үрдісте көшбастаушы деген кей елдер өз мәдениеті болып басқа негізгі шешуші факторларын басқа елдерге үстемдетіп ықпалдандыру саясатын жүргізуде. Әр ел бұл үрдіске өз бетінше қам-қарекет жасау үстінде. Бұл «Отан» деген киелі ұғымды түсіну әр адамның өз еліне деген сүйіспеншілігі, жауапкершілігінен бастау алады кешенді ұғым, бойға сіңген тән қасиеттің ең-ең жоғарғы көріністің қортындысы болып табылмақ. Бүгінде біздің санамызда Отан сүйгіштік пен патриотизм бір-бірімен егіз ұғымдар болып қалыптасты. Сондықтан ең әуелі Патриотизм ұғымына басты назар аудару лайықты.

Патриотизм - [грек, *patris* - отан, атамекен] - өзінің жеке және топтық мүдделерін жалпы елдің мүдделеріне бағындыратын, оған адал

қызмет етіп, өз Отанын қорғауды мақсат тұтатын, Атамекеніне деген терең сүйіспеншілік сезімі [1].

Ал әскери тәрбиелік патриоттық сезім жалпы тәрбиелікпен ұштасып іске асатын терең ұғым. Осыған байланысты жастар мен жасөспірімдер арасында экстремизм, терроризм болып басқа қайшы ұғымға әлектеушіліктің алдын алып оны бойға сіңіруге жол бермеу үшін Отанға деген құрмет пен өзара сыйластықты, патриоттық сезімдер мен жауапкершілікті насихаттауымыз және рухани тәрбие беруге бағытталған іс-шараларды көптеп ұйымдастырып нәтижелі бағыттау ауадай қажеттілікті талап етуде. Сонымен қоса, Отан алдында әскери борышын өтеуге дайын, болаттай денсаулығы бар, шынайы патриот жас ұрпақты тәрбиелеу және жастарымыздың бойында әскери-патриоттық тәрбие қалыптастыру, отансүйгіштікке баулуымыз ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жолдарының бірі.

Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның қоғамдық, мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, Республикамыздағы ұлттар мен ұлыстардың ешқайсысын ала алмай, бәрінің де толық дамуына нақты жағдайлар туғызып, көп этносты елдегі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету сияқты жүйелі іс шаралардың қосындысы «қазақстандық ерекшелік патриоттық қалыптасу» болып табылады. Ұлтына қарамастан Қазақстанда тұратын әрбір азамат Қазақстанды өз отаным деп түсінуі қажет. Қазақстан азаматы жүрегінде қазақстандық патриотизм сезімі, өз отанына деген перзенттік мақтанышымен тамырлануы патриоттықтың негізінің қалануын жетілдіру алғы мақсаттың бірі болады. Нағыз патриоттық сезім жан ұялық от басының тәлім тәрбиеден басталып қоғамдық жүйе арқылы қалыптасатын ұзақ, терең процесс. Азаматтардың биік отаншылдық сезімі бүгінге ғана емес, ертеңге, болашаққа сілтенетін жол куәсі.

Патриотизм отбасына, туып-өскен ортасына, топырағы мен табиғатына, еліне деген құрметтен бастау алады іс жүзіндегі ең терең ұғым. Патриотизмді дамытудың басты шарты, отандастар бір жұдырық болып жұмылып, бірлік пен татулықты сақтап, әр тектес миллиондаған отандастар бір-біріне байланып бірлікті сақтап жүргені нақтылы патриоттық, Отанға деген сүйіспеншілікке байланысты. Сол үшін ұлтымызды ұйыстырып, бірлігімізді сақтап тұрған патриотизм біз үшін өте маңызды, басты мәселе.

Бірақ патриотизм жасанды болмаған жағдайда ғана өз жемісін береді. Патриотизмнің объектісі, қайнар көзі Отан. Ал оның мазмұны табиғаты, оның байлықтары, жері, тарихы, тілі, т.б. Сондықтан біздегі патриотизмде ұлттық мазмұн болуы шарт. Ол өз тарихын біліп, қазақ тарихын өз тарихы ретінде тануы және қабылдауы басқа ұлттың



түсніктікпен бейімделетін көрініс. Себебі өзге диаспоралардың солай қабылдауы қалыпты жағдай жәнeде «Отан» болған жер үшін, өмір сүрулеріне жасалған жағдай үшін құрмет көрсетуі азаматтық парызы болмақ. Патриотизмді халықтың табиғатына жақын, өмір сүру салтымен ұштастырғанда ғана ол сіңімді әрі әсері мол болады. Халқымыздың ғасырлардан бергі тарихы, қалыптасқан салт-санасы бар, патриотизм сонымен үйлескенде ғана Қазақстан жетістікке жетеді. Ата-бабаларымыз Отанды қорғауда жанын-тәнін аямай, патриотизмнің керемет үлгісін көрсетете білді. Ол ұлттық табиғи, ұлттық тәрбиеден берілген табиғи, ұлттық патриотизм. Қазақ елінің тарихын насихаттап, өскелең ұрпақты ұлтжанды етіп тәрбиелейтін, әрқашан мемлекеттік мүддені көздеп, мемлекеттік тәуелсіздігіміздің мәңгі баянды болуын насихаттау жолында болуымыз шарт [4].

Елбасы Н. Назарбаевтың: «Әрбір адам біздің мемлекетімізге, оның бай да даңқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс-қимыл жүйесін талдап жасауы қажет. Елдің проблемалары да, келешегі де барлық адамға жақын әрі түсінікті болуы тиіс. Әрбір адам бала кезінен Қазақстан – менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей істеген жөн», – деуі патриотизмге баулудың жарқын үлгісі іспетті. Қазақстандық патриотизмнің анықтамасы да осынау парасатты ойдан бастау алатындай [2].

Ұрпағын өз халқының патриоты етіп тәрбиелеу қай халықтың болса да тәрбиелеу жүйесінің негізгі талаптарының бірі. Ал біздің халқымызда бұл талап әрдайым жоғары болған. Ата-бабаларымыз кең далада өмір сүрген де, сондықтан оларға «Атамекен, туған жер» ұғымы - әрдайым қастерлі де қасиетті ұғым болып жалғасып келеді.

Бізде ата-бабамыздан жалғасып келе жатқан патриоттық ұлттық сезім рухымызда, оны асқақтату әр азаматқа тән қасиет. Сондықтан ендігі маңызды мәселе патриоттық сезімді ұлттық сипатта насихаттау, ұлттың табиғатына, мәдениетіне, болмысына жақын табиғи болғаны өміршең болмақ. Бұл тәсіл халықтың жүрегіне жақын, ақылға қонымды болып келеді. Мемлекеттік саясаты сол ұлттың өкілі екеніне мақтан тұтатындай сезім қалыптастыруға бағыталуы әлемдік озық тәжірибеге сәйкеседі. Халықтың санасына «Ұлы дала елі», «Ұлы Қазақстан», «Мәңгілік елі» деген терминдерді бұқаралық ақпарат құралдарында қолданып, халықтың санасына қалыптастыру патриотизмі жетілдірудегі мемлекет саясатының арқауы болмақ. Ұлттардың ұлттық ерекшеліктерін мемлекеттік ұлттық патриоттық саясатпен ұштастырып ары қарай жетілдіру өмірге тән.

Дамуға ұмтылған елдердің бәрі де ұлттық патриотизмді дамыту арқылы жетістікке жеткенін тиек етсек артық болмас. Ұлттық патриотизмсіз ешқандай ел жетістікке жете алмайды. Сондықтан патриотизм дегенде өз тамырынан, тарихынан бастау алған патриотизмді айтуымыз керек [3].

Тарихтың тәлкегінде қазақ халқы Отан үшін не көрмеді, елін, жерін қорғау үшін кескілескен соғыстарда болды, қорлық пен зорлықтың сан түрін бастан кешірді. Тәуелсіздікті аңсаумен қаншама адам өмірден өтті. Сонша ғасырлар бойғы ата-бабамыздың арманы болған тәуелсіз Отанды қорғай алмасақ не болмақ, халқы алдындағы перзенттік парызымыз қайда кетпек. Қазақ халқы тарихта ешқандай елге зәбірін тигізбеді, тек ұстанған саясаты тәуелсіздікті, егемендік еркіндікті қорғау ғана болды.

Осыларды ескере келе халқымыздың сезім-сеніміне ұлттық патриотизмді сіңіруде қандай саясат ұстауы, мемлекеттік саясатың тірегі болған ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің орны бөлек екенін ескере алға басу басты мақсатымыз. Сондықтан патриоттық тәрбиені ең әуелі жанұяда, одан балабақшада, мектептерде, жоғарғы оқу орындарында, қоғамдық әрсалада қалыптастыруды мемлекеттік саясат болдырған жөнді.

Сонымен қатар төменгілер талап етілуі мүмкін:

- білім беруде ұлтына, тіліне қарамастан білімнің қай саласы болмасын міндетті түрде мемлекеттік тілді, әлемдік дейгейдегі тілдерді қатар үйрету, Отаны Қазақстанға сүйіспеншілігін арттыру және оны қорғауда бір жұдырық болатындай бірлігін арттыруды көздеу;

- Отан үшін құрбан болған тұлғалардың ерлігін ұлттына қарамай еске алу, патриоттық шараларға жастарды сонымен қатар өзге диаспора жастарын көптеп тартып тарихи тұлғаларды көптеп таныту, Отанды қорғау жолындағы даңқты жеңістерімізді, батырларымызды әспеттеп, жастарға үлгі етіп, санасына сіңіру, қазіргі таңдағы Отан үшін жасалған барлық ерліктерді ұлықтап отыру, Отан қорғау әр адамның абройлы міндеті екенін нақтылы түсіндіріп, соған деген ынталықты тудыру;

- Адамның табиғаты ақпаратты қабылдап, сол ақпарат бойынша әрекет етуге бейім екендігіне сәйкес ақпарат құралдарын тиімді пайдаланып патриоттық сезімін жетілдіру арқылы негізгі ұлттық патриотизмді насихаттау;

- Сонымен қатар Әскерилер билікті ғана қорғайтын құрал емес халықты, мемлекетті қорғайтын күштік құрылым екенін насихатап, оған халықтың сүйіспеншілігін оятып, әскериге құрмет көрсетіп, әскерилер осы міндеті атқару жолын мақтанышты деңгейге алып жүруі қадірменді міндет екендігіне баулуы;

- Тәуелсіздік, Отан ұғымдарын түсіндіретін, насихаттайтын материалдарды көптеп шығару, халықтың санасын оятатын, патриотизмге баулитын ақпарат, материалдарды барлық тиімді жолдармен тарату;

- Отанды тек қарумен ғана емес ақылмен білімділікпен де қорғау жағын насихаттауымыз керек. Ол үшін дарынды, талантты жастарды патриотизмге баулып, мемлекеттік қолдауға алу;

Сондықтан Әскердегі жастарды «Қазақстандық патриотизм» жан ұядан бастау алу арқылы Отан, туған жер, ел, атамекен, мемлекет, туған өлке, халқы туралы түсініктер оқутәрбие үрдісінде, сабақтан тыс ісшараларда Отансүйгіштік сезімді дамыту, ұлттық салт дәстүрді сақтау, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, ана тілін қадірлеу сияқты сезімдерді қалыптастыру жүзеге асырылады. Бұл ұғымның педагогикалық жүгіне келер болсақ, ол болашақ Қазақстан азаматтарын тәрбиелеумен тығыз байланысты. Қазақстандық патриоттық тәрбие бүгінгі өмірден оқшауланбайды, қайта жаңа өмірмен қауышып ұлттық тәрбиеге жаңа мән берумен жағасады. Ұлттық тәрбие дегеніміз ол оқшаулану емес, керісінше ұлттық тәрбие үлгілерімен әлемдік идеяларды қабылдап, ненің тозық, ненің озық екенін тани білу, өрісі, дүнитанымы кең азаматтарды, отан қорғаушыларды тәрбиелеуге мүмкіндік беріледі.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Уикипедия – ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет [akorda.kz/ru/official\\_documents/the\\_constitution/the\\_constitution](http://akorda.kz/ru/official_documents/the_constitution/the_constitution)

2. Проект государственной программы по патриотическому воспитанию граждан Республики Казахстан на 2006-2008 годы.

3. Абдығалиев Б. Новые приоритеты национальной политики Казахстана // Свободное общество. - Астана - Март. - №1 (1). - С. 69.

---

## Секция 4. ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІ: ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ МОДЕРНИЗАЦИЯ ЖӘНЕ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

---

ӘОЖ 37.017

*А. М. Абдулова*

*Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті*

### **КӘСІПОРЫННЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ: МӘНІ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ**

Қазіргі экономикалық жағдайда бәсекеге қабілеттілікті арттыру мәселесі әлемдік экономиканың барлық салаларының кәсіпорындары үшін өзекті болып табылады.

Бүгінгі таңда өз жұмысының тиімді нәтижелеріне қол жеткізу үшін кәсіпорындар үнемі өзгеріп отыратын жағдайларға бейімделуі керек, бұл өз кезегінде кәсіпорынды дамытудың инновациялық тұжырымдамаларын әзірлеуді және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруды талап етеді. Осы тұжырымдамаларды әзірлеу үшін бәсекеге қабілеттіліктің экономикалық санатын, оның ерекшеліктері мен белгілерін мұқият зерделеу қажет. Тауарлар мен қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің күрделі тетігі туралы қажетті теориялық және практикалық білімнің болмауы көбінесе бағаны белгілеу кезінде елеулі қателіктерге әкеледі, бұл кейбір жағдайларда айтарлықтай шығындарға, кейде кәсіпорындардың банкроттығына әкеледі.

Бәсекелес фирмалардың болуы экономикада бәсекелестік сияқты құбылысты тудырады. Автор Г.Л. Азоевтың пікірінше экономикалық тұрғыдан алғанда, бәсекелестік - бұл өзара әрекеттесудің экономикалық процесі, өнім сатудағы өндірушілер мен жеткізушілердің күресі арасындағы қарым-қатынас, жекелеген өндірушілер немесе жеткізушілер арасындағы тауарлар мен қызметтер өндірістің ең қолайлы жағдайлары үшін бәсекелестігі. Осылайша, бәсекелестік бір мақсатқа жетуге мүдделі жеке адамдар мен экономикалық бірліктер арасындағы бәсекелестік ретінде анықталуы мүмкін [1].

Елдің ұлылығы оның аумағының көлемімен, табиғи ресурстарының байлығымен, әскерінің қуаттылығымен ғана емес, сонымен бірге өндірілген тауарлар мен қызметтердің бәсекеге

қабілеттілігімен де анықталады. Бұл категориялар өмір сапасының негізі – ұлттың қадір-қасиетінің өлшемдері болып табылады.

Микроэкономикалық тұрғыдан алғанда, бәсекелестікте жеңіске жету кез келген фирманың түпкі мақсаты болып табылады. Оның үстіне, жеңіс бір реттік емес, кездейсоқ емес, компанияның тұрақты және сауатты күш-жігерінің табиғи нәтижесі. Оған қол жеткізілді ме, жоқ па, бұл фирманың тауарлары мен қызметтерінің бәсекеге қабілеттілігіне, яғни олардың әріптестерімен – басқа фирмалардың өнімдерімен және қызметтерімен салыстырғанда қаншалықты жақсырақ болуына байланысты. Нарықтық экономиканың бұл категориясының мәні неде? Бұл өте көп қырлы ұғым, ол тауардың нарықтық жағдайға, тұтынушылардың нақты талаптарына өзінің сапасы, техникалық, экономикалық, эстетикалық сипаттамалары бойынша ғана емес, сонымен қатар оны жүзеге асырудың коммерциялық шарттары жағынан да сәйкес келетінін білдіреді.

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі бәсекеге қабілеттілік теориясында шешуші орын алады, осыған байланысты осы тұжырымдаманың көптеген түсіндірмелері бар.

Өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің құрамдас бөліктеріне сүйене отырып, бірқатар авторлар кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін тұтынушының нақты талаптарын қажетті мөлшерде, қажетті мерзімде және ең қолайлы жағдайларда (сервистік қызмет көрсету, тауардың бағасы, жеткізілімнің негізгі шарттары, төлемді кейінге қалдыру мүмкіндігі, жеңілдіктер және т. б.) қанағаттандыратын өнімді ұсыну мүмкіндігі ретінде тұжырымдайды. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін зерттей отырып, экономистер П. С. Завьялов, О. С. Олейник бәсекеге қабілетті нарықта тиімді өндірістік және экономикалық қызмет пен оны практикалық тиімді іске асыру мүмкіндігіне назар аударады.

Қаржылық, өндірістік және еңбек әлеуетін тиімді пайдалану мүмкіндігі кәсіпорынның сәтті жұмысының жалпылама сипаттамасы болып табылады [2].

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін анықтауға факторлық тәсіл де дамуда. Сонымен, И. Н. Герчикова, Н. К. Моисеева, Ю. Г. Анискин кәсіпорынның (фирманың) бәсекеге қабілеттілігі оның салалық нарықтағы (ұлттық немесе әлемдік) жағдайын анықтайтын экономикалық сипаттамалардың үлкен жиынтығын қамтитынын атап өтті. Бұл кешен тауардың сипаттамаларын, сондай-ақ кәсіпорынның (фирманың) тауарларын өндіру мен өткізудің жалпы экономикалық жағдайларын айқындайтын факторларды қамтуы мүмкін [3].

Осылайша, бәсекелестік позициялар кәсіпорын табысының негізгі факторларын көрсетеді: қаржылық жағдайы, тауарлардың ассортименті,

олардың сапасы, өзіндік құны, рентабельділігі, коммерциялық жағдайлары, өткізу желісін ұйымдастыру және өнімге техникалық қызмет көрсету, кәсіпорынның беделі (имиджі), конъюнктураның нарықтағы жағдайына даму үрдістерінің әсері, кадр саясаты мен кадрлық құрам, прогрессивті технологиялардың болуы немесе болмауы, мемлекет тарапынан қолдау.

А. Г. Мокроносов [4] кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін бағалауға өзінің негізгі әдістемелік ережелерін ұсынады, олар мынадай қағидаттарда қамтылған: жүйелілік; үздіксіздік; кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің өсуіне әрбір фактордың әсерін кешенді бағалау қағидаты; функционалдық басқару бағытының принципі; өндіріс ерекшелігін есепке алу принципі; көрсеткіштердің иерархиялық принципі; бағалау көрсеткіштерін есептеуді ақпараттық қамтамасыз ету принципі; көрсеткіштердің салыстырмалылығын қамтамасыз ету принципі.

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін зерттеудегі жүйелілік принципі талданатын категорияның өзінен туындайды. Бәсекеге қабілеттілік деңгейін бағалау және тиісті ұсынымдарды әзірлеу үшін негіз интерфакторлық қатынастарды және одан туындайтын синергетикалық әсерді ескере отырып, кәсіпорынның сыртқы және ішкі ортасы факторларының әсерін жүйелі талдау нәтижелері болуы мүмкін. Алғы шарт - бұл әсер етудің екі жақты сипатын ескере отырып, факторлардың әсерін зерттеу. Бір жағынан, шаруашылық жүргізуші субъектінің бәсекеге қабілеттілігінің жоғары деңгейінің объективті алғы шарты кәсіпорынды өндірістік ресурстармен қамтамасыз ету болып табылады: табиғи ресурстар, негізгі және айналым капиталы, еңбек ресурстары және т.б. Екінші жағынан, бұл ресурстарды пайдалану тиімділігі.

Жүйелілік принципі. Бұл принцип жүйенің тұжырымдамасына негізделеді, оның әр элементінің мінез-құлқы тұтас мінез-құлыққа әсер етеді. Мұндай тұтас мінез-құлық-бұл бәсекелестіктің сыртқы және ішкі жағдайларының кешенінің өзара әрекеттесуі нәтижесінде көрінетін кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілік факторларының жүйесі. Кейбір жағдайларда белгілі бір фактор шешуші мәнге ие болуы мүмкін, бірақ бұл барлық басқа факторлар мен параметрлердің белгілі бір үйлесімінде ғана болады. Сондықтан кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттыру процесі сияқты күрделі құбылысты бағалау үшін осы процестің әртүрлі аспектілерін сипаттайтын көрсеткіштер жүйеге енгізілуі керек.

Үздіксіздік принципі. Зерттеу объектісі немесе оны қоршаған бәсекелестік орта туралы жаңа деректердің түсуіне қарай көрсеткіштерді ықтимал түзетуді ескереді. Сонымен қатар, мұндай

түзету дискретті болуы керек және оның қажеттілігі әзірленген көрсеткіштер жүйесін практикалық қолдану нәтижелері бойынша ғана белгіленуі мүмкін. Үздіксіздік қағидаты зерттеу объектісі туралы жаңа деректердің түсуіне қарай қандай да бір көрсеткіштердің ықтимал түзетілуін есепке алуды көрсетеді (қажеттілік әзірленетін көрсеткіштер жүйесін іс жүзінде пайдалану нәтижелері бойынша ғана белгіленуі мүмкін).

Факторларды кешенді бағалау принципі. Жүйенің әрбір көрсеткіші фактордың немесе факторлар тобының қарастырылып отырған процеске әсерін сандық бағалау болғандықтан, бір-бірімен логикалық байланысқан және бірін-бірі толықтыратын көрсеткіштердің бүкіл жүйесі кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің өсуін анықтайтын факторлар жиынтығына сәйкес құрылуы керек. Бұл аталған индикаторлардың дамуы зерттелетін процестің дамуын анықтайтын факторлардың бүкіл кешенін зерттеуден бұрын болуы керек дегенді білдіреді.

Функционалды басқару бағыты принципі. Әзірленген көрсеткіштер жүйесін құрудың мақсаты Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттыру процесін басқару болып табылатындығына байланысты, мұндай жүйеде әр түрлі басқару функцияларымен байланысты көрсеткіштер болуы керек: жоспарлау, ұйымдастыру, есепке алу және бақылау, ынталандыру және ынталандыру, үйлестіру және реттеу.

Өндіріс ерекшелігін есепке алу принципі. Әзірленетін жүйе өндірістің өзіндік салалық ерекшеліктерін көрсететін және олардың кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігіне әсерін ескеретін көрсеткіштерді қамтуға тиіс.

Көрсеткіштердің иерархиялық принципі. Қарастырылып отырған жүйені толтыратын көрсеткіштер маңыздылығына қарай реттелген болуы керек. Зерттелетін процестің жетекші буындарын таңдау кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі бағыттарының барынша толық, мүмкіндігінше интегралды сипаттамасын қамтамасыз ететін жиынтық, жалпылама көрсеткіштермен ықпал ету керек. Жүйенің жеке көрсеткіштері зерттелетін процеске кәсіпорын қызметінің ерекше белгілерінің әсерін ескере отырып, жалпы көріністі толықтыруға арналған.

Ақпараттық қамтамасыз ету принципі. Құрылатын жүйеде есептің және статистикалық есептіліктің қолданыстағы нысандарындағы ақпаратпен есеп айырысу қамтамасыз етілуі мүмкін көрсеткіштер болуға тиіс. Сондай-ақ, олар қабылдаудың толықтығы, сенімділігі, дәлдігі және уақтылығына ие болуы керек.

Салыстыруды қамтамасыз ету принципі. Жүйені құру олардың көлемдік сипаттамалары, бағалау мерзімдері, ақпарат алу әдістері, өлшем бірліктері және есептеу тәсілдері бойынша көрсеткіштердің салыстырмалылық шарттарының сақталуын ескере отырып жүргізілуі тиіс.

Өндірушілерге бәсекелестік артықшылықтар беретін жалпы принциптер:

1. Барлық және әр қызметкердің іс-әрекетке бағытталуы.
2. Әрекеттерді соңына дейін жеткізу.
3. Кәсіпорынның клиентке жақындығын жеңілдететін, оның клиенттері арасында кері байланыс орнату.
4. Кәсіпорында еркін және шығармашылық атмосфера құру.
5. Жұмысқа деген ықылас пен олардың қабілеттерін тиімді пайдалану арқылы өнімділіктің өсуі.
6. Өз орнында берік тұра білу.
7. Ұйымдастырудың қарапайымдылығы, басқару деңгейлері мен кеңсе қызметкерлерінің минимумы.
8. Ең маңызды мәселелерді қатаң бақылауда ұстай білу және бағыныштыларға маңызды емес мәселелерді беру [5].

Осы мәселелерді өзара байланысты шешу және жоғарыда аталған қағидаттарды пайдалану кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз етеді.

Тұжырымдалған принциптерді ескере отырып, кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін зерттеудің жалпы схемасы келесі кезеңдерден тұруы керек [6]:

1. Кәсіпорынның сыртқы және ішкі ортасының әсер етуші факторларын анықтау, сонымен қатар олардың маңыздылығын бағалау факторлары.
2. Факторларды топтастыру, олардың топ ішілік және топ аралық байланыстарын талдау.
3. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілік деңгейіне зерттеу үшін таңдалған факторлардың (немесе факторлар топтарының) әсерін бағалау және осы деңгейді сандық анықтау.
4. Сыртқы және ішкі орта жағдайларының өзгеруі әсерінен модельге кіретін факторлардың өзгерістерін болжау.
5. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілік деңгейін болжау.
6. Бәсекеге қабілеттілікті арттыру жолдары мен әдістерін анықтау.
7. Анықталған резервтерді іске асыру бойынша шаралар кешенін әзірлеу.
8. Әлеуетті шығындарды ескере отырып, әзірленген шараларды жүзеге асыруға байланысты тікелей және жанама шығындарды бағалау.



9. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттыру шараларының тиімділігінің критерийін таңдау.

10. Әзірленген шаралардың тиімділігін анықтау және реттеуші шаралардың оңтайлы кешенін таңдау.

11. Тиісті басқару шешімдерін қабылдау.

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін зерттеу мен бағалаудың әзірленген принциптерін жүзеге асыру факторлық-функционалдық тәсілді қолдануға негізделуі керек. Осыған сәйкес әрбір жеке фактордың және олардың топтарының әрекеті, интерфакторлық қатынастарды ескере отырып, сәйкес функциялар арқылы жүзеге асырылады, олар әрбір нақты уақыт кезеңінде кәсіпорынның ішкі және сыртқы ортасының жағдайларына байланысты, түпкілікті нәтижеге жету тұрғысынан пайдалы, зиянды, бейтарап немесе қажетсіз болуы мүмкін.

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің ішкі жүйелеріне фактордың әсер ету сипатына байланысты оның әрекеті бірнеше функцияларды қолдану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Мәселен, мысалы, шикізат пен материалдардың сапасын арттыру кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігіне екі жақты әсер етеді: бір уақытта өнімнің өзіндік құны осындай ресурстарға бағаның сәйкес өсуіне байланысты өседі, бірақ оның тұтынушылық қасиеттері айтарлықтай жақсаруы мүмкін, бұл өткізу нарығының кеңеюіне, сату бағасының өсуіне және соңында - пайда массасын және бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыруға ықпал етеді. Факторлық-функционалдық талдаудың схемалық диаграммасы талданатын фактордың әсер ету дәрежесін ғана емес, сонымен бірге тиісті басқару әрекеттерінің тиімділігін де бағалау мүмкіндігін болжайды.

Сонымен, басқарушылық әрекеттердің тиімділігін нәтиженің осы факторды реттеуге байланысты шығындарға қатынасымен сипаттауға болады.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Азоев Г. Л. Конкуренция: анализ, стратегия и практика. – М.: Центр экономики и маркетинга, 1996. – 208 с.

2. Завьялов П. С. Конкурентоспособность и маркетинг // Российский экономический журнал. – 1995. – №12. – С.50–55.

3. Моисеев Н. К., Анискин Ю. П. Современное предприятие: конкурентоспособность, маркетинг, обновление. – М.: Внешторгиздат, 1993. – Т.1. – 222 с., – Т.2. – 304 с.

4. Мокроносов А. Г. Конкуренция и конкурентоспособность: уч. пособие / А. Г. Мокроносов, И. Н. Маврина. – Екатеринбург: Изд-во Урал.ун-та, 2014. – 194 с.

5. Касьянова В. Е. Функции и инструменты развития специальной инфраструктуры сферы образовательных услуг: дис. ... канд. экон. наук: 08.00.05 / Адыгейский государственный университет. – Краснодар, 2013.

6. Философова Т. Г. Конкуренция и конкурентоспособность: уч. пособие для студентов вузов [Текст] / Т.Г. Философова. - М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2007. - 271 с.

ӘОЖ 37.017

*С. К. Байжанова*

*Ж. Т. Жакаев, күндізгі оқу факультетінің 3 курс курсанты  
